- мүгедек студенттерді университеттің қоғамдық өміріне барынша тартудың басты формасы ретінде, әлеуметтік оңалту, оның ішінде мәдени, тұрмыстық, спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары арқылы олардың студенттік өмірге бейімделулеріне көмек көрсету;

- университетте студенттің денсаулық мүмкіндігінің әлеуметтік паспортын енгізіп, оңалту мәселелері бойынша кеңес беру және ақпараттандыру;

- мүгедек студенттердің қызығушылықтарын жүзеге асыруға университетте мүмкіндіктер жасау. (университеттің спорт секциялары, музыкалық, ән-би үйірмелері, тоқу, киім тігу, сурет салу үйірмелері, жас ақын, жазушылар клубы) т.б.

- университет қабырғасында мүмкіндігі шектулі студенттер үшін қолжетімді ортаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді анықтау бойынша институттармен тікелей байланыс орнату;

- мүгедек студенттердің сапалы білім алуларына әлеуметтік қолдау және сүйемелдеу мақсатында көмек көрсететін волонтерлік қызметтерді ұйымдастыру;

- оқу төлем ақыларына жеңілдіктер қарастыру;

- еліміздегі және халықаралық студенттік ұйымдармен мүгедек студенттердің мәселелері бойынша ынтымақты қарым-қатынас орнату;

- Алматы қаласының әкімшілігі, «Нұр Отан» партиясының Алматы қаласы бойынша филиалы, түрлі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, қайырымдылық қорлармен ЖОО инклюзивті білім беру мәселесі бойынша ынтымақтастық байланыс орнату жұмыстарын үйлестіріп отырады.

Оқу-әдістемелік бөлімінің сүйемелдеу қызметтері:

- мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқытудың кешенді әдістемелерін, жеке білім беру бағдарламаларын дайындау;

- оқу үрдісін әдістемелік сүйемелдейтін кредиттік модульдер банкісін құру;

- мүмкіндігі шектеулі студенттердің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай оқу-әдістемелік материалдарды бейімді құру (аудио-, видео-, тактильді және электронды қамтамасыз ету);

- кеңес беру, ақпараттандыру.

Институттардағы сүйемелдеу қызметтері:

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

- профессор-оқытушылар ұжымын және бірге оқитын студенттерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен таныстырып, мүгедек студенттер үшін өзара игілікке бағытталған қарым-қатынас ортасын қалыптастыру;

- университет әкімшілігімен бірге мүгедектігі бар студенттердің жеке және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оңтайлы жеке білім траекторияларын әзірлеуге жәрдемдесу;

- қашықтықтан оқыту түрі мен құралдарын жетілдіру;

- академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша Қазақстандағы және алыс-жақын шетелдік жоғары оқу орындарына мүмкіндіктері шектеулі студенттер мен магистранттарды жіберу, қабылдау жұмыстарын қамтиды.

Оқу басқармасы және тіркеу басқармасының сүйемелдеу қызметтері:

- ақпараттық интернет-ресурсын құру;

- білім беру процесін ұйымдастыру және әлеуметтік жағдайлар бойынша оларға арналған мүмкіндіктер туралы ақпараттандыру;

- мүмкіндігі шектеулі студенттердің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай емтихан тапсырудың жеңілдетілген әдістерін қолдану;

- жедел хабарламалар;

- тиімді ресурстар мен міндеттерді бөлу;

- синхронды аударма жүргізуге мүмкіндік беретін аудио және сурдоаударма техникалар;

- бағдарламалық, оның ішінде экрандық қол жетімді бағдарламалармен қамтамасыз ету.

Кітапхананың сүйемелдеу қызметіне:

- мүгедек-студенттердің кітап қорларын пайдалану мүмкіндігін шектеусіз қамтамасыз ету;

- әдебиеттерді таңдауға, ауызша кеңес беруге, каталогтар мен картотекаларды ұсыну барысында жоғары мәдени көмек көрсету;

- оқырман-студенттің кітапханада жұмыс жасауына барынша жағдай жасап, қарастыру және олардың сұранысын зерттей отырып, барынша толық қанағаттандыру;

- өздігінен білімін жетілдіруге, кітапқа деген құштарлығын оятуға, библиографиялық білімнің негіздері бойынша әңгіме сабақтар жүргізу арқылы сауатын ашуға талпындыру;

- компьютерлендіруді, алдыңғы технологияларды енгізе отырып, ақпараттық қызмет көрсетуді жетілдіру;

- электронды техникасы бар кітапханалардың электронды каталогтық мәліметтерін және басқа да ақпараттық қызметтерін пайдалануға, ақпарат көздерін іздеуге және таңдауға кеңес беру;
- мүмкіндігі шектеулі студенттердің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай оқулықтарды бейімді құру (аудио-, видео-, тактильді және электронды қамтамасыз ету);
- даму мүмкіндігі шектеулі оқырмандарға арналған түрлі кітапханалармен ынтымақтастық орнату.

Ғылым басқармасының сүйемелдеу қызметіне:

- ҚР Тұңғыш Президенті қорының және ҚР білім берудің Корпоративтік қорының жыл сайын өткізіліп отыратын байқауына ДМШ студенттердің қатысуына қолдау көрсету;
- студенттік ғылыми конференцияларға мүгедек-студенттерді мейлінше көбірек тарту;
- институттар мен жалпыуниверситеттік кафедралардағы ғылыми үйірме жұмыстарына ДМШ студенттерді қатыстырып отыру;
- халықаралық, республикалық, ЖОО-аралық және ЖОО-ішілік деңгейдегі түрлі байқаулар, олимпиадалар, студенттік конференциялар, дөңгелек үстелдерге және тағы басқаларға мүмкіндігі шектеулі студенттердің қатысуын жоспарлау жұмыстарымен айналысады.

Халықаралық ынтымақтастық басқармасының сүйемелдеу қызметіне:

- қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының қол жетімді жоғарғы білім саласындағы тәжірибелерін сараптау, шоғырландыру;
- шетелдік жоғары оқу орындарының әлеуметтік-педагогикалық қолдау тәжірибелерін тарату.

Жұмыспен қамтамасыз ету бөлімінің сүйемелдеу қызметі:

- еңбек нарығының жағдайы мен ерекшеліктері жайлы оқу бітірушілерге ұсынылатын жұмыс орнында қойылатын талаптар туралы ақпараттарды жинау, қорытындылау сараптау және ДМШ студенттерге тарату;
- тиісті мамандықтар бойынша жұмыс берушілер ұсынатын бос жұмыс орындары туралы мәліметтер банкі қалыптастыру;
- ДМШ студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндігін мейлінше толық қамтамасыз ету мақсатында оқу бітірушілердің бәсекелестікке қабілетінің және олардың ақпараттандырылуының деңгейін жоғарылату;
- ұйымдастыру шараларын (бос орындар жәрмеңкесін жұмыс беруші кәсіпорындары мен ұйымдардың презентациясы, т.с.с.) өткізу;
- жұмыспен қамтамасыз етуді басты назарға алу, мүгедек студенттердің өндірістік практикадан өтулеріне ұйымдастырушылық қолдау көрсету;
- жұмысқа орналастыру үшін қажетті құжаттарды дайындауда әкімшілік, психолог, педагогтармен және т.б. қызметкерлерімен бірлесіп қарым-қатынас жасау.

Жұмыспен қамтамасыз ету бөлімі сол аймақтағы бос жұмыс орны туралы мәліметтермен хабардар болып, барлық жұмыс беруші мүдделі жақтармен диалог, келісім-шарт негізінде мәселені шешуге мүмкіндік береді. Мұндай дұрыс жолға қойылған жүйенің нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі адамның тең білім алу мүмкіндігі мен әрі қарай жұмысқа тұру мүмкіндігі артады. Мекеме, кәсіпорындар алдына жұмыспен қамтамасыз ету міндеттері қойылады.

Превентивті суицидология және ЖОО арналған инклюзивті білім берудің Ресурстық кеңес беру орталығының сүйемелдеу-үйлестірушілік қызметі:

- мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс жүргізіп жатқан орталықтарға қолдау көрсету мақсатында республикалық ғылыми-практикалық семинарлар өткізу;
- ДМШ студенттерді оқыту және әлеуметтендіру бойынша тәжірибе алмасу;
- республикадағы жоғары оқу орындардың әлеуметтік-педагогикалық қолдау тәжірибелерін тарату;
- орталық қызметін ұйымдастыру тақырыбы бойынша республикалық және халықаралық конференциялар, семинарлар, "дөңгелек үстелдер", көрмелер және өзге де іс-шаралар және өткізу;
- еліміздің жоғары оқу орындарында бар мүгедек-студенттерді қолдау-бейімдеу орталықтарымен желілік өзара іс-қимылдар;
- мүгедектігі бар студенттердің кедергісіз қолжетімді сапалы білім алу жолдарын қарастырудағы мемлекеттің әлеуметтік және білім беру саясатының өзекті мәселесі ретінде еліміздің жоғары оқу орындарының, жергілікті, аймақтық білім басқару органдарының және мүмкіндігі шектеулі адамдармен байланысты қоғамдық ұйымдармен бірге ынтымақтастық орнату болып табылады.

Мүгедек студенттер мен мүмкіндігі шектеулі мүгедек студенттерді сүйемелдеу – мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы ҚР 2015 жылғы 20 ақпандағы №288-V ҚРЗ. Заңына, ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V Заңына сәйкес қарастырылған. Сонымен бірге, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың нормативтік актілерінде, Жарғысында, инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасында, 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында, жоғары оқу орнының педагогикалық процесс мақсаттарына, құрылуына, мазмұнына және әдістеріне байланысты анықталып, көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Концепция по вхождению Казахстана в число 30-ти самых развитых государств мира. Указ Президента РК от 17 января 2014 года №732.

2 Алехина С.В. Инклюзивті білім беру тәжірибесі психологиялық-педагогикалық зерттеулер нысаны ретінде. // «Білім беру кеңістігін жаңғыртудағы нысандар жаңашылдығының әлеуеті» II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалынан (Ростов-на-Дону қаласы, 24-25 қараша 2011 ж.). – Ростов-на-Дону: ИПО ПИ ЮФУ, 2011. – 757 б.

3 Алехина С.В. Инклюзивті білім беру: білім беру саясатынан білім беру тәжірибесіне // Инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері: ұжымдық монография/Жауапты. ред. С.В. Алехина. – М.: МГППУ, ООО «Буки Веди». 2013. – Б.5-19.

4 Козырева О.А. Кәсіптік білім беру заманауи тұрғысындағы маманның қалыптасуы // «Құзіреттілік» – №7. – 2012. – Б.6-10.

5 Ревякина В.И. Магистратура – Ресей ЖОО-ны мамандар әлеуетін көтеру ресурсы. // Хабаршы ТМПУ. Жоғары педагогикалық білім рубрикасы. Басылым №10, 2011. – Б.29–33.

6 Ревякина В.И. Мұғалім қызметінің кәсіби мәселелері // Білім сапасы: жетістіктер, мәселелер, болашақ: ғылыми-әдістемелік конференция материалынан 31.01-01.02.2001ж. – Томск, 2001. – Б.60-70.

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ **ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ**

ӘОЖ 371.1
МРНТИ 14.09

А.З. Әліпбек¹, С.Е. Жанболатов²

¹п.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының доцент м.а.,
Шымкент қ., Қазақстан

²п.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Шымкент қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы халық педагогикасының дамуына қазақ және орта азия ғұламаларының қосқан үлесі жайындағы мәселелер қарастырылған. Қазақстандағы халық педагогикасының дамуы мен жүйеленуіне қазақ және Орта Азия ғұламалары еңбектерінің маңыздылығын анықтауға тырысқан.

Атап айтсақ, А.Диваевтың этнографиялық жұмыстарының басым бөлігі жалпы қазақ халқының сол дәуірдегі өмір сипатын танып білуде өте құнды дүние болды. Мұнда Диваев қазақтардың мал шаруашылығына, егін шаруашылығына, суландыру жүйесіне және материалдық мәдениетіне жан-жақты сипат берілген. Сонымен қатар, Орта Азия ғұламалары еңбектерінің негізгі құндылығы – шыншылдық, әділеттілік, адамгершілік және тағы басқа жағымды ізгі қасиеттерді дамытуға бағыттайтын ғасырлар бойы қалыптасқан озық дәстүрлер мен тәжірибелерді бала бойына сіңіруді көздейді.

Педагогикалық, тарихи-этнографиялық әдебиеттерді талдау нәтижесінде ғұламалар еңбектерінде орын алған халық педагогикасындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жоралғылар және т.б. тәрбие құралдары жайында құнды идеялар айқындалған.

Түйін сөздер: Қазақстан, халық педагогикасы, даму, Орта Азия, ғұлама, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жоралғы

А.З. Алипбек¹, С.Е. Жанболатов²

¹к.п.н., и.о. доцент, Южно-Казахстанский государственный педагогический институт,
г. Шымкент, Казахстан

²к.п.н., старший преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет,
г. Шымкент, Казахстан

ВКЛАД КАЗАХСКИХ И СРЕДНЕАЗИАТСКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ В ПРОЦЕСС РАЗВИТИЯ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы о значительном вкладе казахских и среднеазиатских мыслителей в процесс развития народной педагогики Казахстана. Стремилась определить значение трудов казахских и среднеазиатских мыслителей в процессе развития и систематизации народной педагогики в Казахстане.

Основная часть трудов А.Диваева является очень ценным в познании образа жизни казахского народа того периода. А.Диваев дает подробную характеристику скотоводству, посевному хозяйству, системе орошения и материальной культуре казахов. Вместе с тем, основная ценность трудов ученых Средней Азии заключается в нацеленности на формирование и развитие в детях таких благородных качеств как правдивость, справедливость, человечность и другие, в направленности на передачу детям веками сложившихся передовых традиций и практики.

Определены ценные идеи в результате анализа педагогической, историко-этнографической литературы о средствах воспитания традиции, обычаев, обрядов, имеющих место в народной педагогике.

Ключевые слова: Казахстан, народная педагогика, развитие, Средняя Азия, мыслитель, традиция, обычаи, обряды

A.Z. Alipbek¹, S.E. Zhanbolatov²

¹Ph.D., associate professor of the Institute of South Kazakhstan State Pedagogical institute, Shymkent, Kazakhstan

²Ph.D., Senior Lecturer of the South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

CONTRIBUTION OF THE KAZAKH AND CENTRAL ASIAN THINKERS TO DEVELOPMENT OF NATIONAL PEDAGOGICS OF KAZAKHSTAN

Abstract

In this article questions of the significant contribution of the Kazakh and Central Asian thinkers to development of national pedagogics of Kazakhstan are considered. Sought to define value of works of the Kazakh and Central Asian thinkers in development and systematization of national pedagogics in Kazakhstan.

The main part of works of Divayev – is very valuable in knowledge of a conduct of life of the Kazakh people of that period. Divayev gives the detailed characteristic to cattle breeding, sowing economy, an irrigation system and material culture of Kazakhs. At the same time the main value of works of scientists of Central Asia in aiming at formation and development in children of such noble qualities as truthfulness, justice, humanity and others, in orientation on transfer to children for centuries the developed advanced traditions and practitioners.

The valuable ideas as a result of the analysis of pedagogical, historical and ethnographic literature on the educational tools of tradition, customs, ceremonies taking place in national pedagogics are defined.

Keywords: Kazakhstan, national pedagogics, development, Central Asia, thinker, tradition, customs, ceremonies

Қазақстандағы халық педагогикасының дамуы мен жүйеленуінде А.Диваевтың еңбегі орасан зор. Оның халықтық педагогикаға арналған 30-ға тарта мақаласы жарық көрген. Оның еңбектерінде қазақтың этномәдениетінің барлық салалары дерлік қамтылған. Диваевтың этнографиялық жұмыстарының басым бөлігі осыған арналған «Түркістанның қазақ-қырғыздары», «Қырғыздардың бесік жыры», «Қырғыздардың ат қою мәселесі», «Қырғыздар қалай балаларды ойнатады», «Қырғыз жастарының ежелгі ойындары», «Сырдария облысының қырғыздарының үйлену дәстүрлері туралы», «Ертедегі қырғыздардың жерлеу рәсімдері» т.б. «Сырдария облысы қырғыздарының үйлену әдет-ғұрыптары» (Бұрын қазақтарды орыс билеушілері қырғыздар деп атаған) еңбегінде Диваев құдалық тәртібін, қалың малдың мөлшерін, ұрын келу, некелесу тәртібі және басқа да үйлену салт-дәстүрін жазды. Осынау еңбекте ол «Жар-жар» және «Беташар» ән-жырларының сөздерін келтірген. Тіпті осы еңбекте ол әйелдердің құдалыққа қатынасуы, күйеу жігіттің ауыл әйелдеріне беретін сыйлықтарының мөлшеріне дейін жазған. Ертедегі наным-сенімдердің қалдығын А.Диваев кейбір жанұялық қатынастардан табады [1]. Мысалы, қалыңдық тұңғыш киіз үйдің табалдырығын аттағанда енесі жанып жатқан отқа құйрық май салады, болашақ келін үлкендерге табалдырықта тұрып сәлем салады. Ол мұны ежелгі пұтқа табынудың сарқыншағы деп санайды. Көш кезінде екі оттың ортасымен өту салтын да ол осыған саяды. Диваевтың ырым-нанимдар мен түс жорулар жөніндегі жазбалары да үлкен қызығушылық туғызады. Көптеген еңбектерінде ол түрлі нанымдарды жазып отырған әйткенмен олардың не үшін сақталғаны, өзара байланысы шығуы турасында талдау жасамаған. Соның өзінде ол діни-нанимдарға нақты сипаттама жасаған. Бұл сипаттама қазіргі түрлі діни ағымдарға ілесіп адасушылық белең алып тұрған тұста өз пайдасын тигізери даусыз. Ал енді ғылыми маңызы зор мына мақалалары сол заман үшін және қазіргі таңда да аса маңызды болып табылады, олар «Халықтық ырым-жоралар арқылы қырғызша жыл мезгілдерін санау», «Жұлдыздар туралы қырғыз әңгімелері», «Халықтық ырым-жоралғылар арқылы қырғызша айлар», «Қырғыздардың танымындағы аспан денелері», «Қырғыздардың жазбаларындағы аспандағы күн» сынды еңбектер қазақтардың халықтық білімін білдіреді. Диваев қазақтың жыл санауы өте ерте кезде пайда болғаны және халық шаруашылығы үшін зор маңызды рөл атқарғаны жөнінде айта кеткен. Бұл материалдың құндылығы жөнінде Диваев «Халықтық ырымдарды пайдалана отырып, қырғызша жыл санау және он екі жылдық жануарлар циклі (мүшел) қырғыз календарының материалына өлшеусіз құнды үлес болып табылады» (ЦНБ, №1162) Бірқатар мақалаларында Диваев қазақ ойындарын сипаттап жазған: Қыз-қашар, түйе ойынын, сұр сиыр, үйшік, бас киім тығу, көкпар, тоғызқұмалақ және т.б. Кейбір аңыздардың желісі этнография үшін үлкен қызығушылық

туғызады, атап өтсек «Өзбектердің шығу тегі жөнінде», (Туркестанские ведомости», 1900, №91 (отд. Отгиск Ташкент, 1990) газ Оренбургский листок, 1901, №1), «Қара қырғыздардың шығу тегі туралы аңыз» (Этнографиялық шолу 1910, №1-2), «Түркістанның қазақ-қырғыздары» (Туркестанский настольный календарь на 1919 год Ташкент). Бұл аңыздарда Өзбек хандығының құрамына кірген тайпалар мен халықтар: алшын, арғын, қыпшақ, қырғыз, қазақ, қалмақ, қаңлы, оғыз, керей, үйсін, найман т.б.

Бұл аңыздардың қазақ халқының шығу төркіні жөнінде қосымша мағлұмат болуы мүмкін. Қазақ қалқының салт-дәстүр әдет-ғұрпы мен этнографиялық құндылығы бар барлық материалдар жинауға жасақталған экспедицияның жұмысының нәтижесінде 1921 жылы Диваев «Қазалы уезінің қазақтарының этнографиялық өмір жазбасы» атты үлкен мақала жазды. ЦНБ №1164. 335-375. Бұл мақала осы өңірдің жалпы қазақ халқының сол дәуірдегі өмір сипатын танып білуде өте құнды дүние болды. Мұнда Диваев қазақтардың мал шаруашылығына, егін шаруашылығына, суландыру жүйесіне толық тоқталып өткен. Одан әрі материалдық мәдениетіне жан-жақты сипат берілген. Киіз үйді, қыстауды құрылыс салу дәстүрі мен киімдері, қазақтардың жанұя жағдайын көрсетуге үлкен орын берілген, әйелдердің отбасындағы орны, рухани мәдениеті мен нанымы баяндалған. Қазақ оқымыстыларымен бірге халық педагогикасының дамуында Орта Азия ойшылдарының үлесі зор болғанын атап өтпекпіз, соның бірі ұлы ғалым медицинаның атасы Ибн Синаның педагогикалық көзқарастары оның көптеген шығармаларында көрініс тапқан. Оның «Ва Табри манзел» атты еңбегінде барлық білімгерлер үшін жалпы оқыту идеясын негіздейді оқуда әңгіме әдісін қолдануды кеңес береді, ақыл-ой жұмысын жаттығулар мен ойынға ұйымдастырып отыруды кеңес етеді. Оқу дәрістерінің барлық түрін ұтымды өткізуге, осындай жағдайда балалар бір-бірімен достасып бірін-бірі сыйлай бастайды, тек қана өзара жарысып қоймай, оқу метериалын меңгеруге бір-біріне көмектеседі, осы арқылы олар мақтаныш сезімге бөленіп өзара жақсы дағдыларға үйренеді, – дейді.

Адамгершілік тәрбиесі жөнінде Ибн-Сина көптеген қызықты ойлар айтады. Адамның, шыншылдық, әділеттілік қасиетін жоғары бағалай отырып, ғылым әділеттікке бағыттайтын ғасырлар бойы қалыптасатын дәстүрлер мен халықтың ерекшелігінің міндетті түрде ескеруге шақырады. Өйткені, әділдік – адам іс-әрекетінің ең көркем түрі. Ғалым жолдастық пен достық мәселелеріне де көп көңіл бөледі. Халық даналығы негізінде ол нағыз досты жалған достан ажыратуға шақырады «Ва Табри манзел» шығармасында ол – шын дос досының кемшілігін өз уақытында көрсетіп отыруы тиіс, – дейді. Ибн-Сина жанұяның тәрбиенің негізінде баяндауға тырысты. Егер жанұя тәрбиесін әдіс-тәсілдерді дұрыс қолданса өз өмірінде бақытқа қол жеткізеді. Ол былай деп жалғастырды. Аналар өз табиғатында жұмсақ жүректі және өздерінің мейірімімен еркелетіп, баланың мінезін бұзады жанұядағы басты тәрбиесі әке ол – қатал кезінде физикалық ықпал ету шарасын да қолдануы мүмкін. Осы кітаптың басқа бір бөлімінде ғалым «әйел адамның жақсы сапалары» [2] деп мынадай қасиеттерін жіктейді: ақылдығы, ұяңдығы, ұстамдылығы, қарапайымдылығы. Сөздің маңызын жоғары бағалай отырып, Ибн Сина эстетикалық тәрбиенің балаға бастапқы сатысы деп халықтың бесік жыры мен сазын атайды. Дәрігерлік ғылымының канондары атты еңбегінде ол: «Бала мінезін күшейтетін қажетті пайдалы құралдары ретінде ол біріншіден, жеңіл тербетуді, екіншіден ән мен сазды әдетте әуелегенде айтылатын. Осы екі нәрсенің дәрежесіне қарай бөбекте физикалық жаттығулар мен сазға деген бейімділік қалыптасады. Біріншісі денеге тән екіншісі жанға тән. Ғалым баладағы эстетикалық тәрбие мен физикалық тәрбиенің бірлігін атап көрсетті, күн тәртібін сақтауға шақырды, дұрыс тамақтануы, қалыпты ұйқы, физикалық жаттығуларды және т.б. Баланы шынықтыруды ерте жастан бастау қажет, бала ұйықтап жатқан бөлмеде, қалыпты температура сақталуы керек, бөлмені желдетіп алып, тазалық қадағалауы тиіс. Бөбекті белгілі бір уақыттарда ғана тамақтандыру керек. Емізетін анаға ол ашуға қайғыға, қорқынышқа бой ауырмай байсалды болуды кеңес етеді. Бөбектің өсуімен бірге физикалық жүктеменің көлемін ұлғайта беру қажет. Жасөспірім кезеңінде ол салқын суға түсіп, сүртінуге, күн бойын қабылдауға, денеге уқалау жасауға ең бастысы физикалық жаттығулар жасауға кеңес береді. Орта мен ағзаның өзара әсерін ескере отырып, Ибн Сина әр ағзаға арналған жаттығулар кешенін құрастыруды бұлшық ет, демалу органдары көру т.б. [3]

Тәрбие жөнінде көптеген құнды ойлар хорезмдік ұлы тұлға Бируни еңбектерінде де бар. Өткен ұрпақ ескерткіштері зерттелуінде ол түрлі халыққа календарын сипаттай отырып, ол шындық және жалғандық қарапайымдылық және маңғаздық, білімділік және надандық, және басқа да адамгершілік тәрбиесіне тоқталады. Тұлғаның қалыптасуы негізінде – деп тудырды. Бируни еңбек

еткен ғана орындалады. Ол әділдік өз табиғатында қолдауға ие, өз негізінде сүйіспеншілік туғызады, әсемдікке үндейді. Ибн Сина мен Бирунидің қоғамдық педагогикалық көзқарасының қалыптасуына зор ықпал еткен Әл Фараби болды. Педагогикалық тұрғыдан, оның психика этика эстетика саласындағы еңбектерін айтуға болады. Фараби тұлғаның адамгершілік сапалары қоғамдық орта мен тәрбие арқылы қалыптасты деді. Жақсы адам қалыптасуына төрт түрі кемшіліктер кедергі келтіреді: надандық, адамгершілігі жоқтығы өзгергіштік және адамтанушылық. Олардың арылу үшін адам өзін-өзі танып білу керек. Орта ғасырдың көрнекті ойшылдарының бірі – Рудаки болды. Оның көптеген өлең жолдары мақал-мәтелдер түрінде халық педагогикасының қазынасына енген. Ол былай деп жырлады әлем жаратылғалы бері ешкім өзінің ғылымға өмірін арнағанға өкінген емес, жүректің жарық жарық сәуле, тұрмыс тауқыметінен, қорған-адам ақылының сәулесі – білім және жер бетінде білімнен асқан қазына жоқ. Гуманист Рудаки мейірімділік пен рахымдылық сезімін жырға қосты, жастарды өз ғұмырларын қайырлы істер мен қылықтар жасайды. Рудаки былай деп жазды:

Сықыр нәпсіні теже – рахатқа бөленесің
Кемтар, соқырды кемсітпе – рахымға бөленесің
Жығылғанның кеудесін басқан рахымсыз
Жок! Сен жығылғанды тұрғыз – рахымға бөленесің

Прогресшіл педагогикалық идеялардың авторы Муслихиддин Сағди (1203-1292) болды. Ол Таяу Шығыста әділдік іздеп 30-жылдай саяхаттады. Өзгеру әйгілі шығармалары «Бустон» (жеміс бағы) мен Гулистанды елуге тартқан шағында жазды. Өзінен бұрынғы ақын-философтар сынды ол да еңбекті, махаббатты еңбек адамына құрметті жырға қосты. Жастарға тәрбиелей отырып, ол «Өзің үшін және өзгелер үшін еңбек етті». Өзгелердің асын жейтін арамтамақ болма деп үндейді. Бала тәрбиесі туралы Сағдидің ата-аналарға айтқан кеңесі өнегелі. Ол ата-ананы, баласына міндетті түрде белгілі, бір нәсіп беруге шақырады, себебі әркім адал еңбек етуге тиіс. Балаларды сезімтал етіп, оларға әділ және талапшыл болуға кеңес береді. «Біз дейді оқуды бастағандарды жазалағаннан гөрі сөзбен мақтаған дұрыс» - дейді. Соған адамгершілік қағидасы былай жасайды, «Егер сен шындықты айтып бұғауға түссең, ол бұғау өтірік айтып одан құтылғаннан артық, «Ойланбай айтқан сөзден сақтан, бауырым...». Жеті рет өлшеп, бір рет кес. Гүлістанда «Адамдар мен қарым-қатынас ережесі» деген бөлім бар, мұнда көптеген тәлімді кеңестер бар: әңгімелесушінің шыдамдылықпен тыңда, басқа сөйлеп жатқанда сөзін бөлме әдепті бол, ұстамдылық таныт, әдеп, ережесін сақта т.с. Уарнуджин Бурханидин Маргеланде оқыған, оның педагогикалық оқулығы «Білім жолындағы оқушыға кеңестері» 1894 жылы Каирде, ал 1888 жылы Қазанда, 1875 жылы Стамбулда басылып шыққан. Ол ғылым негіздеріне өз көзқарасын баяндап, оқу үдерісін ұйымдастыруға кеңестер айтқан. «Білімге деген құштарлық – әрбір ғалым, әрбір мұсылман мен мұсылман әйелдің даусыз міндеті». Ол оқушылар Ғылымды үлкен ықыласпен оқып-үйренуі тиіс, уақытын мына алдамшы дүниенің қызықтарына өткізбеуі қажет – деп мегзейді. Ол оқушыларға ғылымнан ең жақсысын, өзгенің қажетсінгенін алуға үндеп, шыдамдылық пен беріктік бар істің тамыры, мұғалім мен оқытыланын ғылымға табанды және талапшыл болу керек дей отырып, тура мінезді, арлы талапкер дос табуға ақыл қосады. Мұғалім ғылымның негізгі назарында «Ғылымға деген құрметтің бірі – мұғалімге деген құрмет». Мұғалімдерден басқа да өмір тәжірибесі мол адамдардың кеңесіне құлақ салу керек дейді ол. Сонымен ол қара сөздерін «Жастықтың жалыны мен жас күндерін пайдалану қажет» деп қорытады. Әмір Хұсрау Дехлеви (1253-1325) Орта Азиядағы түрік тайпасынан шыққан, осы заманғы Шахрисабзда тұрған, өмір кешкен [2]. 400 мыңға тарта өлеңдердің авторы. Өз өлеңдері «Жастық сыйы», «Өмірдің ортасы», «Кемелдік басы», «Кемелдік шыңы» сынды шығармаларында адамдардың көңіл-күйіне ортақтасып, оларға үміт отын тұтатты, әділет пен ақылдың салтанат құратынын жырға қосып, қатал басқарушыларды сынады. Оның «Айнаддин Қызыр үлерме» және «Ұлыма айтқандарым» шығармалары педагогикалық трактат болып табылады. Ақын өсіп келе жатқан жас буынға өзінің асыл сезімдері мен тілегін өлеңмен өрнектейді:

- Менің айтқандарыма құлақ салғын
- Олар сені қателіктен құтқарар
- Адамға орта әсері
- Кейде болар қатері.
- Өз жастығыңды бағала, сақта
- Қара оны құмарлық отына жақпа.

- Жаман әдетті жүректен қуғын
- Ар азабының қалдырар туын.

Ол ұлын ортаның жаман әсерлерінен сақтандырып, оның өзін-өзі тәрбиелеуге бағдарлама ұсынады:

- Ғылымғы беріл, шебері болып оның
- Өлең құрап кетпе жолына соның.
- Атаққұмар болма, тігінші болсаң да
- Жүрегіңмен беріл тауып оның жолын

Жалаладдин Дауанидің (1427-1502) педагогикалық мұралары. Атап өтер болсақ, «Психология жөніндегі трактат», «Балаларды тәрбиелеу әдістері», «Тілектер этикасы» сынды еңбектері арнайы педагогикалық ойларды ғана емес тәрбие мен оқыту жөніндегі халық түсінігін де кеңейтті. «Тілек этикасы» еңбегі Самарқанд пен Бұхара мектеп-медреселерінде оқу құралына айналды. Егер Дауаниге дейінгі өткен ғалымдардың көпшілігі адамдардың шығу тегін Аллаһтан, оның мінез-құлқы алдын-ала жазылған деп санайды. Дауани әрбір адам мінезі өзгеруге бейім деп батыл айтты. Ғалым тәрбиедегі ортаның рөлін түсіну дәрежесіне дейін жетті. Ол балалар өміріндегі сәтінен олардың ортасы өзгерген кезеңде оның тәрбиесінде қандай зор із қалатынын еске алсақ та жеткілікті, - деді. Бала жаны деді Дауани таза тақта сынды оған кез-келген бейнені оңай бейнелеуге болады. Арада екі ғасыр өткенде бұл ойды Джон Локк қайталап, адам жаны туғанда таза тақтаға ұқсайды, ал психика таза ақ қағаз сынды болады, адам оны өмір бойы толтырады, - деп қайталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Калыбекова А. *Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов.* – Алматы: «БАУР», 2005. – 267 с.

2 Измайлов А.Э. *Народная педагогика. Педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана.* – М.: «Педагогика», 1998. – 252 с.

3 Кукушин В.С., Қалиев.С. *Этнопедагогика.* – Алматы: РПБК «Дәуір», 2014. – 336 б.

УДК 378.02:37

МРНТИ 14. 25. 05

Е.Т. Маканов¹

*¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖЫРАУЛЫҚ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада автор жыраулық өнер арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселелерін қарастырған. «Адамгершілік» ұғымының зерттелуі нақты көрсетілген. Оқушылардың адамгершілік қасиетін дамыту – тәрбиенің ең басты міндеттерінің бірі. Жеке тұлғаның адамгершілік қасиетін жыраулық өнер арқылы тәрбиелеу басты мәселелердің бірі. Бұл үрдіс – өте күрделі, де ұзақ. Жыраулық өнер – синкреттік құбылыс: әрі өнер, әрі дәстүр. Оның негізгі ерекшелігі – поэзия, музыка және орындаушылық шеберліктің бірлігінде. Жырдың құрамдас бір бөлігі – музыкалық мақам. Жырдың мақамы – ойды жеткізу құралы. Жыр – жеке тұлғаны емес, көпшілікті тәрбиелеу құралы. Музыка сабағында жырды пайдалану оқушылардың ойлау қабілетін дамытуына және музыкалық есту қабілеттерін арттыруына зор ықпалын тигізеді.

Түйін сөздер: өнер, жыраулық өнер, музыка, адамгершілік, ойлау, қабілет, тәрбие, адамгершілік қасиеттер, даму, мақам, жеке тұлға, дәстүр, синкретиттік

Е.Т. Маканов¹

¹преподаватель Казахского Национального педагогического университета им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ЖЫР

Аннотация

В данной статье автор рассматривает проблемы воспитания нравственных качеств учащихся средствами искусства жыр. А также исследуется понятие «нравственность». Развитие нравственных качеств учащихся – одна из главных задач воспитания. Воспитание нравственных качеств личности является одной из главных проблем искусства жыр. Этот процесс очень сложный и продолжительный. Искусство жыр – синкретическое явление: это и искусство, и традиция. Главная особенность его в единстве поэзии, музыки и исполнительского мастерства. Одной главной частью жыр является музыкальная мелодия. Мелодия жыр – это средство передачи мысли. Жыр – это средство воспитания не только личности, но и коллектива. Использование жыр на уроке музыки стимулирует у учащихся развитие мышления и музыкальную память.

Ключевые слова: искусство, искусство жыр, музыка, нравственность, мышление, способность, воспитание, нравственные качества, развитие, мелодия, личность, традиция, синкретический

Е.Т. Makanov¹

¹the lecturer of Kazakh National pedagogical university after Abai,
Almaty, Kazakhstan

THE PROBLEMS OF EDUCATION OF THE MORAL QUALITIES OF TRAINEE BY THE MEANS ART ZHYRAU

Abstract

In given article the author considers the problems of education of the moral qualities of trainee by the means art zhyrau. As well as it is opened the concept “morals” and his concreteresearches. Education of the moral qualities of the person is the main problems of art zhyr. This process is very difficult and extended. Art zhyr is a syncretical phenomenon: both art and tradition. The main feature of it is in the unity of the poetry, music and mastery. One of the main part of zhyr is a musical melody. Melody zhyr – is the facility of transfer thinking. Zhyr is the recourse of education as not only persons, but also collective. Usingzhyr on the music lesson stimulates at the trainee development of thinking and musical memory.

Keywords: art, art zhyr, music, morals, thinking, ability, education, moral qualities, development, melody, person, tradition, syncretical

Бүгінгі ұрпақ жаңа ғасырда жаңа тұрмыс салты бойынша өмір сүруі қажет. Оқушылар бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, танымдылық сана-сезімді қалыптастыру тәрбие беру мазмұнын жанаша құруды қажет етеді.

Ел президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқтты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтаныш пен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, ол үшін мен жауаптымын деген сияқты, ол да мен үшін жауапты деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өскені жөн» – деген болатын [1].

Сонымен қатар ол өз сөзінде: «Шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын, мәдени мұра болып саналатын ұлттық құндылықтарды кеңінен танып,шын жүрекпен қабылдап,болашаққа мұра етіп жалғастыруын көздейді», - деп атап өткендей, жас ұрпақты адамгершілік негізінде тәрбиелеу – өзекті мәселе болып табылмақ. Міне, осы сөздің өзі жеке тұлғаның адамгершілік қасиетін оятуға өз септігін тигізеді. Ұлттық сана сезім болған жерде рухани деңгейі биік, әрі іскер, әрі адамгершілік қасиет сапалары жоғары адам тәрбиеленуі тиіс.

Ал мектеп оқушыларын тәрбиелеу – әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның қасиетті борышы. Әсіресе, көптен тіршілік тынысынан тыс қалған ата-баба дәстүрін оқып үйрену, ұлттық салт-сананы жан-жақты ашып көрсету, ғибраттық тәрбиесі мол әдет-ғұрыптарымызды ұрпақтар сүйегіне сіңіріп, бойына дарыту тәрбие мәселесін тереңдете түседі.

"Тәрбие" – терминін әрдайым "тар мағынада, мұғалім тәрбиелейді, кең мағынада өмір тәрбиелейді" – деп қолданады. Ал еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – оқушылардың адамгершілік қасиетін дамыту – тәрбиенің ең басты міндеттерінің бірі. Аталған мақсаттағы күш-жігер бірінші кезекте жас ұрпақтың санасына адамгершілік қасиетін дамытуға бағытталуы тиіс. Адамгершілік қасиетінің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан сүю. Ендеше бұл туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттық тілі, дәстүрі, мәдени ерекшеліктері, тарихы жасаған өлкедегі киелі орындары, рәміздері. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – адамгершілік қасиетін тәрбиелеудің арқауы.

Адамгершілік туралы идеяларды өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары да әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари және т.б. қарастырған. Әл-Фараби: "Ізгі қоғам құрамыз десек, мәселені ең алдымен жастар тәрбиесінен бастауымыз керек" деген еді [2]. Ал атақты "Диуани лұғат ат-түрк" еңбегінің авторы Махмұт Қашқаридың да қазақ топырағында еңбек етуді сүйетін, білімге құштар, өзбақыты үшін күресе білетін ұрпақты тәрбиелеуді насихаттайды. Оның бұл еңбегінде әдеп, тәлім-тәрбие, моральдық, ой-пікірлер қомақты орын алды. Сонымен қатар мұнда адам бойындағы кейбір жаман қасиеттер дүниеқорлық, мансапқорлық, опасыздық, қорқақтық және т.б. қатты сыналып, ерлік, ізгілік, қонақжайлылық сияқты адамгершілік қасиеттер дәріптелді [3].

Қазақ халқының кемеңгер ағартушылары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және т.б. адамгершілікке тәрбиелеуге үлкен мән берген.

Қазақ топырағында ағартушылық идеяның туын алғаш көтерген Ш.Уәлиханов озық идеямен нәрленген мұғалімдер жас буындарды қоғамдағы зұлымдық атаулымен күресе алатын, адамгершілігі мол жеке мақсатын халық мүддесіне бағындыра білетін, озат прогрессивті көзқарасы бар адам етіп тәрбиелеуді талап етті [4].

Осы орайда, А.Құнанбаевтың педагогикалық көзқарасы киелі де құнарлы қазына тіршілік тұтқасы тәрбие мен білімдегі қабілеттілігінде деп жар салды. Данышпан бабамыздың адамгершілік тәрбие туралы ұлағатты өсиеттері қазіргі нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде ұлтымыздың тәрбиеге жаңаша көзқарасына бағыт-бағдар берерлік тағылым деп білеміз. Мұнда қазақтың ұлттық жыраулық өнерінің ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі зор.

Тарих қашан да өз перзенттерінің құнды мұраларымен қымбат, әрі барлық кезеңдердің сарапшысы. Бұл күнде ерлігі мен еркіндікке құштар күрестерге, батырлығы мен бостандық дегенде жан салмайтын байламдарға, шешендер мен ел тағдырын шешетін сәтте ақыл-парасатымен, дана-сәуегейлігімен өмір шындығын толғап жеткізуші жыраулардың өсиеттерімен күні бүгінге дейін өскелең ұрпаққа өз жемісін жеткізіп отыр.

Моңғол шапқыншылығының зардабы кезіндегі сопылық әдебиеттен кейін, XV ғасырдан бастап қазақ мәдениеті алға өрлеп әдебиет, музыка, ғылым саласы қайта жанданды. Осы бір кезде тарих тұғырында да, әдебиет әлемінде де елеулі орны бар жыраулар поэзиясы қалыптасты [5].

XV ғасырдың біріншісі жартысында Жәнібек пен Керей хандардың қазақ хандығын құрып, қазақ деген елдің дербес өмір сүруіне байланысты осы кезеңде қазақтың төл әдебиеті, әдеби тілі қалыптаса бастады. Сонау қазақ фольклорынан бастау алып ертегі-аңыздар, жұмбақ-жаңылтпаштар, эпостық жырлар сияқты халықтың, халық ауыз әдебиетінің еншісінде ғана емес, жеке авторлық шығармалар дүниеге келді. Мұндай жыр иелерін жырау деп, олардың жырларын толғап, халық арасында таратушылар жыршы деген атқа ие болып, әдебиетте жеке сипат ала бастады [6].

Сонымен «жыршы» деп жырларды жатқа айтатын адамды айтатын болсақ, «жырау» деп жырды өз жанынан суырып шығарғыш ақын адамдарды айтатын болған. Олай болса, жыраудың ақындығы басым, әрі жырды орындағанда ерекше бір сарынмен орындайтын болған. Жыраудың бір ерекшелігі жырды ешбір жаттаусыз өз жанынан шығарып айтқан.

Қазақ халқы жыршыны әнші, шешен, жырау адамдармен қатар қойып, қадірлеген. Жыршылар өздері жырлайтын шығармаларын, толғауларын белгілі бір аспаппен сүйемелдеп (домбыра, қобыз) кейде әуенге салып жырлаған. Жыршылар тек жырды жеткізуші ғана емес ұлы өнер иелері де болып табылады [7].

Жыраулық өнер – синкреттік құбылыс: әрі өнер, әрі дәстүр. Оның негізгі ерекшелігі – поэзия, музыка және орындаушылық шеберліктің бірлігінде. Ол – жеке тұлғаны емес, көпшілікті тәрбиелеу құралы. Өз міндетін мүлтіксіз атқаруы үшін жыр өнері ел, халық алдында орындалуы

шарт. Ал мектеп жағдайында жыр өнері жеке бала немесе оқушы емес, жалпы сынып немесе мектеп оқушыларына бағышталып, ақыл мен нақылға құрылған тәрбие құралы болып табылады. Бұл міндетті атқару кезеңінен сахна өнерінің алатын орны да аса зор. Өнер атаулының осы салалары өзара тоғысқанда ғана жыр өнері тәрбиелік табиғаты айқындалмақ.

Отанын, елін сүйуге, жыраулық өнер арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту, оларды рақымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу – қазіргі заман талабы.

Сонымен жыраулық өнер адамгершілік тәрбие берудің маңызды жолдарының бірі. Ата-бабаларымыздың қадір тұтқан дәстүрлік өнері жыраулық өнері оқушы бойына адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, ақыл-ой, танымдылық сана-сезімді қалыптастыру, салауатты тәрбие беруді жаңаша құруды керек етеді.

Ал жас ұрпақты тәрбиелеу – әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның қасиетті борышы. Олай болса, ақын-жыршылардың қазақ фольклорын сақтау, тарату, жетілдіруге өшпестей із қалдырған шығармашылық тұлға екені көптеген мысалдармен дәлелденеді. Мысалы, халық поэзиясының алыбы атанған, ұлы ақын Жамбыл Жабаев кезінде белгілі жыршы да болғаны мәлім. Ол бүкіл Орта Азия халықтарына ежелден әйгілі болған «Көрұғлы» дастанын жырлап келген.

Жетісудан шыққан Кенен Әзірбаевтың да жыршылық репертуарында «Ер төстік», «Манас» жырларының үзінді нұсқалары болған. Бұл дәуірде ақын-жазушылар тек дайын жырларды жаттау, білумен қанағаттанбайды, өзінің шығарғыштық ақындық талантын жарыққа шығарады, үлкен ақындарға сынатады, ол үлкен ақынның төңірегіндегі басқа ақындармен жеңіл қағысып айтысады, ақындығын өткірлеп шындай береді.

Жырдың құрамдас бір бөлігі – музыкалық мақам. Жырдың мақамы – ойды жеткізу құралы. Онсыз тақпақтап айтылған өлеңді тыңдарман қауымның қабылдауы қиын. Демек, жырдың басты ерекшелігі – көркем өнер құралдары арқылы тәрбиені оқушы бойына сіңіру. Олай болса, мектеп шеңберінде жыр жанрының осы танымдық-тәрбиелік мүмкіндіктерін толық ескеріп, кеңінен пайдаланған дұрыс демекпіз.

Мектеп оқушылары өздері орындамаса да, жыр жанрын үлкен ықыласпен тыңдайды. Себебі онда ақыл-нақыл сөздер басым, олар жас жеткіншектерді дұрыс жолға бағыштап отырады. Олар ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін аңғарып, халықтық тәрбиенің мән-маңызына қанығады.

Педагогикалық практика кезінде жырды тыңдату, орындатудың рөлі аңғарылды. Жыр өнеріне деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты тәрбиелеу – оқытудың барлық мерзімінде осы өнер төңірегінде үнемі жұмыс жүргізілген жағдайда ғана жүзеге асырылады яғни ылғи да көңіл бөлініп отыру керек. Мектепте оқыту мен тәрбиелеуде жыр өнерімен айналысу, оқушылардың қиялы мен есту қабілетіне әсер ете білу педагогикалық қажеттіліктен шығатынын яғни музыкалық шығармашылықтың осы саласындағы көркемдік-музыкалық сананы дамытуға потенциалдық импульстың керек екендігі.

Қазіргі заман талаптарына сай жеке тұлғаның адамгершілік қасиетін жыраулық өнер арқылы тәрбиелеу басты мәселелердің бірі. Бұл үрдіс – өте күрделі де ұзақ, оқушылардың бойында бірден қалыптаса қоймайды деген сөз.

Жыр үлгілерін мектеп қабырғасында оқып-игерудің жүйелі әдістемелік арқауларының жоқтығы, оқу үрдісіне халық музыкасының інжу-маржандарын енгізудегі талғамсыздық, педагогикалық әдіс-тәсілдердің шектеулілігі – балалар бойындағы қызығушылықтың кемуіне басты себеп болып отырғандай.

Практика кезінде жыр өнеріне қызығушылықты қалыптастыру арқылы оқушылардың танымын тереңдету барысында көркем шығарманы тек эмоционалды түрде қабылдауын ғана емес, сонымен бірге мазмұны, көркемдігі, тарихилығы туралы толғандыратын педагогикалық тәсілдерді қолдануға үлкен мән берілді.

Жоғарыда байқағанымыздай, мектептегі музыка сабағында жыраулық өнерді оқушылар бойына сіңіру қынжылатындай олқылықты көрсетіп отыр. Сондықтан біз алдымызға қойған мақсат бойынша 3-сынып сынып оқушыларымен «Базар жырау» деген тақырыппен сабақ өткізу барысында жыраудың өмірі мен шығармашылығынан балаларға түсінік бере отырып, қазақ халқының жыраулық өнері оқушылардың санасына ұғындыру, тыңдату және үйрету көзделді.

Жырау өмірінен сыр шертсек, оқушылардың білімдік қорын кеңейте түсудің сәті түсер еді, оның берері мол болар еді. Мысалы, бүкіл өмірі – өлеңге айналған жырау жарық дүниеге жыр болып келгендей, ол туралы ақиқатқа қоса аңыз да көп. Соның бірі: Көкірегінде сөз оты тұтанған бала Базар қозы бағып жүріп, түнде далада ұйықтап қалса керек. Ақ киімді, ақ таяқты, ақ сақалды

бір кісі бұған келіп: «Балам, маңдайыңа берейін бе, таңдайыңа берейін бе?» - дейді. Қарны ашып, шөлдеп жатқан бала: «Ата таңдайыма беріңіз», - дейді. Содан бала Базар орнынан өлең айтып ояныпты. Сөйтіп Базарға өлең біркүнде қоныпты. Міне, ақиқаттан туған аңыз, аңыздан туған ақиқат осы.

Ал Базар жыраудың «Жақсы мен жаман» жырын мұқият тыңдағанда, оқушылар жүзінде бұл жырдан толғаныс пен эмоциялық әсер алғандары байқалды. «Жақсы» мен «жаман» сөздерінің мағынасын ажырата білу барысында оқушылар бойына адамгершілік, имандылық, кішіпейілдік, мейірімділік қасиеттерін сіңіруге тырыстық.

Жыраулық өнердің бағдарламаға енуі балалардың ойлау қабілетін дамытуына және музыкалық есту қабілеттерін арттыруына, халықтық музыканы бойына дарытуына аса зор ықпалын тигізеді.

Жыраулық өнерді ел не үшін қадірлейді? Оның саф алтындай асылдығы, өмірдің оғындай өткірлігі, даналылығы, өнеге үйреткіш тәлімдігі, қиып түсер қылыштай өткір жүзділігі мен тапқырлығы үшін деген болар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. – Астана, 1993.*
- 2 Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – А., 1975.*
- 3 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. («Диуани лұғат-ат түрк»). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.*
- 4 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1985. – 560 б.*
- 5 Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: Есенберлин атындағы қор, 2002.*
- 6 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет Хрестоматия. Құрастырған: М.Мағауин. – Алматы: Ана тілі, 1993.*
- 7 Сыдықов Қ. «Ақын-жыраулар» – Алматы: Ғылым, 1974.*

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП **ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА**

ӘОЖ 373.51:37.035.6 (574)
МРНТИ 14.01.11

Қ.Б. Жанадилова¹, А.Е. Жумабаева²

¹А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің магистрі,
Көкшетау қ., Қазақстан

²п.э.д., профессор, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМІ МЕН ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларының бойына ұлттық сана-сезім мен патриоттық тәрбиені қалыптасытудың педагогикалық-психологиялық негіздері қарастырылған.

Сонымен қатар, патриотизмнің маңызды бөліктерінің бірі: онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух, ұлттық патриотизм. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі, адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, аумағы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этностық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттерімен, ерекшеліктерімен де байланысты. Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі.

Түйін сөздер: ұлттық рух, ұлттық сана, отаншылдық, елжандылық, патриоттық тәрбие

Қ.Б. Жанадилова¹, А.Е. Жумабаева²

¹Кокшетауский университет им. Абая Мырзахметова,
г. Кокшетау, Казахстан

²д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ И ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы психолого-педагогических основ формирования национального самосознания и патриотического воспитания школьников.

Кроме того, одним из самых важных компонентов патриотизма является: национальный дух, а также национальный патриотизм, которые тесно связаны между собой. Национальный дух и национальный патриотизм – это ценное качество и особенность индивида среди остального народа, это безграничная любовь к своему народу, человек связан со своим народом не только кровью, происхождением, территорией, языком, бытом, поведением, психологическими и этническими особенностями, но и другими очевидными и индивидуальными качествами, и особенностями. Для того, чтобы быть единым народом важно иметь национальный дух, качества присущие ему, а также доверие к своему народу.

Идея национального воспитания появилась от требования сегодняшнего дня и жизненной необходимости в этом. Выбор собственного пути нашей страны в мировом пространстве является залогом свободного бытия каждого гражданина республики. Это безусловно тесно перекликается с понятием заботы о будущем поколении.

Ключевые слова: национальное сознание, национальная духовность, патриотизм, патриотическое воспитание

K.B. Zhanadilova¹, A.E. Zhumabaeva²

¹Master of Education Sciences, University named after A.Myrzakhmetov,
Kokshetau, Kazakhstan

²doctor of pedagogics, professor, Kazakh National pedagogical university after Abai,
Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL BASES FOR FORMATION OF NATIONAL SELF-CONSCIOUSNESS AND PATRIOTIC EDUCATION OF SCHOOLCHILDREN

Abstract

The article presents the ways of developing national consciousness, national spirit among schoolchildren, patriotic upbringing, patriotism, and love for the motherland that are passed on from generation to generation.

Moreover, one of the most important components of patriotism is: the national spirit, as well as national patriotism, which are closely related. The national spirit and national patriotism are valuable quality and peculiarity of the individual among the rest of the people; this is vast love for one's people; a person is connected to his/her people not only by blood, origin, territory, language, way of life, behavior, psychological and ethnic characteristics, but also by others obvious and individual qualities, and features. In order to be united people, it is important to have a national spirit, the qualities inherent in it, and also the credibility of your people.

The idea of national education arose from the demands of today and the vital necessity in it. Choosing our own path in the world space is the guarantee of the free existence of every citizen of the republic. This certainly closely resembles the concept of caring for the future generation.

Keywords: national consciousness, national spirituality, patriotism, patriotic education

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: - Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз, - деген болатын [1, 54]. Ол үшін ең әуелі жастарды бала кезінен ұлттық тәлім-тәрбиеге баулып, халқының салт-дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиелеу қажеттігі туындап отыр.

Ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм әр адамды, әр халықтың ұлттық ойлау қабілеті, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Халықты ұлт ретінде сақтайтын жалғыз жол бар. Ол жол – жас ұрпақты ұлттық сана-сезім негізінде тәрбиелеу (әсіресе мектепке дейін және мектеп жасындағы балаларды). Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы бала дүниеге келгеннен бастап отбасындағы ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты. Егер отбасында ұлттық тәрбие болмаса, балалардың ұлттық тұлға болып қалыптасуына, сондай теріс тәрбиеленуіне әкеледі.

Ұлттық сана-сезімді қалыптастыратын құралдардың ең негізгісі – ана тілі. Көпұлтты Қазақстан халқына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыратын азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Қазақстанды мекендейтін әрбір ұлттың өзінің мемлекет алдындағы міндеті – қоғамдық байлықты, яғни мемлекеттің материалдық базасын нығайту, өмірдегі тату-тәтті тірлікті, азаматтық келісімді жолға қойып, ұлттық бірлікті сақтау болып табылады. Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, елжандылықты дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Ақиқатында, осынау мәселе еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді [2, 78].

Патриоттық тәрбиені ойға алғанда бірінші санаға «Отан» түсінігі келеді. Отанға құрмет көрсету тұрғысындағы патриоттық сезім жалпы адам баласына тән туған түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, мемлекеттік нышандарымызды бағалап-қастерлеу, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады.

Расында да, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға әсер ететін факторлар – ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық игі дәстүрлер, ұлттық парыз, ұлан ғайыр табыстарға жеткен тарих, бірлік және міндет.

Бүгінгі қазақ ұлты – бұрынғы көшпенді тұрмысқа бейімделген дала халқы емес. Бүгінгі қазақ ұлты – бұрынғы "қызыл идеологияның" қыспағындағы бодан халық та емес; бүгінгі қазақ ұлты –

өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр. Сонымен бірге "Мәңгі ел" ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз халық. Қазіргі кезде әлем жұртшылығы ұлы реформатор, ұлт лидері деп таныған Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың тікелей бастамасымен Үкімет осы бағытта үлкен мемлекеттік бағдарлама жасап, барлық деңгейдегі билік өкілдері елдің индустриялық-инновациялық даму жолына түсуін қатаң бақылауына алып, жіті қадағалап отыр. Түсінген адамға мұның түпкі астарында да мемлекеттік идеядан туындаған ұлттық мүдде, ұлттық ұстын жатыр. Елбасының әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойына орай аталған жоғары оқу орнының профессор-оқытушылары мен студенттеріне арнап оқыған "Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс" атты дәрісінде осы мәселені жан-жақты талдап, келешегімізге қандай жолмен баруымыз керектігін тағы бір айқындап берді [3, 68].

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектуалды ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық ұстын, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады. Ал, оның түпкі мақсатында инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысында. Осыған орай, біз патриотизмді де айта кетуіміз қажет.

Патриотизмнің маңызды бөліктерінің бірі: онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух, ұлттық патриотизм. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі, адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, аумағы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этностық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттерімен, ерекшеліктерімен де байланысты.

Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек. Кімде-кім халыққа, оның болашағына сенбесе, өз тағдыры үшін де үрейленеді, өз Отанын жат жұрттықтардың жаулап алуынан қауіптенеді. Бір сөзбен түйгенде, Отанының патриоты, батыры бола алмайды. Жалпы, патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасынан бастау алады. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет және де «Адам болуға» ұмтылуда игі істер жасау, Отан алдындағы борышын атқару парызын өтеу керек [4, 59].

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болудың биік мағыналы ұғым екені. Оның іргетасы – мемлекет, анығырағы ұлттық мемлекет. Әділіне көшсек, тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда «туған ұлт», «ұлттық», «ұлтшылдық», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық тәрбие» мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің «жасампаз» интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Қазір уақыт өзгерді, заман басқа, уақыт сұранысына жауап беретін талап та басқа. Бүгінде ұлт, ұлттық, ұлтшылдық мәселесі жақсы мағынада елдік санаға ұласып отыр. Елдік сана дегенде ең алдымен ойға оралатын нәрсе, қазақ елінің мәңгілігі туралы идея. Бұл не деген сөз? Қазақ елінің мәңгілігі туралы идея – біздің тәуелсіз мемлекетімізде жетекші ұлттық санаға айналуы керек деген сөз. Яғни, Қазақ елі – мәңгілік ұлттық идея. Осы мазмұн туған елімізде қайсы ортада, қандай бағытта болмасын негізгі ұстын, басты тірек болуы керек.

Енді ұлттық биік сананы қалай қалыптастырамыз, оны жүзеге асырудың жолдары қандай деген мәселеге келейік. Қазір барлық елдер мен мемлекеттер біркіндікті жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Негізгі кіндігі еркін таңдау және жеке бастама жасай алатын жеке адам бостандығы идеясына негізделген Батыс өркениеті болып отыр. Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі,

ұлттық төзімділік, әдептілік, т.б.) мәдени-өркениеттік қалыптар кешенін де қабылдау екенін түсінген дәстүрлі қоғамды жақтаушылардың табанды қарсылығына тап болуда. Бұл тұрғыда негізгі келіспеушілік өркениеттердің өзара кірігуі мен ұштасып кетуіне қарсылықта болып тұр. Анығырақ айтқанда, жаһандану барысында Батыс мәдени құндылықтарының басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы төлтумалық сипатының жоғалуына түрткі болуы мүмкін деген қауіпке әкеліп тірейді. Өйткені, өткен ғасырдың орта шенінен айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір шын мәнінде ақиқатқа айнала бастады. Бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ақпаратта, технологияда, тағы басқа салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр. Рас, Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет, алайда, Батыс өркениетінің қоршаған ортаға тек пайда табу көзі деп қарауға үйретуі, оны технологиялық тұрғыдан бөлшектеп сату түрінде түсіндіруі, бұл мәселеде бізге үлгі бола алмайды. Сондықтан Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік жақсылықтың нышаны емес. Тағы да қайталап айтудың реті келіп тұр, батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әурешілік. Өкінішке орай, Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды еш уақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тиіс тетік, өмірлік ұстын ретінде қарастырады. Ал Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат – сату (сатылу) және пайда табу. Қанша аз уақыт жұмсалса, сонша пайдасы көп. Алайда басы ашық мәселенің бірі – қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан, өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды. Бұл шығар күндей анық мәселе. Ендеше, оған қарсы тұру үшін не істеу керек? Одан өз бітім-кескінін сақтаған қазақ қоғамын аман алып қалудың қандай тетіктері бар? Біздің ойымызша, оның ең тиімді үлгісі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау аждаһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржола жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық [6, 94].

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Өйткені, біз бұдан былайғы кезеңде бүкіл адамзат баласы жасаған өркениеттермен қатар дамуға тиіс мәдениеттің (қазақ мәдениетінің) мүшесі болып саналамыз. Ендеше, адамзат баласының осы уақытқа дейін жасаған озық тәжірибелері мен жетістіктерін қолдан келгенше түгел игеріп, қажетімізге пайдалануымыз керек. Сондай-ақ, ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс.

Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасак, қоғам түбегейлі өзгерген. Жастардың психологиясы, таным түйсігі мүлдем басқаша. Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде. Тіпті ұлттың

құрамы да ала-құла. Ұлттың (отбасының) құрамы ала-құла болған соң, тілі де біркелкі емес. Осыған байланысты бүгінгі қазақ отбасының ұлттық тәрбиесі күрделі өзгерістерді бастан кешіруде. Мұндай өзгерістерге біз әрқашан дайын болуымыз керек. Ол үшін білім арқылы тәрбиелеудің әлемдік озық үлгілеріне арқа сүйегеннен ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық. Сонда ғана біз бәсекелестікке қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеуге қол жеткізе аламыз. Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау болса, оның алғы шарты білім арқылы тәрбие берудің ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз. Мұны дүниежүзілік тәлім-тәрбие берудің озық тәжірибелерін игермей ұлттық тәрбие идеясын толыққанды жүзеге асыра алмаймыз. Бүгінгі тарихи-психологиялық ахуал бізден осыны талап етіп отыр. Онсыз білім де, тәрбие де өз деңгейінде болмайды. Шын мәнінде тәуелсіздік дегеніміздің өзі ұлттық мәдениеттің сақталуы және халыққа рухани қызмет ету әлеуеті емес пе?! Ол-ол ма, ұлттық бостандық ұғымының түпкі мазмұн-мағынасы да осыған саяды. Жастарды ойдағыдай тәрбиелеуде біздің мүмкіндігіміз бар. Өйткені, ол үшін батыс мәдениетімен, білімімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырда рухы биік мәдениетіміз бен білімі әлеуетімізді қалыптастыруды қолға алу өте-мөте маңызды. Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең деңгейдегі ұлт жаһандану деген алып мұхиттың үстінде өзінің келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын. Ол үшін ұлттық тәрбиені дамытудың ғылыми негізделген тұжырымдамасын жасау керек. Өйткені, ұлттық тәрбие бастауларынан нәр алған мәдениетті, парасатты жастар оқу-білімді өзінің өмірлік мұратына айналдырып, жан-жақты ізденетіні, ғылыммен шұғылданатыны сөзсіз. Білім мен ғылым шындығында, аса зор өндіргіш күш, үлкен байлық. Сондықтан да әлемдік жаңа идеология білім күшіне сүйенеді. Сондай-ақ қазіргі замандағы білім беру жүйесінің міндеті қазіргі жастарымыздың білім алып қана қоймай, тәрбиелі, әдепті, ұлтжанды, бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды болуын қамтамасыз ету. Ұлттық тәлім-тәрбиенің ең басты қажеттілігі – жастардың рухани тәрбиесін жетілдіру дейтін болсақ, бұл бүгінгі күндегі ең өзекті мәселенің бірі саналады.

Ал, ұлттық тәрбиенің көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі орта сынып оқушыларды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшөбасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Өйткені, біз бұдан былайғы кезеңде бүкіл адамзат баласы жасаған өркениеттермен қатар дамуға тиіс мәдениеттің (қазақ мәдениетінің) мүшесі болып саналамыз. Ендеше, адамзат баласының осы уақытқа дейін жасаған озық тәжірибелері мен жетістіктерін қолдан келгенше түгел игеріп, қажетімізге пайдалануымыз керек. Сондай-ақ, ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын

қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жаңа дәрежеге, жаңа интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Халыққа Жолдау. Егемен Қазақстан газеті, 2013-2014.
- 2 Ушинский К.Д. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлері. – Алматы, 1961.
- 3 Меңжанова Ә. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Рауан, 1992.
- 4 Бейсенова Ә.С. Дәстүр мен ұрпақ тәрбиесі – ұлттық идеологияның негізі/Ұлттық тәрбие. – №1, 2010.
- 5 Ахметова З.. Сұхбат. «Тәрбие тек айтудан ғана емес, көрсетуден...». – Ұлттық тәрбие. №3, 2010.
- 6 Қалиев С.Қ. Келер ұрпаққа айтар алты аманат. – Ұлттық тәрбие. – №3, 2010.

УДК 373.5.016:811.111

МРНТИ 16.31.41

Г.А. Куребаева¹, Н.А. Слямбекова²

¹ф.ғ.к., доцент, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет,
Семей, Қазақстан

²педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет,
Семей, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

«Сыни тұрғыдан ойлау» деген ұғым білім жүйесінде жылдар бойы қолданылып келді және олар әр алуан топтарда әртүрлі жағдайларда пайдаланылып келеді. Сын тұрғысынан ойлау – бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әртүрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыда дамыту. Жаңа технологияның арқасында оқушының белсенділігі артып, жан-жақты талдауға, ойын ашық айтуға, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді оқушылар тәрбиелеуге болады. Ол үшін мұғалім көп ізденіп, көп оқып, ізденіс үстінде болу керек. Педагогикалық жаңа технологиялардың барлығы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген материалды жедел, әрі сапалы меңгертуге бағытталған. Бұл технология оқушылардың білімін терең жетілдірумен қатар, әлем туралы өз көзқарастарын дамытып, әр нәрсе туралы аналитикалық ойлауға жетелейді.

Түйін сөздер: сын тұрғысынан ойлау, сынау, технология, дағды, пікір

Г.А. Куребаева¹, Н.А. Слямбекова²

¹к.ф.н., доцент, Государственный университет имени Шакарима,
г. Семей, Казахстан

²магистр педагогических наук, преподаватель, Государственный университет имени Шакарима,
г. Семей, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

Понятие «критическое мышление» одно из приемлемых методов обучения, которое практикуется много лет. Критическое мышление обозначает не только критиковать содержание, но и изучать, наблюдать, анализировать и с помощью разных стратегий развивать критическое мышление. С использованием новой технологии у учеников развивается способность анализировать, выражать свои мысли, проявлять активность в обучении и учиться мыслить критически. Это помогает воспитывать умных, грамотных учеников, соответствующих современным требованиям. Новые педагогические технологии направлены на саморазвитие, формирование творческих навыков, на достижение поставленных учебных целей, на быстрое и

качественное освоение учебных материалов. Эта технология развивает знания о мире и помогает учащимся мыслить аналитически о культурах других стран.

Ключевые слова: критическое мышление, оценивать, технология, навык, мнение

G.A. Kurebayeva¹, N.A. Slyambekova²

¹*candidate of philological sciences., assistant professor, State university after Shakarim, Semey, Kazakhstan*

²*master, State university after Shakarim, Semey, Kazakhstan*

FORMATION OF STUDENTS' CRITICAL THINKING TECHNOLOGY

Abstract

The concept of "critical thinking" is one of the acceptable methods of teaching that has been practiced for many years. Critical thinking means not only criticizing content, but also studying, observing, analyzing, and using various strategies to develop critical thinking. With the use of new technology, students develop the ability to analyze, express their thoughts, show activity in learning and learn to think critical. This helps educate intelligent, literate students who meet modern requirements. New pedagogical technologies as critical thinking are aimed at self-development, the formation of creative skills, the achievement of set educational goals, the rapid and high-quality development of teaching materials. This technology develops knowledge about the world and helps students to think analytical about the cultures of other countries

Keywords: critical thinking, evaluate, technology, skill, opinion

Оқыту нысаны мен әдістерін жаңарту елдегі жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесін тарату және баланың оқуға қызығушылығын тудыратын қазіргі заманғы білім бері технологияларын пайдалану есебінен қамтамасыз етілуде. Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістерін сабақ үдерісінде қолдану мүмкіндіктері меңгертілуде.

Сыни ойлау туралы теориялардың пайда болуы ең алғаш XIX ғасырдың аяғында А.Биненің зерттеулерінде, сондай-ақ, шетел ғалымдары Д.Халперн, Д.Клустердің еңбектерінде бастау алды. Ресей елдеріне С.Заир-Бек, И.Загашев, П.Блонский еңбектері арқылы бұл бағдарлама 1997 жылы енгізілді.

«Сыни тұрғыдан ойлау» деген ұғым білім жүйесінде жылдар бойы қолданылып келді және олар әр алуан топтарда әртүрлі жағдайларда пайдаланылып келеді. Көптеген жоғары дәрежелі білімдарлар үшін сын тұрғысынан ойлау ұғымы негізінен «жоғарғы бұйрық» және «жоғары дәрежеде ойлау алу» деген мағынаны меңзейді, бұл әдетте Бенджамин Блумның танымдық қабілеттер психологиясының сатыларына қатысты биіктік болып келеді. Сыни тұрғыдан ойлау оқушыларда әдетте мұқият оқуға, сынап, тексеріп талқылауға, анық жаза білуге қалыптастырады және де тез ойлау, ептілікпен дәлелдер келтіре білуге де тікелей қатысты.

Сыни тұрғыдан ойлау – дағдыларға үйрету бір – бірімен тығыз байланысты болатын төрт мәселені қамтиды:

- сыни ойлау әрекетінің саналы болуына қажеттілік қалыптастыру, әрекет ету бойынша жалпы ережелерді білу;
- бұл әрекеттерді тәжірибе жүзінде тексеру және өзін-өзі бақылау;
- оқушыларда қажетті ынталандыруды (мотивация) тудыру үшін оларда ойлау процесінің өзін саналандыруға қажеттілік туғызу;
- оны дамыту үшін неғұрлым нақты әдіс тәсілдерді қолдану.

Джон Клустер көптеген мұғалімдердің сыни ойлау мен есте сақтау, түсіну, шығармашылық және интуитивті ойлау секілді ойлау процестерімен салыстыруын қателік деп есептейді. Негізгі мән-мағынасына келетін болсақ, есте сақтау бұл аналитикалық ойлау емес. Оқушы интеллектісінің дамуы есте сақтаумен байланысты емес, оқушының әрі қарай өз бетінше ой үдерісінің дамуында деп анықтаған. Автор өзі айтқандай, есте сақтау мен түсіну сыни тұрғыдан ойлаудың тек басты шарттарының бірі болып табылады.

Джон Кластер сыни тұрғыдан ойлаудың басқа ойлау үрдістерімен айырмашылығын 5 аспектіде көрсетеді:

- сыни тұрғыдан ойлау – бұл өз бетінше ойлау;
- берілген ақпарат екі жақты деп есептелінеді, яғни оқушылар өзара ақпарат алмасады;
- сыни тұрғыдан ойлау шешуге тиісті сұрақтар қоюмен, шиеленістерді шешумен басталады.

Оқушылар сенімді және нақты аргументтерге сүйенеді;

- білім ынта мен ізденісті тудырады. Ынтаның болмауы сыни ойлаудың жоқтығымен өлшенеді;
- сыни тұрғыдан ойлау бұл – әлеуметтік ойлау [1, 15 б.].

Тілді оқыту мәселесінде П.Бонни мен С.Каган сыни тұрғыдан ойлауға қажетті қабілеттерді ұсынады:

- мәтіннен алынған түсініктердің синонимдерін, мәндес сөздерін табу;
- бұл мәтіннің маңыздылығын және нәтижелілігін анықтау;
- мәтіндегі шиеленісті мәселелерді табу;
- бұл мәселелерді ұтымды түрде шешу және өз ойын бағалап, сыни пікірлерін айту [2, 36 б.].

Осы арқылы оқушылар өз бетінше мәселені анықтап, оны бұрынғы білім мен жаңа білімді ұштастыра отырып, екі ұйғарым бір шешімге келуі тиіс.

«Сыни ойлау» түсінігіне анықтама бере отырып белгілі ғалым Дайана Халперн – ол ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану – деген пікір білдіреді. Технологияның философиясын түсіну үшін осы жерде сыни ойлау ұғымының мәнін ашу қажеттілігі туындайды. Сыни ойлау «сын» сөзімен төркіндес болғанымен сынау, сын айту, мінеу деген түсінік бермейді. Бұл – шындалған ойлау үлгісі. Сыни ойлау – өзіндік және жеке ойлау. Өйткені бұл ойлау барысында әркім өз ойын және пікірін басқалардан тәуелсіз құра алады. Мәселені өз бетінше шешуді қамтамасыз етеді. Мысалы: өз пікірін еркін айту, өзгенің пікірін сынамай есепке алу, шыдамдылық сақтай айтылған ойдан қажеттілікті табуға ұмтылу, бірлесе ойланып, ортақ шешім қабылдау, тағы да басқалары. Сол себепті бұл бағдарлама өздерінің кәсіби әрекетіне өзгеріс енгізуге ұмтылатын және білім беру жолын әр түрлі тәжірибе тұрғысынан талдай алатын мұғалімдерге арналады [3, 40].

Соған сәйкес Д.Халперн сыни тұрғыдан ойлауда интеллектуалды қабілеттерді анықтап, келесілерге тоқтайды:

- анализ жасау, қорытынды шығару;
- гипотеза тудыру, қалыптастыру және оны өңдеу;
- бұрынғы білімді жаңарту;
- белсенді ойлау;
- білімнің маңыздылығына көңіл бөлу;
- салыстыру – салғастыру – қарама-қарсылық туындату;
- шынайы өмірде қолдану;
- аргумент және фактілерге сүйену;
- бақылау және бағалау;
- өз ойын креативті идеялармен толықтыру;
- басқалардың пікірлерін талдай алу;
- әр пікірге сыни көзқарас таныту.

Сонымен қатар, Д.Халперн өзінің «Психология критического мышления» атты еңбегінде мұғалім оқушы бойында қандай дағдыларды қалыптастыруға тиісті екенін анықтаған [3, 396.]:

Жоспарлауға дайындық. Негізінен, адам күніне 100-ден аса жаңа идеяларды тудыра алады. Алайда, бұл ойлар аз ғана минисекундтар аралығында пайда болып, жойылып, ұмытылып жатады. Соған сәйкес оларды реттеп, мақсатты түрде анықтап алған жөн. Реттеліп жиналған ой – сенімділіктің белгісі.

Икемділік. Егер де оқушы басқа оқушылардың ойын тыңдауға ашық болмаса, ол ешқашан өз идеяларын қалыптастырып, әрі қарай өрбіте алмайды. Сондықтан ойдың икемділігі жан-жақты ақпараттың жеткіліксіздігіне қарамастан, дұрыс ұйғарымға келудің бірден-бір жолы.

Тұрақтылық. Қарапайым ойлауға қабілеті бар оқушылар неғұрлым қиын тапсырмаларға кезіккен сайын, соғұрлым оларды шешуді кейінге қалдырады. Ал сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушы үлкен көлемді деңгейлі тапсырмаларды ой елегінен өткізіп, қосымша жаңа ақпараттар ізденіп, қалай да тиімді нәтижелерге жетуді көздейді.

Қателіктерді мойындау. Сыни ойлауға қабілетті оқушы өзінің қателіктерін тауып, дұрыстап, өңдеп, сол қателіктерге сүйене отырып, білімін әрі қарай тереңдетеді.

Бақылау. Бұл технологиядағы ең маңызды аспектілердің бірі, яғни ойлау үрдісінде оқушы өз ойының бағытын қадағалау маңызды болып табылады.

Тиімді шешімдерге келу. Қабылданған шешімдер мен мәселелердің басқа адамдар тарапынан сындалуы тиіс.

Д.Халперннің жұмыстарына сүйене отырып, Дж.Баррел сыни ойлауға қабілетті оқушылардың келесідей дағдыларын топтастырып жинақтады [4, 65]:

- мәселелерді шешеді;
- оларды шешуге тұрақтылық танытады;
- өзін-өзі қадағалайды;
- басқа жаңа идеяларға ашық;
- басқа оқушылармен ақпарат алмаса отырып, өзекті мәселелердің шешімін табады;
- өзекті мәселелерді жан-жақты талдай алады;
- мәселелерді шешудің бірнеше жолдарын қарастырады;
- қарсыласын тыңдай алады;
- белгісіз, түсініксіз жаңа ақпараттарға сабырлылықпен қарайды;
- берілген ақпаратты белсенді қабылдайды;
- басқа оқушылардың пікірлеріне сабырлылық танытады;
- өз-өздеріне жиі «ал егер былай болса...?» деген сұрақта қояды;
- әр түрлі ұйғарымдарға келе алады;
- болжамдар қою арқылы басты мақсаттарын анықтап, оқу процесінде жүзеге асырады;
- өз ойын, ой-үдерісін жиі бақылайды, оларға сыни қарайды;
- өз қабілеттері мен дағдыларын әр түрлі оқу жағдайларында қолдана алады.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйде берілмеуі. Нақты жағдайда «мынаны былай жасау керек» деп көрсетпей, оқушының өзінің шығармашылық ойлауының орындалуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілігін арттыру болып табылады.

Бұл технологияның басты мақсаттарының бірі – барлық жастағы балаларды оқыта отырып кез-келген мазмұнға сын тұрғысынан қарауға, өз бетімен шешім қабылдауға үйрету.

Сыни тұрғыдан ойлау – мұғалімнің бағыттауымен оқушының өз бетімен білімді игеруге, бір-бірімен қатынас жасауға тәрбиелейді. Ойлау да оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу сияқты іс-әрекет болып анықталады. Ол – белсенді тұжырымдалған, күрделі шынайы ойды айтатын құбылыс.

Жалпы айтқанда, сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс. Бұнда тек қана алынған ақпаратты жинақтаумен ғана шектелмейді, сондай-ақ, оны белсенді ой елегінен өткізіп, тәжірибеде қолдану маңызды рөл атқарады.

Оқыту стратегиялары алған білімдердің құрылымын жасауға ықпал етеді. Үш сатылық құрылым белгілі стратегиялармен қатар бұрынғы білімді жаңа біліммен ұштастыруға, өзінің мүмкіндіктеріне ой толғау жасауға, пайда болған білімдерді қоршаған ортамен ара қатынаста көруге ықпал етеді, өзіндік ойлауды дамытады және барлық іс-әрекетке және оқыту үрдісіне мағына береді. М.Жұмабаевтың айтуы бойынша, сыныпта сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану алдымен, оқушылардың бір-бірімен белсенді сұхбатқа түсуімен қарастырылады. Сондықтан да, ол сыныптағы сұхбаттың жетістігін төмендегі әрекеттермен анықтады:

- қарастырылып отырған мәселе сұхбатқа қатысушылардың барлығын қызықтыру керек;
- сұхбатқа қатысушылардың қарама-қайшы пікірлерге түсінікпен қарауы керек;
- сондай-ақ, физикалық және ментальды қажеттіліктері барларға құрметпен және түсінікпен қарау керек;
- әлеуметтің барлық мүшелері талқылауға қатысу үшін мадақтау қажет [5, 23].

Американдық ғалым Дэвид Клустердің пікірі бойынша сыни тұрғыдан ойлаудың 5 пункттен тұратындығын атап көрсетеді.

Біріншіден, сыни ойлау ол өзіндік жеке ойлау. Сабақта әркім басқаларға ұқсамайтын өзіндік пікірлерін, идеясын, ұстанымын, бағалауын, мінез ерекшеліктерін басқалардан тәуелсіз құрады. Яғни, өз бетінше ойлап, өз бастарымен жұмыс жасап, ең қиын деген мәселені өзі шеше алуы үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек.

Екіншіден, ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңы емес, жіберілетін пункті болып табылады. Білім адамның сыни ойлауы мүмкін болмайтын дәлелдемелерді тудырады. Терек ойлау үшін

фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен тұжырымдамалар секілді көптеген «шикізаттарды» өңдеу керек болады. Тек сыни тұрғыдан ойлаудың арқасында ғана дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз, әрі өнімді бола бастайды.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешім табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Нағыз таным процесі өзінің кез-келген кезеңінде мәселені шешу мен өзінің жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерінен пайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген ұмтылысымен сипатталады.

Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімдерді негізделген дәлелдеулермен нақтылай түседі. Сонымен қатар, ол сол мәселені шешудің басқа да жолдарының бар екендігін мойындайды, өзінің таңдап алған жолының басқалардікіне қарағанда ақылға қонымды екендігін дәлелдеуге тырысады. Мысалы, сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті адам өзіне «мен нені білемін?», «мен жаңа нені үйрендім?», «менің білімім қаншалықты деңгейге толықты?», «мен осы білімім арқылы не істей аламын?»

Бесіншіден, сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салғанда ғана тексеріліп, өткірлене түседі.

Жоғарыда берілген сатылар арқылы Мэтью Липманның зерттеулерінен нақты сыни ойлау мен негізгі (жай) ойлау қабілеттерінің айырмашылықтарын бір-бірімен салыстырғанды жөн көрдік [6, 25 б.].

Кесте-1. Негізгі (жай) ойлау мен сыни ойлаудың белгілері

Негізгі (жай) ойлау	Сыни ойлау
Болжамды пікірлер айтуы	Сыни нақты пікірлер айтуы
Нәтижелер беруі	Логикалық нәтижелер беруі
Пікірлерді аз ақпарат аясында талқылауы	Пікірлерді факт пен аргументтерге сүйене отырып талқылауы
Кітапта берілген материалдармен жұмыс істеуі	Кітаптан басқа материал өзектерін пайдалануы
Қысқаша түсініктерді қалыптастыруы	Нақты, анық, толық түсініктерді қалыптастыруы
Мұғалімге тәуелділік танытуы	Өз бетімен жұмыс істеуі
Өз ойының объективті берілмеуі, толықтырулар қажет етуі	Өз ойын толық объективті беруі
Білімінің белгісізділігі, мақсатсыздылығы	Білімінің нық мақсатты болуы
Қарапайым түйіндемелер айта алуы	Логикалық түйіндемелер айта алуы
Түйіндемелерінде болжамдылықтың болуы	Түйіндемелерінде шынайылықтың болуы
Пікірлерінің иллюзия және белгілі бір үміттерде құрылуы	Пікірлерінің өзіндік сыни тарапта құрылуы

Бұл зерттеу жұмысында, тұлға теориясына сүйене отырып, 7-8 сынып оқушыларының сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру моделін жетілдіру басты мақсаттардың бірі болып отыр. Бұл мәселені зерттеудегі келесі маңызды аспектілердің бірі бұл – сыни тұрғыдан ойлаудың негізгі критерийлерінің көрсеткіштерін анықтау, яғни қарама-қайшылықтарды табу, мәселелерді тұжырымдау мен олардың шешу жолдарын айқындау. Осы мақсатта, сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастырудың критерийлерін үш деңгейге бөлуді жөн көрдік. Олар төменгі, ортаңғы және жоғары деңгейлер. Нәтижесінде біз ұсынған сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру моделінің әр компоненті әр түрлі критерийлермен және көрсеткіштермен сипатталады.

Кесте-2. Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру критерийлері мен көрсеткіштері

Критерийлер	Тұлға компоненттері			
	Уәждемелік	Танымдық	Мінез-құлықтық	Эмоциялық
Қарама-қайшылықтарды табу	Ақпаратты бағалау мақсаттарының бар болуы және қарама-қайшылықтарды табу	Қарама-қайшылықтардың мазмұнын білу және түсіну	Қарама-қайшы көзқарастар қалыптастыру, олардың жағымды әрі жағымсыз жақтарын	Қарама-қайшылықтарды анықтаудағы эмоциялық

			анықтау және салыстыру	қанағаттану қабілеттілігі
Мәселелерді тұжырымдау	Мәселені ұғынудағы құнды нұсқаулардың болуы	Мәселенің мазмұнын білу және түсіну	Мәселені тұжырымдау қабілеті және оны жан-жақты зерттеу	Мәселені тұжырымдаудағы жағымды эмоциялардың болуы
Мәселелерді шешу	Мәселені шешудегі мүмкін болатын шешімдерді іздеу және табу нұсқауларының болуы	Мәселелердің мүмкін болатын шешімдерін білу, түсіну және оларды талдау	Мүмкін болатын мәселе шешімдерін зерделеу, саналы түрде меңгеру, тиімді шешімдерді дәлелді түрде таңдау және тәжірибеде жүзеге асыру	Мәселенің шешімін табудан, таңдауды дәлелдеуден жағымды эмоцияның болуы

Педагог-практиктердің іс-әрекеттерінің тиімділігіне қатысты сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастырудың жалпы моделі ойлап табылса, төмендегі модель тәжірибеде жүзеге асырылып, құрылымдық модель түрінде жүйеленді. Моделдің әр сатысына сәйкесті оқу әрекетінің мазмұны мен мұғалімнің әдістемесі анықталады. Педагогикалық тәжірибе барысында бұл модель өз тиімділігін дәлелдеді.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әртүрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыда дамыту. Жаңа технологияның арқасында оқушының белсенділігі артып, жан-жақты талдауға, ойын ашық айтуға, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді оқушылар тәрбиелеуге болады. Ол үшін мұғалім көп ізденіп, көп оқып, ізденіс үстінде болу керек.

Педагогикалық жаңа технологиялардың барлығы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген материалды жедел, әрі сапалы меңгертуге бағытталған. Бұл технология оқушылардың білімін терең жетілдірумен қатар, әлем туралы өз көзқарастарын дамытып, әр нәрсе туралы аналитикалық ойлауға жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Критическое мышление и эффективность усвоения учебного материала.*
- 2 *Lipman M. Critical Thinking: What can it be? // Educational Leadership, 1988.*
- 3 *Бісқақова С. Сыни ойлауға жетелеу. Қазақстан мектебі. – 2010. – №3. – Б.39-40.*
- 4 *http://www.ct-net.net/ru/rwct_tcp_ru.*
- 5 *Загашев И.О., Зир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. – СПб: Альянс-Дельта, 2003.*
- 6 *Ogle D.M. (1992). Developing Problem Solving Through Language Arts Instruction. In C.Collins & J.N. Mangieri (Edst), Teaching Thinking: an Agenda for the 21 Century (P.25-39). Lawrence Erlbaum Associates. Hillsdale N.*

УДК 371.321
МРНТИ 14.35.07

Т.В. Ланцева¹

¹м.п.н., старший преподаватель Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

ФОРМИРУЮЩАЯ ОЦЕНКА УЧЕНИКА В НОВОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Теория формирующей оценки, изложенная в этой статье, имеет отношение ко всему спектру результатов обучения, по широкому кругу вопросов. В частности, она применяется везде, где используются множественные критерии при вынесении суждений о качестве ответов учащихся. Ключевая предпосылка заключается в том, что для того, чтобы учащиеся могли совершенствоваться, они должны развивать способность контролировать качество своей работы во время фактической деятельности. Это необходимо для того, чтобы учащиеся оценили, что такое качественная работа, что они обладают оценочным навыком, необходимым для их сравнения с некоторым объективным качеством того, что они производят по отношению к более высокому стандарту.

Утверждается, что эти навыки могут быть разработаны путем предоставления прямого аутентичного оценочного опыта для учащихся. Учебные системы, которые не дают явного положения о приобретении оценочной экспертизы, недостаточны, поскольку они создают искусственные, но потенциально непреодолимые барьеры производительности для студентов.

Ключевые слова: образовательные системы, высшее образование, интеграция, компетенции

Т.В. Ланцева¹

¹п.ғ.м., Е.А. Букетов атындағы Қараганды мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАСЫ

Аңдатпа

Мақалада баяндалған қалыптастырушы бағалау теориясы, оқыту нәтижелерін бүкіл спектрі бойынша қатысы бар кең ауқымды мәселелер. Атап айтқанда, оқушылардың жауаптарының сапасы туралы өлшемдерді пайдаланудың барлық кезінде қолданылады. Басты алғышарты мынада, оқушылар өздерін жетілдіру үшін, олар өздерінің нақты іс әрекеттерінің сапасын бақылау қабілеттерін дамыту тиіс. Бұл, жоғары стандартқа қатысты кейбір объективті сапамен салыстыру үшін қажетті бағалау дағдысына ие екендіктерін, сапалы жұмыстың не екені оқушылар бағалау үшін қажет.

Бұл дағдылар оқушылардың тікелей және дәлме-дәл бағалау тәжірибесін ұсыну арқылы әзірленуі мүмкін деп танылады. Бағалау сараптаманы алу туралы анық ережелерді бермейтін оқу жүйелері жеткіліксіз. Өйткені олар, студенттер үшін жасанды, бірақ ықтимал еңсерілмейтін өнімділіктің кедергілерін жасайды.

Түйін сөздер: білім беру жүйелері, жоғары білім, біріктіру, құзыреттер

T.V. Lantseva¹

¹m.p.s., senior lecturer of the Karaganda state University of the name of academician E.A. Buketov

FORMATIVE ASSESSMENT OF THE STUDENT IN THE NEW EDUCATION SYSTEM

Abstract

The theory of formative assessment outlined in this article is relevant to a broad spectrum of learning outcomes in a wide variety of subjects. Specifically, it applies wherever multiple criteria are used in making judgments about the quality of student responses. A key premise is that for students to be able to improve, they must develop the capacity to monitor the quality of their own work during actual production. This in turn requires that students possess an appreciation of what high quality work is, that they have the evaluative skill necessary for them to compare with some objectivity the quality of what they are producing in relation to the higher standard.

It is argued that these skills can be developed by providing direct authentic evaluative experience for students. Instructional systems which do not make explicit provision for the acquisition of evaluative expertise are deficient, because they set up artificial but potentially removable performance ceilings for students.

Keywords: educational system, higher education, integration, competence

Эта статья посвящена характеру и функции формирующей оценки в развитии экспертных навыков у учащихся. Эта проблема актуальна и связана с широким перечнем учебных систем, в которых результаты учащихся оцениваются качественно на основе использования нескольких критериев. Основное внимание уделяется суждениям о качестве работы учащегося: кто выносит суждения, как они были получены, как они могут быть усовершенствованы, и как они могут быть использованы для улучшения. Статья вызвана двумя перекрывающимися проблемами. Первая из них связана с отсутствием общей теории обратной связи и формирующей оценки в сложных условиях обучения. Вторая проблема следует из общего, но вызывающего недоумение наблюдения, что, даже когда учителя предоставляют учащимся достоверные и надежные суждения о качестве их работы, улучшение деятельности учащегося совсем не обязательно наступит. Учащиеся часто демонстрируют незначительный рост или развитие знаний, умений и навыков, несмотря на регулярную, точную обратную связь. Сама озабоченность этой проблемой в нашей статье связана с тем, не могут ли некоторые учащиеся все-таки получить образовательную квалификацию и перейти на следующий уровень обучения, по причине того, что в учебной системе есть определенные недостатки, связанные с формирующей оценкой.

Обсуждение начинается с определений обратной связи, формирующей оценки и качественных суждений. Затем следует анализ определенных моделей взаимодействия учитель-ученик. Затем идентифицируют ряд причинных и условных связей. Они, в свою очередь, оказывают влияние на разработку учебных систем, которые предназначены для развития способности учащихся постоянно осуществлять исполнительный контроль над своей собственной познавательной деятельностью и, в конечном счете, стать независимыми и полностью самоконтролируемыми.

Формирующая оценка, обратная связь и самостоятельный мониторинг необычайно важны для качественного роста личности учащегося. Этимология этого понятия и его общее употребление ассоциируются как явление, образующее связи с образованием или формированием чего-либо, обычно для достижения желаемого результата. В этой статье оценка означает любую оценку работы по приобретению знаний, умений и навыков и (или) в целом, любую оценку познавательной деятельности учащегося. Но мы обязаны сделать отступление о том, что в некоторых контекстах оценке дается более узкое и более специализированное значение. Некоторые из нас, в частности, могут предпочесть термин «оценка для оценки».

Формирующая оценка связана с тем, как суждения о качестве ответов учащихся (выступления, произведения или работы) могут использоваться для формирования и повышения компетентности учащегося путем кратковременного обучения в условиях случайности и неэффективности обучения методом проб и ошибок. Суммарное отличие от формальной оценки заключается в том, что оно сводится к подведению итогов или достижению успеваемости учащегося и нацелено на отчетность в конце курса обучения, особенно для целей сертификации.

Это, по сути, пассивная связь, которая обычно не оказывает непосредственного воздействия на обучение, хотя все же часто влияет на решения, которые могут иметь глубокие образовательные и личные последствия для учащегося. Основное различие между формативной и суммарной оценкой заключается в понимании подходов достижения цели и результата, но не к срокам.

Ниже приводится довод о том, что многие принципы, применимые к итоговой оценке, необязательно могут быть преобразованы в формативную оценку; последнее требует особой концептуализации и технологии.

Обратная связь является ключевым элементом в формирующей оценке и обычно определяется с точки зрения информации о том, насколько успешно что-то было или делается.

Немного физических, интеллектуальных или социальных навыков можно получить просто, когда кто-то рассказывает нам о них. Большинство из навыков требует практики в поддерживающей среде, которая включает циклы обратной связи. Это требование подразумевает, обычно, направляющую деятельность учителя, который знает, какие навыки следует изучать, собственно того, кто может актуализировать и описать, направить учащегося, обладающего хорошими познавательными способностями, и демонстрирующего хорошую производительность и эффективность учения, с тем, чтобы указать этому учащемуся, как можно улучшить его низкую производительность в каких-то отдельных видах деятельности. Обратная связь также может быть определена с точки зрения ее влияния, а не ее информационного содержания: «Обратная связь – это информация о разрыве между фактическим уровнем и опорным уровнем системного параметра, который используется для некоторого изменения разрыва» [1, с. 4]. Это альтернативное

определение подчеркивает функцию управления системой. Вообще говоря, обратная связь предусматривает две основные аудитории: учитель и ученик. Учителя используют обратную связь для принятия программных решений в отношении готовности, диагностики и реабилитации.

Учащиеся используют его для контроля сильных и слабых сторон своих сторон, чтобы аспекты, связанные с успехом или высоким качеством образования, могли быть признаны и усилены, а неудовлетворительные аспекты изменены или улучшены.

Важной особенностью определения, данного A.Ramaprasad, является то, что информация о разрыве между фактическим и эталонным уровнями образования и обучения, рассматривается как обратная связь только тогда, когда она используется для изменения разрыва. Если информация просто записывается, передается третьей стороне, у которой отсутствуют знания или возможности изменить результат, или она слишком глубоко закодирована (например, представлениями о качестве итоговой оценки, предоставленной учителем), чтобы привести к соответствующим действиям, то контур управления не может быть закрыт, а «не нужные никому, излишние данные» заменяют эффективную обратную связь [1, с. 5].

В любой области учебного плана, где класс соответствия неким требованиям (ранг) или оценка, присваиваемые учителем, представляют собой односторонний шифр для учащихся, внимание отвлекается от фундаментальных суждений и критериев их создания.

В школьной практике было выявлено, что традиции ряда школ на всех этапах обучения связаны с игровой деятельностью. Игра играет большую роль в жизни ученика младшего возраста. И с

этой точки зрения, часть преподавателей начальных классов в процессе обучения уделяет широкое место лингвистическим играм. К ним относятся следующие:

- а) лексические игры;
- б) грамматические игры;
- в) фонетические игры;
- г) развивающие связную речь игры.

Лингвистические игры делают обучающий процесс более интересным и превращаются в мощный стимул усвоения английского языка. Радость, интерес в процессе игры, удачное выполнение заданных упражнений порождают в детях чувство удовлетворенности и это проявляется в результатах обучения. Они отличаются от развлекательных игр наличием методической цели. Как известно, обучающие игры служат выполнению методических задач во время уроков и во внеурочное время. К ним относятся следующие:

- создание психологической подготовки к речевому общению у детей;
- представляя различные ситуации для пользования речевым материалом, создание внутренней необходимости для разговора у детей;
- представление различных вариантов игр для выбора нужного речевого варианта;
- развитие внимания, памяти и логического мышления.

Изучение школьного опыта по преподаванию английского языка в начальных классах показало, что игра остается для детей развлечением. Преподаватель же старается достигнуть цели обучения, которую поставил перед собой. Однако не проявляет это, развлекается с детьми, радуется, смеется.

Наблюдения показывают, что преподаватели широко используют игрушки в процессе преподавания английского языка. Игрушки обычно используются в качестве наглядного пособия в изучении новых слов и впоследствии эти слова и выражения в различных вариантах включаются в активную речь.

В процессе обучения игра интегрируется с рисованием, музыкой, гончарным делом, театральными постановками, что оказывает положительное влияние на более эффективное усвоение английского языка. Выделяемое игре время и её место в процессе обучения зависит от ряда факторов:

- подготовки учеников;
- степени сложности изучаемого материала;
- конкретных целей;
- условий урока.

Если игра проводится с целью закрепления нового материала, ей уделяется 20-25 минут. А затем дается 5-10 минут для использования в различных ситуациях изученного материала и приобщения детей к свободному общению.

Практика показывает, что в процессе игры ученики изучают элементы общения – выслушивание, приступание к разговору, поддержка собеседника или несогласие с ним, задавание уточняющих вопросов. Процесс обучения, проходящий в играх, как и в общении носителей иностранного языка, направляется на речевую деятельность. В это время и говорящий, и слушающий бывают активны.

Можно сказать, что на каждом уроке образуются новые фразы. Желание учеников говорить на английском языке демонстрирует их интерес к этому предмету. Так как в игровом процессе мотивация сильна, наряду с данными в программе словами в речь включаются и фиксируются в памяти детей и другие слова. Во время процесса обучения выявляется, что проведение урока английского языка посредством игр и игровых ситуаций повышает в детях интерес к английскому языку, стимулирует самостоятельную мыслительную деятельность, создает возможность для претворения в жизнь целенаправленного индивидуального подхода.

Лингвистические игры проводятся в каждом классе. Однако характер, объем материалов и поставленные цели меняются от класса к классу. Игры выбираются сообразно программе и содержанию учебника, и вместе с тем, возрастным свойствам и уровню подготовки детей. Однако практика показывает, что в проведении игр допускаются некоторые огрехи. Приведем несколько из них в качестве примера:

«Мой дом» («My Home», IV класс).

Включенные в активный словарь детей слова по этой теме воспринимаются с легкостью. Поскольку это существительные, демонстрируемые с рисунками и предметами. Сложности для

детей создают конструкция «There is (are)...», а также вопросительная форма этой конструкции и краткие ответы на вопросы. В процессе обучения выбираются соответствующие им игры. Эти игры направляются на изучение, закрепление, применение в устной речи новых слов. Формируются навыки включения в активную речь конструкции «There is (are)...», использования этой фразы в вопросительной форме в описании квартиры.

Хотя цель подобных игр и соответствует целям обучения, в процессе общения недостаточно принимаются во внимание психологические особенности речи (мотив, цель, результат), не выдвигается интересный мотив для желания детей говорить. Вернее, не принимается в расчет полнота компонентов игры. Не создаются ситуации для развития внимания, воображения, мышления.

«Давай, находи».

Преподаватель вывешивает на доске рисунки по теме. Один из детей, подойдя к доске, произносит слово на родном языке. Правильно ответивший на английском языке ученик назначается ведущим и обращается к детям с вопросами.

– Is it a hall?

– No, it is not.

– Is it a bedroom?

– Yes, it is.

Хотя здесь есть элементы игры, его структура и компоненты полностью обеспечены не были.

«Будь внимателен».

Учитель, показав куклу «Джыртдан» детям, организует игру. «Джыртдан» называет названия предметов на рисунках. Если их ответы верны – ученик повторяет их, если не верны – ребенок поправляет его ошибку.

It is a carpet (It is a carpet).

It is a lamp (It is not a lamp. It is a fireplace).

Хотя в этой игре есть мотив и цель, ребенку не ясно, что в результате он получит. Например, правильно назвавшим рисунки детям «Джыртдан» может подарить их. И этим можно стимулировать детей к активности.

«Лото».

Преподаватель дает детям карту с нарисованной на ней таблицей. На каждую клетку наклеены рисунки. Затем преподаватель произносит слова на английском языке (a chair, a sofa, a window, a door, a fireplace, a floor, a lamp etc.). Преподаватель произносит слова с паузами. Во время паузы дети эти слова прикрывают изготовленной из бумаги фишкой. Затем преподаватель проверяет и оценивает карты детей.

«Что исчезло?».

На доске вывешиваются рисунки. Дети называют предметы на рисунках. Затем закрывают глаза, а преподаватель забирает один из рисунков. Они открывают глаза и называют предмет, который исчез. Учитель, продолжая игру, просит запомнить не только названия рисунков, но и их последовательность. В этом случае преподаватель не забирает рисунки, но меняет их месторасположение.

Вне зависимости от рода деятельности, дети задумываются о том, что получают в результате постоянно осуществляемой работы. И в этой игре мы становимся свидетелями непринятия в расчет мотива и результата.

«Переводчик».

Дети становятся в круг. Посередине круга стоит преподаватель. Он по очереди бросает ученикам мяч и произносит на английском языке различные фразы, а дети переводят их и бросают мяч обратно преподавателю. Например:

Большое зеркало – a big mirror.

Смотреть телевизор – to watch TV.

Желтый ковер – yellow carpet.

Известно, что устройство игр сообразно естественным ситуациям. При этом бросание преподавателем мяча с требованием перевести не относящиеся к ситуации фразы не соответствует реальному общению. Создание соответствующей ситуации для применения детьми в своей речи этих фраз и наличие мотива для разговора необходимы.

В развитии логического мышления велика роль загадок, пословиц и обобщающих тестов.

Преподаватель английского языка Европейской азербайджанской школы в своей практике уделяет широкое место подобным методам [3, 34]. Учитель направляющими вопросами создает условия для логического мышления. В это время они еще более активизируются и растет интерес к изучению языка. Приведем некоторые из них в пример:

Riddles (загадки)

1. I go it goes with me (Shadow) – Я иду, и она идет за мной (Тень).
2. Runs day and night, but never gets tired (River) – Бежит и днем, и ночью, но не устает (Река).
3. Feed me and I live yet give me a drink I will die (Fire) – Если дашь мне поесть, буду жить, дашь же воды – умру (Огонь).
4. Take of my skin – I won't cry? But you will (Onion) – Сдерешь с меня кожу – я не заплачу, но заплачешь ты (Лук).

Учительница, используя пословицы, составляет логические тесты.

Proverbs (пословицы)

1. An... apple a day keeps the doctor away.
a) pear b) apple c) orange d) banana e) grape
2. The early...catches the worm.
a) man b) dog c) bird d) cat e) kid
3. Never put of till what you can today.
a) today b) tomorrow c) never d) yesterday e) now
4. Better ... than never
a) late b) to day c) yesterday d) always e) now
5. There is now place like
a) city b) country c) home d) house e) hotel

Использование преподавателем обобщенных логических тестов также дает более эффективные результаты с точки зрения развития логического мышления:

1. Find synonyms (Найдите слова-синонимы).
a) fine b) sad c) cold d) dark e) nice
2. Find antonyms (Найдите слова-антонимы).
a) sunny b) cold c) lovely d) hot e) warm
3. Find the similarity (Найдите подобия):
a) bus – conductor, b) ship – captain c) van-guide d) bus-driver
4. Find the coordination (Найдите соответствие).

Tree – fruit theatre – actor

- a) actor b) audience c) stage d) wardrobe e) performance.

В начальных классах лингвистические игры повышают эффективность процесса обучения, на всех этапах сохраняют существующий к английскому языку интерес. Игры также обеспечивают применение приобретенных детьми знаний, направление внимания на основную задачу – усвоение речевых навыков в процессе естественной ситуации. Так, игры составляют коммуникационную систему в процессе обучения английскому языку [4, 23].

Таким образом, в начальных классах основная цель преподавания английского языка заключается в формировании и развитии коммуникативной культуры ученика, практического усвоения иностранного языка. Основная задача же заключается в развитии основ коммуникативной компетенции у учащихся [5]. Однако эта задача предполагает формирование не только практических умений, но и определенных качеств личности в учениках: формирование общительных, свободных, склонных к созданию контактов с друзьями и демонстрирующих активность на уроке учеников. Понятие принципа активности предполагает такую деятельность, которая характеризуется высоким уровнем мотивации, превращением усвоения знаний и умений в потребность, ориентированностью на результат и соответствием социальным нормам.

Список использованной литературы:

1 Закон Азербайджанской Республики «об Образовании». – Баку, 19 июня 2009 года. – *Новости Образования*. – 2009. – №6. – С.12-57.

2 *Предметные программы для общеобразовательных школ Азербайджанской Республики (1-IV классы)*. – Баку, 2008. – 105 с.

3 *Концепция Развития «Азербайджан 2020: взгляд на будущее*. – *Новости Образования*, 2012 - №6. – С.8.

4 Государственная стратегия по развитию образования в Азербайджанской Республике. – Газета «Учитель Азербайджана», 25 октября 2013. – №41.

5 Концепция общего образования (национальный curriculum) в Азербайджанской Республике. – Журнал «Curriculum», 2008. – №1. – С.13.

МРНТИ 14.07.03

Р.К. Карсыбаева¹, А.М. Текесбаева²

*¹п.ғ.к., аға оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

*²п.ғ.к., доцент, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін педагогикалық технологиялар негізінде қалыптастыруда олардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Бастауыш сыныптардан бастап, баланың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды өз ойын, еркін іске асыра алуға баулып және бала бойындағы шығармашылықты дамытуға, сонымен бірге интеллектуалдық деңгейін көтеруге аса мән берілген.

Шығармашылық қабілеттің негізгі белгілерінің қатарына мәселені қарастырудағы қырағылық, ақпаратты нерв жүйесіне код арқылы хабарлау, тасымалдай білу, ақылдың икемділігі, әрекетті бағалай білуді негіге алады. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін педагогикалық технологиялар негізінде қалыптастыруда олардың қабілеттерінің белгілерін негізге ала отырып, педагогикалық шарттары айқындалған.

Түйін сөздер: шығармашылық іс-әрекет, педагогикалық технологиялар, дамыту, қалыптастыру

Р.К. Карсыбаева¹, А.М. Текесбаева²

*¹к.п.н., ассоцир. проф., КазГосЖенПУ,
г. Алматы, Казахстан*

*²к.п.н., доцент, КазГосЖенПУ,
г. Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

В статье подробно рассматриваются особенности формирования психологической и педагогической деятельности младших школьников на основе педагогических технологий. Начиная с начальных классов, с учетом психолого-физиологических особенностей ребенка уделяется особое внимание повышению интеллектуального уровня и развитию творчества. В число основных признаков творческих способностей входит бдительность в рассмотрении вопроса, сообщении информации в нервную систему через код, умение переносить, гибкость ума, умение оценивать действия. Определены педагогические условия формирования творческой деятельности школьников младших классов, на основе педагогических технологий и признаков их особенностей.

Ключевые слова: творческая деятельность, педагогические технологии, развитие, формирование, способности

R.K. Karsybayeva¹, A.M. Tekesbayeva²

¹candidate of pedagogical sciences, Kazakh State Women's Teacher Training University

²candidate of pedagogical sciences, Kazakh State Women's Teacher Training University

THE PROBLEMS OF PRIMARY ACQUISITION OF SUCCESSFUL STUDENTS ON THE EDUCATIONAL TECHNOLOGY

Abstract

In article features of formation of psychological and pedagogical activity of younger school students on the basis of pedagogical technologies in detail are considered. Since elementary school classes, taking into account psychological and physiological features of the child, special attention is paid to increase in intellectual level, creativity development, and also to push freely to inform of thoughts. In number of the main signs of creative abilities vigilance in consideration of a question is taken as a basis, to give information in nervous system through a code, ability to transfer, flexibility of mind, ability to estimate actions. Pedagogical conditions of formation of creative activity of school students of elementary grades, on the basis of pedagogical technologies and signs of their features are defined.

Keywords: creative activity, pedagogical technologies, development, formation, abilities

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. ...саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», - деген тұжырымы болашақ ұрпақты шығармашыл, интеллектуалды, құзыретті, жаңа технологияларды менгерген, танымдық әрекеті және өздігінен ғылыми ізденістерге бағыты бар тұлғаны қалыптастыруды үздіксіз білім беру жүйесіне негізгі мақсат етіп қойып отыр [1].

Оқушылардың танымдық іс-әрекеті мен өздігінен жұмыс істеу қабілеті оқытудың дамытушы бағыты болып табылады. Білім берудегі негізгі мақсат – тек білімді, кәсіби маманданған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және әлеуметтік адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды түсінуге және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан, бастауыш сыныптардан бастап, баланың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды өз ойын, еркін іске асыра алуға баулып және бала бойындағы шығармашылықты дамытуға, сонымен бірге интеллектуалдық деңгейін көтеруге мән беру қажет. Оқыту үдерісінде бастауыш сыныптағы кезеңнен бастап оқушылардың бойындағы шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру бағытының басымдылығы педагогикалық іс-әрекет ұстанымдарының да өзгеруіне әсерін тигізуде. Сондықтан мұғалім өз кезегінде дайын білімді берумен ғана шектелмей, сонымен қатар баланың дамуына қажетті шаралар ұйымдастырып, оқуын жүйелі жүргізе отырып, шығармашылықпен ойлау қабілеттерін қалыптастыруға ынталы болуы керек. Ол үшін мұғалімнің өзінің де шығармашыл тұлға ретінде кәсіби біліктілігі мол әдістемелік және психологиялық дайындығының сапалық деңгейі жоғары болуы тиіс.

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша «Педагогикалық технология – білім беру формаларын оңтайландыруға бағытталған техникалық және адам ресурстарын, білімді игеру мен оқыту процесін анықтау, қолдану және жасауға арналған жүйелі тәсіл» деп атап көрсетеді. Осы тұрғыдан қарастырғанда педагогикалық технология мұғалім мен оқушыға ыңғайлы жағдай жасай отырып, шығармашылық іс-әрекетін дамытуға және қалыптастыруға бағытталған жүйе тұрғысынан қарастырылады. Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерінің жалпы ережелерін, оқытудың өзегін біртұтас педагогикалық үдерістің бір бөлігі ретінде қарастырғанда, мұғалімнің дидактикалық дайындығының компоненттеріне:

- 1) педагогикалық қызметті дұрыс атқару;
- 2) ақыл-ой әрекетін кезеңмен қалыптастыру теориясын білу;
- 3) шығармашылық үрдістің негіздерін білу жатады.

Шығармашылықтың барлық түрінің негізінде бір ғана психологиялық процесс жатқанын мақұлдайтын тұжырымдар да айтылып, шығармашылық іс-әрекет арқылы адам өзінің қабілеттерін байқап, мүмкіндіктерін дамытатындығы туралы пікірлер бар. В.С. Кузин «Ойлау процесі кезінде бала керекті білім, ұғыммен қаруланады, өйткені, олардың шығармашылық қабілетінің қалыптасуындағы анықтаушы күш болып табылады», - дейді [2, 232 б.].

Оқушы шығармашылығы дегеніміз – ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бірізділікпен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп, өзін-өзі дамытатын белсенді ой еңбегі. Осындай еңбектің негізінде білім игеруге, оқуға, оқи білуге, тәрбиелеу білім беру үдерісінің негізіне айналса, баланың жан-жақты дамып, шығармашыл тұлға болып жетілуінің негізі болады.

Шығармашылық іс-әрекетін ұзақ жылдар бойы зерттеген психолог А.Н. Лук кез-келген әрекеттің жоғары деңгейге көтерілуін шығармашылықпен ойлай білу қабілетімен байланыстырады. Шығармашылық қабілеттің негізгі белгілерінің қатарына: 1) мәселені қарастырудағы қырағылық; 2) ақпаратты нерв жүйесіне код арқылы хабарлау; 3) тасымалдай білу; 4) ақылдың икемділігі; 5) әрекетті бағалай білуді жатқызады [3, 44 б.]. Бұдан шығатын қорытынды бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда олардың қабілеттерінің белгілеріне сүйену қажет.

Л.С. Выготский бала дамуындағы оқытудың рөлін, оқытудың орнын жан-жақты қарастырды. Ол баланы дамыта отырып оқыту жөніндегі психологиялық тұжырымдамалары негізінде, оқыту мен дамытудың арақатынасы дамудың екі аймағына тікелей байланысты екендігін айтты. Ғалым дамудың «қол жеткен және жақын даму аймағы жөнінде идеясын ұсынды. Оның пікірінше оқыту дамудың аяқталған кезеңіне негізделетін болса, ондай оқыту еш нәтиже бермей, баланың дамуға деген қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Ал, егер, оқыту қол жеткен аймағы деңгейінен озып, жақын даму аймағындағы күштерге қозғау салса, онда дамудың қарқыны артып, оқыту нәтижелі де мәнді болады. Бұл жерде: баланың дамуының жақын аймағы – баланың өздігінен орындауға дәрменсіз, тек ересектердің көмегі арқылы істей алатын істері; бала дамуының қол жеткен аймағы-бала бойында дағдыланған, өздігінен істей алатын істер. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен қызметтесе отырып, оны игерген кезде дамуға өріс ашылады [4, 34 б.]. Л.С. Выготский педагогика ғылымы бала дамуының өткеніне емес, ертеңіне бағытталса ғана даму қарқынды жүріп, жақын даму аймағындағы даму үдерістерін жандандыратындығы туралы қорытынды жасайды.

Л.В. Занков бастауыш мектептердегі дәстүрлі оқыту жүйесін сынап, бастауыш мектепте оқытудың мазмұнын, сипатын өзгертуге арналған зерттеулер жүргізіп, түбірлі өзгертулер қажеттілігі туралы батыл ұсыныстар айтты. Оның пікірінше, қалыптасқан дәстүрлі оқыту баланың психологиялық даму мүмкіндіктерін барынша ашуға әсер ете алмайды және даму идеясы мектептегі іс-шаралардың жетекші өлшемі ретінде басты ұстанымға ие болуы тиіс деген ойды батыл айтты. Л.В. Занков жалпы даму іс-әрекеттің көптеген түрін қамтитындығын ескерте келе, бастауыш мектептегі дамыта оқыту жекелеген пәндерді тану негізінде емес, барлық бастауыш сыныпты қамтитындай біртұтас дидактикалық жүйе арқылы құрылуы тиіс екендігін айтты. Оның негізі ретінде мына дидактикалық қағидалар ретінде: бағдарламалық материалды тез қарқынмен оқып-үйрену, теориялық білімдердің жетекші рөлі, мектеп оқушыларының оқу үдерісін саналы түсінуі, сынып оқушыларын жан-жақты дамытуға бағытталған мақсатты және жүйелі жұмыстар қарастырылды [5, 165 б.]. Қорыта айтқанда Л.В. Занков ақыл ой қызметінің: өз ойын еркін жеткізе білу, байқампаздық, практикалық іс-әрекеттер сияқты көрсеткіштері дамуды іске асырады деп санады.

В.В. Давыдовтың төменгі сынып оқушыларына танымдық міндеттерді шештірудің жолын іздестіру арқылы шығармашылық тәжірибені меңгертуге болады және жеке тұлға деп, белгілі бір шығармашылық әлеуеті бар адамды айтамыз, - деген тұжырым жасаған [6, 21 б.].

Шығармашылық іс-әрекеттер оқушының жүйелі ойлау қабілетін, өздігінен білім алуға икемділігін, дағдыларын дамытады, білім алуға қызығушылығын туғызады, ал мұның негізінде оқушының өзіндік талпынысы, ерік-жігері дамиды да сол арқылы оқу үдерісінде жоғары нәтижеге жетеді. Осыған байланысты бүгінгі таңда білім беру үдерісінде оқушылардың шығармашыл ойлауы мен шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға ерекше мән беріліп отыр. Өйткені, жеке тұлға өмірде кездесетін тосын жағдайларда икемділік пен ойлаудың талдағыштық қабілетін көрсете алатын болуы қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері басты екі түрлі әрекет барысында дамиды. 1) оқу әрекеті; 2) шығармашылық іс-әрекеттер. Шығармашылық іс-әрекеттің оқу әрекетінен басты ерекшелігі мәселені жаңа тұрпатта шешу үшін өздік ұстанымын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іске асыруында.

Бастауыш сынып оқушылары оқу-тәрбие үдерісіне, эмоционалдық тұрғыда олардың қызығушылықтарын арттырып, ынталандырып отырса, шығармашылық тапсырмаларды табысты орындай алатындықтары анықталған. Алайда баланың абстрактілі ойлаудағы мүмкіндіктерін жете бағаламау шығармашылық іс-әрекеттер құрылымын жетік білмеу көп жағдайларда бұған кедергі болып жатады. Шығармашылық іс-әрекеттердің өлшемдеріне: 1) жаңа жағдайға сай білімді тасымалдау; 2) жаңа қызметті көре білу; 3) жаңа шешімдер табу жатады.

Оқу мен еңбектегі оқушы жетістігі, әдетте, өзіне, қабілетіне деген сенімділігі арқасында келеді, ол әрине психологиялық алғышарт болып табылады. Мұнда оқушының оқуға және іс-әрекетке психологиялық даярлығының да маңызы зор.

Оқушылардың оқуға даярлығының өлшемдері қатарына; танымдық процестер дамуының деңгейі (ұғыну, есте сақтау, ойлау, сөйлеу т.б.) оқушы өрісінің кеңейе түсуіне жағдай жасалуы шарт; бастауыш сынып оқушыларының белсенділігі, рефлексиясы, іс-қимыл әрекеттерінің ауқымы олардың ерекшеліктеріне сай болуы қажет; оқу және еңбек қозғаушы күштерінің бір-біріне тәуелділік деңгейі жоғары болуы тиіс. Оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерінің бірі қабілеттілік болып табылады.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың ойлауы дамудың өтпелі кезеңінде тұрып, көрнекі-бейнеліліктен, сөздік-логикалық, ұжымдық ойлауға ауысады. Ж.Пиажениң жіктеуі бойынша, балалар ойлауының бұл кезеңі нақты операциялар сатысы ретінде анықталады. Бірінші сыныпта баланың ойлауы көрнекі бейнелер мен түсініктерге тірелгендіктен, шын мәнінде нақты сипатқа ие. 7-8 жаста балалар ой қорытындыларын әр заттың өзінің белгісіне сүйеніп шығарады. Ал үшінші сынып оқушылары заттың негізгі бейнесіне сүйенбей ой операциясына сүйене бастайды. Зерттеу жұмысымыз тұрғысынан келетін болсақ, шығармашылық тапсырмаларды орындауда көрнекі-бейнеліліктен, сөздік-логикалық, ұжымдық ойлауға яғни шығармашылықпен ойлауға жеткізуге болады деп санаймыз.

Шығармашылық іс-әрекеттің сатылары: 1)-шығармашылық актіде жүзеге асырылатын идеялардың шығуы; 2) осы мәселеге тікелей қатысты білімдердің шоғырлануы жеткіліксіз мәліметтер табу; 3) материалдармен саналы тұрғыда және бейсаналық жағдайда жұмыс істеу, ретке келтіру, біріктіру, варианттарды қарастыру; 4) тексеру және толықтыру.

Шығармашылық жеке тұлғаның өзіндік шығармашылық белсенділігі мен шығармашылық қабілеті ретінде іс-әрекет сипаты және жеке бастың қасиеті бойынша анықталады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың оқу іс-әрекеттерінде шығармашылық мазмұндағы тапсырмалар, проблемалық мәселелер арқылы олардың, шығармашылық ойлауын, қабілеттерін, қиялын дамытуға болады.

Шығармашылық мәселесі көптеген кезеңдерде жекелеген тұлғаның ғана қасиеті, барлық адамға ортақ емес қабілет түрі ретінде қарастырылып келді. Алайда түрлі бағыттардағы ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде нақты бір шарттар мен әдістемелер негізіндегі бастауыш сынып кезеңіндегі кез-келген баланы шығармашылық іс-әрекетке баулу мүмкіндіктері анықталды.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру туралы мәселеде, алдымен осы шығармашылық іс-әрекет құрылымының мазмұнын, оны қалыптастыру жолдары мен қалыптастырудың педагогикалық шарттарын нақтылап алу маңызды. Сонымен қатар, оқушылардың оқуға деген ынтасы мен жеке дара қасиеттерін ескеру, олардың әлеуметтік-психологиялық танымы мен сұранымын талдаудың да қажеттілігі зор екенін көрсетті.

Психологиялық және педагогикалық талдауларға сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың төмендегідей педагогикалық шарттарымен айқындалады:

– білім беру ортасын құру қажет, тұлғаның дамуы мен қалыптасуына жағдай жасау, білім беру үдерісінде барлық оқушылардың белсенді әлеуетін қамтамасыз ету;

– психологиялық оң ахуал туғызып, әрбір оқушының сезімдік эмоциясын дамыту, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастықты орнату. Адамдардың тұтастық-мағыналық бірлестігі пәндік білім мазмұнын меңгеруде педагогикалық жағдай туғызады, ал тұтастық-мотивациялық орта жеке қабілетті дамытады;

– субъектілік қарым-қатынас пен өзара байланыс бірлесе отырып, жоба жасайды, ол өз кезегінде пәндік білім мазмұнын меңгеруде шығармашылық іс- әрекетте өзін-өзі рефлексивті түрде жүзеге асыруы, интеллектуалды дамытады;

– өзінің жеке көзқарасының мәні, оның шығармашылығын жетілдірудің көзі болып табылады. Өзінің әрекетінің нәтижесін талдау, өзінің беделі, жекелілігі, саналылығы, мақсатқа бағытталған әрекеті;

– сахналық көріністер, жарыстар оқушының шығармашылық әлеуетін қамтамасыз ететін рөлдік орындаулар, бұлар өз кезегінде шығармашылық процестің психологиялық моделін құрайтын, ақыл-ойдың жетістігі арқылы оқушының шығармашылыққа жетуі.

Шығармашылық іс-әрекеттің табиғатын саралай отырып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетінің жүзеге асырылу мүмкіндіктерін мына сатымен талдауға болады: оқушылардың шығармашылық мақсатты қоюы және оған жету жолында өзінің іс-әрекетін бағындыруы, алгоритмді өзі жасауы, өзінің іс-әрекеттерінің жоспарлауы және өзіндік бақылауды жүзеге асыруы; кез-келген еңбек саласында жоғары жұмыс жасауы; мақсаттың негізін құрайтын мәселені табуы және шешуі; өзінің сенімін қорғауы. Балалықтың бір сатысынан, екінші сатысына өтуінде өзгертін ерекше сезгіштік, белсенділіктің бағыттылығы әртүрлі жас кезеңіндегі қасиеттердің бірігуі, араласуы – жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерінің жандануы мен қалыптасуының қажетті жағдайы алғы шарттары болып табылады.

Оқыту технологиясын ендіру ең алдымен, оқу үдерісінің пәрменділігін арттыруға, сабақ мазмұнын тереңдетуге, оқу барысының барлық кезеңдерінде әрбір оқушының оқу-танымдық әрекетіне үздіксіз бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда педагогика ғылымдарында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, педагогикалық технология пайдалану әдістемелік жүйенің басты бөлігі. Педагогикалық технологияны пайдаланудағы басты мақсаттарының бірі оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін шығармашылықпен жүргізе алуына мүмкіндік туғызу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Егемен Қазақстан, 12.04.2017. – Б.1-2.
- 2 Кузин В.С. Изобразительное искусство и методика его преподавания в начальных классах. – М.: Просвещение, 1984. – 232 с.
- 3 Лук А.Н. Психология творчества. – М.: Наука, 1978. – 128 с.
- 4 Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – Спб.: Союз, 1997. – С.89-92.
- 5 Занков Л.В. О начальном обучении. – М., 1963. – 193 с.
- 6 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М.: Просвещение, 1986. – 128 с.
- 7 Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2008. – 332 б.
- 8 Жиенбаева С.Н. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың ғылыми негіздері. – Алматы, 2009.

УДК 78 (075.8)
МРНТИ 14.35.09

А.Қ. Ахметова¹

*¹п.ғ.к, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
Алматы қ., Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЕРТЕГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада музыка сабағы бойынша бастауыш сынып оқушыларының дамуындағы ертегінің маңызы қарастырылған. Мектептегі музыка сабағына арналған бағдарламалар бойынша ертегі жанрының қаншалықты қолданыста екендігі талданған. Оқу үрдісімен тығыз байланыстағы тәрбие жұмыстары сыныптан тыс жұмыстарда толықтырылып отырады. Өйткені сыныптан тыс шаралар оқушылардың эстетикалық сезімдеріне күшті әсер етеді. Ал эстетикалық сезімдердің қалыптасуының негізгі кезеңі балалық шақ болып табылады. Сондықтан мақалада бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, музыка сабағы бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс өткізілген ашық тәрбие

жұмыстарының нәтижелері келтірілген. Бұл жұмыстар бойынша ертегі арқылы бастауыш сынып оқушыларының Отанға, туған, елге деген сүйіспеншілігі артып, адамгершілік, имандылық, кішіпейілдік, мейірімділік сияқты жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

Түйін сөздер: жанр, ертегі, қиял, жас ерекшеліктер, музыка сабағы, сыныптан тыс жұмыс, шығармашылық, даму

А.К. Ахметова¹

*¹к.п.н, профессор Казахского Национального педагогического университета им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

РОЛЬ СКАЗКИ В РАЗВИТИИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В данной статье рассматривается роль сказки в развитии учащихся начальных классов на уроке музыки. А также анализ использования сказки в школе по программе музыки. Воспитательные работы тесно связаны с учебным процессом, которые дополняются во внеклассной работе. Потому что внеклассные мероприятия сильно влияют на эстетические чувства учащихся. Основной период формирования эстетических чувств – это детские годы. Поэтому в статье учитываются возрастные особенности учащихся начальных классов, получены результаты проведенных открытых уроков музыки и внеклассных работ. По результатам таких работ посредством использования сказки у учащихся начальных классов развивается патриотизм к Родине, формируются такие личностные качества, как нравственность, гуманность, душевная чуткость, доброта.

Ключевые слова: жанр, сказка, воображение, возрастные особенности, урок музыки, внеклассная работа, творчество, развитие

А.К. Akhmetova¹

¹c.p.s., professor of Kazakh National pedagogical university after Abai

THE ROLE OF FAIRY TALES IN THE DEVELOPMENT OF PUPILS OF PRIMARY SCHOOL

Abstract

This article deals with the role of the fairy tales in the development of trainee in primary school on the music lesson. As well as, the analysis of use of the fairy tales in the school on music program. Educational works are connected closely with educational process, which will be added in out-of-class work. The reason is out-of-class events strongly influence aesthetic feelings of trainee. The main period of formations of aesthetic feelings are childhood time. Therefore, this article is took into account the age features of trainee initial classes, results of conducted open lessons, which are received on lesson of the music and out-of-class works. By the results of such works of use of the fairy tale of trainee in primary school will develop patriotism to the Homeland, and will form such personal qualities as morals, humanity, sincere keenness, kindness.

Keywords: genre, fairy tale, imagination, age features, music lesson, extracurricular work, creativity, development

Жас ұрпаққа білім берудің сапалық деңгейін көтеріп, сұлулық пен көркемдікті қабылдау қабілетін, сезімін, көркемдік талғамын дамыту, ізгілікке баулу, өз ісіне деген шығармашылық күштарлығын, талабын, қызығушылығын арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелері болып отыр.

Осыған орай, қазақ халқының асыл мұрасының бірі – ертегілердің тарихын, табиғатын, тәрбиелік ерекшеліктерін жүйелі түрде зерттеудің қажеттігі бар деп есептейміз.

Ертегіге бай елдердің бірі – қазақ халқы. ХІХ ғасырдан бастап, қазақ ертегілерінің ғажап та көркем үлгілерін В.Радлов, Г.Потанин, И.Березин, А.Алекторов, П.Мелиоранский, Ш.Уәлиханов, Ә. Диваев сияқты белді де белгілі ғалымдар жинап, жариялай бастады. Қазақ ертегілерін зерттеуге М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайыловтар белсене араласты. М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, С.Қасқабасовтардың қосқан үлесі де елеулі.

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Сонымен қатар ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық рөл атқарады.

Негізінен бастауыш сынып оқушыларының жасын балалықтың шыңы деп атайды. Бала әлі күнге дейін балалықтың көп қасиеттерін сақтайды – жеңіл ойлау, аңқаулық, ал оқу ол үшін – маңызды іс-әрекет. Бала мектепке 6 жастан барады ма, әлде 7 жастан барады ма ол өзінің дамуының қандай да бір кезеңінде дағдарыстан өтеді. Мұндай дағдарыс 7 жаста немесе 6 жаста тіпті 8 жаста болуы мүмкін. Енді бастауыш сынып оқушыларының психологиясын қалыптастыру мәселесі – қиялды дамытудан басталады.

Қиял – тек адамзатқа ғана тән, жаңа бейнені жасауда өткен өмір тәжірибесі арқылы қайта жасау мүмкінділігі. Қиялдың басты міндеті – жүзеге асырылуға дейінгі елестің нәтижесі. Баланың қиялы ақиқатты танып-білуімен байланысты, нақтырақ айтқанда, өмірдің қыр-сырын танып-білу – қиялдың басты қайнар бұлағы.

Т.Рибонның айтуынша, баланың шығармашылық қабілеті тәжірибелілігіне байланысты дамиды дейді. Қиял балада мол емес (небогаче), үлкендерге қарағанда, ол тек ойдың даму қарқынын тездетеді [1].

1-ші сынып оқушыларында қабылдаудың саралап қабылдау түрі жақсы дамыған (түсін, пішінін дұрыс атағанымен, кейбір ерекшеліктеріне көңіл аудармау). Баланың талдауы мен саралауының дұрыс дамуы үшін тек қана түсінісу мен кейбір қасиеттерін ғана қабылдау жеткіліксіз, ол үшін іс-әрекеттің ерекше түрі – бақылау қалыптасуы керек. Бұл қасиет тек оқу іс-әрекетінің негізінде қалыптасады.

Бастапқы кезде қиялдағы заттар бір ғана күйде (статикалық) болса, 2 сыныптың соңы 3 сыныптың басында қозғалыс күйінде (динамикалық) өзгерістік күйде қалыптасады. Мысалы, мазмұндама жаза алу, қайта жасау қиялы негізінде, оқыған әңгімедегі сюжетті өзгерту, кейбір объектілерді жалпылау жағдайы мен болған оқиғаны уақыт аралығында елестете білу – міне осының бәрі баланың шығармашылық қиялын дамытудың алғышарттары.

Балалардың өмірінде қиялдың ерекше маңыздылығын көрсеткен В.Ш. Штерн мен Д.Дьюрннің айтуынша, баланың қиялы үлкендердің қиялына қарағанда байырақ, ал Л.С. Выготский мен С.Л. Рубенштейн бала қиялының дәрежесі өте жоғары екендігін басқа да психикалық үрдістермен қатар даму екінімен салыстыру арқылы дәлелдеуге болады деген.

Баланың қиялы ересектерге қарағанда әлсіз, Л.С. Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, "бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Қиялда болатын барлық образдар, қаншама таңғажайып болып көрінгенмен де, баланың өмірден көрген-білгеніне негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдауымен түсіндіргенде, бізге, үлкендерге күтпеген, таңқаларлықтай болып естіледі" [2].

Қазақ ертегілері арқылы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай қиялдың шығармашылық көрсеткішін анықтауға болады. Солардың ішіндегі ең көнесі және ертегінің мол саласы – қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде табиғаттың нелер тұңғыық сырлары, соны білсем деген халық арманы, әлемді шарласам, жеті қат жер асты құпиясына үңілсем, тіршілік өмірін жеңілдетсем, жадыраған жайма-шуақ заманға жетсем деп армандаған халық қиялы бар.

Әділдік пен жауыздық арасындағы күрес халықтың әділдікті аңсау арманынан туған. Әділдіктің жақтаушысы ретінде мерген, батыр, айлалы, ақылды адамдар бейнеленген. Олар – қарапайым адамдар, бірақ алдына қойған мақсаты биік, сондықтан да ертегілер көбінде жақсылықпен аяқталады, әділдік жоқтаушысы – адамның мерейі үстем болуымен тынады.

Көркемдік әдебиетті қабылдау кезінде бастауыш сынып оқушыларында ерекше белсенділік байқалады, өйткені ол өзін сол кейіпкердің орнына ойша қойып, сонымен бірге оқиғада іс-әрекет жасайды, сонымен қатар бірге жан күйзелісіне түсіп, қайғысын бөліседі, кейіпкерлердің қуанышы мен мұңына ортақ болады.

Сонымен балалардың қиялын дамыту – олардың ішкі жан дүниесіне еніп, осындай қасиеттердің көрінуіне ықпал ету. Қиял шығармашылық іс-әрекеттің дамуына және бала ойының дұрыс дамуына әсер етеді, яғни, балалардың шығармашылық қасиеттерінің еркін дамуына септігін тигізеді.

Мектепте тәрбие мен білім беру бір-бірімен сабақтас біртұтас әрекет. Олай болса, ертегі баланың түсінігіне дөп келетін ойнақы сөз тіркестерімен айналадағы тіршілік тылсымын айқын суреттеп көрсете алады. Мысалы: "Алдар көсе", "Қожанасыр" бейнелері халық даналығынан туындаған тапқыр, ақыл иелері. Олар туралы шығармаларды тындағанда балалар ерекше көңіл-күй сезімінде болып, күлкіге кенеледі. Алдар көсе мен Қожанасырдың тапқырлығынан өнеге алады, солардың жағымды іс-әрекетіне еліктейді. Себебі, оқушылар кейбір кейіпкерлердей әр қилы сұлу қимыл-қозғалыс жасауға, түсінуге тырысады, ал бұл дене түзілісінің сымбатты

қалыптасуына әсерін тигізеді. "Баланың өзі өссе, үстіндегі көйлегі де өседі, ойы да биіктейді, білік көкжиегі де кеңиді" [3].

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының музыкалық-эстетикалық тұрғыда дамуына бірден-бір қолайлы жағдай туғызатын тәсілдің бірі – ән айту, музыка тыңдату. Осы мақсатта ертегінің мектеп үрдісінде қаншалықты қолданылып жүргендігіне көз жүгіртіп, әрі қарай ұйымдастырудың әдістемелік жүйесімен жұмыс жасау міндеті туып отыр. Сондықтан мектептегі музыкалық білім беруде ертегі мәселесі қандай күйде қолданыста екендігіне талдау жасағанда байқағанымыз:

"Мұрагер" бағдарламасы бастауыш сыныптарына арналған алғашқы бағдарламалардың бірі. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – өзінің тілін, дінін, дәстүрін, өнерін, әдет-ғұрпын біліп, халқының асыл қазынасының мұрагері сезінетін, өз елін, туған жерін, ата мекенін сүйетін Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу.

Ал, енді бағдарлама мазмұнына келетін болсақ, I сыныптың негізгі мазмұны қазақтың халық аспаптарының шығуына арналған қызғылықты аңыз-күйлерге құралған. Оқу-жылының тақырыбы: "Аңыз күйлер таңғажайып ертегі әлеміне жол ашады". I – тоқсан тақырыбы: "Сөйле шешен, домбыра". Бұл тоқсанда 4 сабақ бойы ел арасына көп тараған аңыз-күй – "Ақсақ құлан" тыңдауға берілген. Әр сабақта музыка мұғалімі аңыздың мазмұнымен таныстырып отыра, кейбір музыкалық көріністерді (аттың тұяғының дүбірі) домбырада ойнап береді. Сабақтың білімділігі – күй аңызы арқылы қазақтың көне әдет-ғұрыптарымен таныстыру, тәрбиелігі – жан-жануарларға қастандық жасамауға тәрбиелеу, дамытушылығы – балалардың еске сақтау қабілетін қалыптастыру.

5,6,7 сабақтарда халық күйі – "Нар идіргенді", (білімділігі – төрт түлік мал ішіндегі түйемен танысып, оны қалай шақыратындығын білу, тәрбиелігі – өмірде өтірік сөз айтпай, шындықтың жолымен жүру, дамытушылығы – күй тілін ұғыну), ал 8-17 сабақтарда халық күйі – "Тепең көк", (білімділігі – сыншылық туралы мәлімет, тәрбиелігі – еңбекқорлыққа, туған жерін сүюге тәрбиелеу, дамытушылығы – күй тілін тереңірек ұғыну), музыкалық тыңдауға беріліп, аңыз мазмұндары тереңірек сыныпта түсіндіріледі.

II- тоқсан тақырыбы – "Домбыра үйренейік" деп аталады, 2-9 сабақтарда халық күйі – "Жетім бала зары" үйретіледі. Сабақтың білімділігі – күй аңызы арқылы қазақтың көне әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен, қазақтың ертегі кейіпкерлерімен танысу, тәрбиелігі – өмірдегі қиындықтарды жеңе білу, балаларды қайырымдылыққа, ержүректілікке тәрбиелеу, дамытушылығы – күй тілін ұғынуды үйрету [4]. Сонымен қатар, «Жетім бала» эпикалық аңыз-күйінің балаларға білім беруімен қатар, тәрбиелік жағы да ескерілген. Себебі, күй қазақтың көшпелі кезеңіндегі өзіне тән философиялық өмір жақтарын ашады. Аңызда өзінің еліне, туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілікті, адалдықты суреттейді. Күй балаларды табандылыққа, ерлікке, қазақтың нағыз азаматы болуға тәрбиелейді [5].

Республикамыздың жалпы білім беретін мектептерінде 1998 жылдан бері қолданыста болған Ш.Б. Құлманова, М.А. Оразалиева, Б.Р. Сүлейменовалардың авторлық бірлестігінде бастауыш сыныптың музыка сабағының типтік бағдарламасы бойынша ертегі жанрының қаншалықты пайдаланылып жүргеніне көз жүгіртсек: екінші сыныптың үшінші, төртінші тоқсанында оқушылар аңыз бен ертегі әлеміне саяхат жасайды. Сонымен қатар үшінші тоқсанда олар қазақ халық ертегісі "Жыл басына таласқан хайуанаттар" атты ертегі желісіне жазылған "Жыл басы кім болады?" атты бір актілі балалар операсымен таныстырылады. Музыкасын жазған Ш.Б. Құлманова, сөзі Р.Наурызбаева. Мұндағы мақсат – балаларды опера және оның кейіпкерлерімен ғана таныстырып қоймай, сонымен қатар қазақша жыл санау ретін үйрету. Әрі осы үшінші тоқсанның аяғы жаңа жыл Наурыз мейрамына сәйкес келеді [6].

Бітіруші студенттермен практика кезінде осы операны толығымен сабақтан тыс Жаңа Жыл мейрамына арнап дайындап оқушылармен өткізілді. Опера кейіпкерлерінің костюмдерін дайындап, билерді үйретіп, яғни барлық операның номерлері жеке-жеке аса мұқияттылықпен дайындалды. Бірінші сабақта сыныпқа оқушылар «Ертегілер елінде» әнімен кіреді. Бұл ән оқушыларда тоқсандақ тақырыпты ашуға дайындайды. Сондықтан біз "ертегі" сөзінің мәніне, оның түрлеріне қысқаша тоқталып, балаларға ертегіні оқып береміз. Ертегіні тек сөз түрінде ғана емес, музыка тілімен де жеткізуге болатындығын, «опера» ұғымын балаға жақын тілмен түсіндіреміз.

Сонымен, опера дегеніміз – сахнада қойылатын кейіпкерлері хор немесе жеке ән айтып, би билейтін музыка әлемін айтады. Операның кіріспесін тыңдамас бұрын ертегі мазмұнынан үзінді оқылады, яғни оқушылар операның кейіпкерлерімен жеке-жеке танысады. Орындалатын әндерде жануарларға мінездеме берілген, музыкалық көркемдік құралдар бойынша салыстыра талдау

жасалынған. Сазгер кейіпкерлерге сипаттаманы өте орынды берген, мысалы, «Мө» сөзіне ферматоны қоюы, жылқы жүрісіне ырғақты нақты беруі сияқты.

Ертегіге қарағанда операның соңында өзгешелік бар. Ондағы финал вальс және хайуанаттардың соңғы хоры, жылдарды санаудың ретімен аяқталады (тышқаннан кейін күнді сиыр, барыс және т.б.). Мұндай жыл санау ән түрінде үйретілсе, баланың есінде жақсы сақталады [7]. Хайуандардың әрқайсысы өз алдына адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын бейнелейді.

Тәрбие үрдісі – кең де күрделі сала екені соншалық, оны сабақтарда оқу материалын оқып-үйрену уақытымен ғана шектеу орынсыз, сондықтан оқу үрдісімен байланысты тәрбие прогресінің нәтижелері сыныптан тыс жұмыста баянды етіліп, қорытылып және толықтырылып отырады. Мұндай талаптар оқу-тәрбиеге де қолайлы, басқаша айтқанда, көтеріліп отырған тақырыбымыз – өткізілетін сыныптан тыс шаралардан оқшау қалмауға тиіс, өйткені сыныптан тыс шаралар оқушылардың эстетикалық сезімдеріне күшті әсер етеді. Сезім мәдениеті қалыптасуының негізгі кезеңі балалық шақ болып табылатыны бәрімізге белгілі, осыған байланысты В.А. Сухомлинский: «Балалық шақта бойға даритынның орнын бозбала шақта және әсіресе есейген шақта ешуақытта толтыруға болмайды. Бұл қағида рухани өмірдің барлық салаларына, әсіресе, эстетикалық тәрбиеге қатысты. Жеке адамның неғұрлым кейінгі кезеңдеріне қарағанда балалық шақта әсемдікке сезімталдық, оны тез қабылдаушылық әлдеқайда терең» - деп есептеген болатын [8, 65].

Сөзіміз дәлелді болу үшін осы мақсатта практика кезінде "Ғажайып табиғат" атты кешенді-эстетикалық тәрбие жұмысы табиғат аясында өткізілді. Мақсаты: бірінші сынып оқушыларын орман аңдарымен таныстыру. Әр түрлі қимылдар жасау дағдысы мен іскерлігін арттыру. Қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілігін, эстетикалық әсерлену сезімдерін дамыту.

Бұл тәрбие жұмысын өткізу барысында ойын, көрсету, түсіндіру, сұрақ, көркем әдебиет, мадақтау сияқты әдістер, бояу, қыл қалам, түрлі-түсті қағаз, қарындаш, желім, қайшы сияқты көрнекі құралдар қолданылды. Музыка мұғалімінің басқаруымен балалар, түрлі ағаштардың, аңдардың, көбелектердің, гүлдердің суреттерін салды. Міне, мұндай жұмыстардың қайсысы болмасын балалар бойында талғампаздықты, әдемілікті, әсемдікті сезіну дағдыларын қалыптастырады.

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін мен музыкалық қабілеттерін ескере отырып, қойылатын талаптарға сай сапалы білім беріп, біліктілігін көтерсек, оқушылардың шығармашылық ой-өрісі мен қабілеттері дамып, әсемдікті, сұлулықты сезініп, музыкалық талғамы мен музыкалық мәдениеті тәрбиеленеді. Демек, тәжірибемізге негіз болған бастауыш сыныптарындағы балалардың құрастырған ертегілері ұйымдасқан түрде мағыналы, жүйелі, өз бетінше еркін жүргізілген жұмыс, қиялдың дұрыс дамуына апаратын көп жолдың бірі болды деп есептейміз. Сонымен қатар Отанға, туған, елге деген сүйіспеншілігі артып, адамгершілік, имандылық, кішіпейілдік, мейірімділік сияқты жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер (Құрастыр: Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова). – Алматы: Жазушы, 1989.
- 2 Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка // Вопросы психологии. – Москва, 1996. – №6. – Б.62-76.
- 3 Әлімбаев М. Халық-гажжап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994. – 144 б.
- 4 «Мұрагер» бағдарламасы бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. 1 сынып. – Алматы: «Ұмай» баспасы, 2004. – 88 б.
- 5 Құлманова Ш.Б., Оразалиева М.А., Сүлейменова Б.Р. Музыка. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 4 сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Атамұра, 2000. – 80 б.
- 6 Құлманова Ш.Б., Оразалиева М.А., Сүлейменова Б.Р. Музыка. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 1-2 сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Атамұра, 1998. – 80 б.
- 7 Құлманова Ш.Б., Оразалиева М.А., Сүлейменова Б.Р. Музыка. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 3 сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Атамұра, 1999. – 64 б.
- 8 Сухомлинский А.В. О воспитании // Выдержки из книг и статей. – М.: Политиздат, 1973. – 278 с.

Б.Қожабекова¹

*¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 2 курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан*

ЕРТЕГІ АРҚЫЛЫ ЕРЕСЕК ТОПТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін алу жағдайында қоғамды жаңарту демократиялау процесі болды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл деген статусқа ие болу ол рухани мәдени- тарихтың өткен мұрагерін жаңғырту ең маңызды мәселердің бірі.

Адамды адам еткен, ары қарай дамытып әрқашан жетілу үстінде құбылыс ретінде ең алдымен тілді атауға болады. Тіл - адам ойын жетілдіру үшін, әлемді қоғамды танытушы. Тіл арқылы әр адам өз ойын, өз пікірін жеткізе алады, қоршаған ортамен қарым-қатынысқа түседі. Тілді тиімді әрі дұрыс пайдалану адамның сөздік қорының және оны орынды қолдануына байланысты. Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің негізгі бағыты баланың сөздік қорларын дамыту, жетілдіру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының негізі міндеттерінің бірі – балаларды жүйелі сөйлеуге үйрету және машықтандыру. Демек, сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жұмысы балабақшада үздіксіз және мақсатты түрде жүргізіледі.

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың мүмкіндіктері қарастырылады. Балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың бәрден-бір жолы ертегі, оның ерекшеліктері туралы айтылып, балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың шарттары нақтыланған.

Сонымен қатар, ересек тобы балаларының қазақ халық ертегілері арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды, біріншіден, қазақ ертегілерін меңгеруге байланысты балалармен жүргізілетін жүйелі іс-әрекетке, екіншіден, ұйымдастырылған оқу қызметтің мазмұны мен әдістеріне, үшіншіден, ертегінің эмоционалды тұрғыда, әсерлі сезіммен қабылдауына байланысты айқындалатыны айғақталды.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, мәдениет, сөйлеу мәдениеті, сөз мәдениеті, іс-әрекет

Б.Кожабекова¹

*¹магистрантка 2 курса КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ВОЗМОЖНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ РЕЧИ ПОСРЕДСТВОМ СКАЗКИ У ДЕТЕЙ СТАРШЕЙ ГРУППЫ

Аннотация

На пути получения Независимости Республики Казахстан был процесс модернизации демократизации общества. Обладание казахского языка статусом государственного языка – это модернизация наследства духовно-культурной истории, которая считается одной из важных проблем. Можно сказать что, именно язык, как явление, сделал человека человеком, всегда способствуя дальнейшему развитию и совершенствованию. Язык – способ совершенствования мыслей человека, способ распознавания мира и общества. Посредством языка человек может передать свои мысли, свое мнение, может вступать в контакт с окружающей средой. Эффективное и правильное использование языка зависит от словарного запаса человека и его правильного применения. Основным направлением развития системы образования на современном этапе является развитие словарного запаса ребенка, совершенствование, формирование культуры речи.

Одна из главных задач педагогов дошкольных организаций – учить детей говорить систематически и тренировать. Следовательно, работа по развитию речи, по формированию культуры речи в детском саду проводится непрерывно и целенаправленно. В данной статье рассматриваются возможности формирования культуры речи у детей в дошкольных организациях. Сказка – один из путей формирования культуры речи детей, были описаны его особенности, уточнены условия формирования культуры речи детей.

Наряду с этим, выяснилось, что формирование культуры речи у детей старшей группы посредством казахских народных сказок зависит: во-первых, от системного действия, проводимого с детьми для освоения казахских сказок; во-вторых, от содержания и методов организованной учебной деятельности; в-третьих, от эмоционального и чувственного восприятия сказки.

Ключевые слова: общение, культура, культура речи, речевая культура, действия

B.Kojabekova¹

*¹2nd year masters degree student at KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

POSSIBILITIES OF SPEECH CULTURE FORMATION OF CHILDREN OF THE SENIOR GROUP BY THE FAIRY TALE

Abstract

On the way of obtaining the Independence of the Republic of Kazakhstan there was the process modernization of the democratization of society. Possession of the Kazakh language as the status of the state language is the modernization of the inheritance of the spiritual and cultural history, it is considered one of the important problems. It can be said that it was language as a phenomenon that made man a man, always contributing to further development and improvement. Language is a way of improving a person's thoughts, a way of recognizing the world and society. Through the language, a person can convey his thoughts, his opinion, can enter into contact with the environment. The use of language effectively and correctly depends on the vocabulary of the person and his correct application. The main direction of the development of the education system at the present stage is the development of the child's vocabulary, improvement, the speech culture formation.

It can be said that it was language as a phenomenon that made man a man, always contributing to further development and improvement. Language is a way of improving a person's thoughts, a way of recognizing the world and society. Through the language, a person can convey his thoughts, his opinion, can enter into contact with the environment. The use of language effectively and correctly depends on the vocabulary of the person and his correct application. The main direction of the development of the education system at the present stage is the development of the child's vocabulary, improvement, the speech culture formation.

One of the main tasks of teachers of pre-school organizations is to teach children to speak systematically and to train. Consequently, work on the speaking development, the speech culture formation in kindergarten is conducted continuously and purposefully.

This article deals with the possibilities of speech culture formation forming in children in pre-school organizations. The fairy tale is one of the ways of speech culture formation of children, it was said about its peculiarities, the conditions of the speech culture formation for children were specified. In addition, the speech culture formation among the children of the older group through Kazakh folk tales, firstly, the systemic action carried out with children is associated with the development of Kazakh fairy tales, secondly, the content and methods of the organized learning activity, and thirdly, the perception of the fairy tale emotionally and with feeling were revealed.

Keywords: communication, culture, culture of speech, speech culture, actions

Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, барлық қаракөз бауырларымыздың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Тек тіл үйренуде ұмыт болып бара жатқан шаруа бала бақша, үй, мектеп, жоғары оқу орындарында ұл-қыздарымызды тілдік қоры бай қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету. Содан, үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастарымыздың бір-біріме қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Олай болса, шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, ауызша, жазбаша сөйлеу – әдептіліктің биік шыңы. Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Олардың түсінісудегі негізгі құралы – тіл. Әр адам дұрыс сөйлей білуі, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыра білуі тиіс. Қарым-қатынас адамдардың отбасымен, өскен, араласқан ортасымен, елімен, жерімен, дәстүрі, мәдениет қазынасымен етене әрі жанды байланысы. Қарым-қатынаста адамдардың жан дүниесі, өмір тіршілігіндегі бейнесі көрінеді. Әдеп – сөйлесудегі, пікірлесудегі мәдениет тірегі. Мәдениет – адамдардың рухани және материалдық, білімдарлық пен сезімталдық қасиеттер аңғарылатын белгілерінің жиынтығы. Мәдениеттің туы – тіл, ол адамзаттың мұратымен астасып, сол ұлтпен бірге пайда болып, дамып отырады. Өз тарихын, ұлттық дәстүрін, туған жерін, тілін қадірлей білген адам ғана мәдениетті болады. Сөз мәдениеті – сөзді орынды қолданып, қиюластырып, үндестіріп айта білу, емле мен тыныс белгілері ережелерін дұрыс сақтау, тілдің ғасырлар бойы сақталып келген көркемдігі мен тарихын, әсемдігін сақтай білу. Сөйлеу, тілі камалдар, тіл мәдениеті туралы сөз етсек, адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін – сөйлеу деп атайды. Сөйлеуге адамның анатомиялық мүшелері қатысады, алайда ол адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне тығыз байланысты. Балалардың сөйлеу мәдениеті олардың интеллектуалдық белсенділігінен көрінеді. Бұл балалардың көптеген әрекеттерінен байқалады.

Баланың тәрбиешіге қойған сұрақтары сөйлеу мәдениетінің бір көрсеткіші болып саналады. Сұрақтар баланың түсініксіз нәрсені ұғынуға және өзін қызықтырған ертегіні терең түсінуге талпынысын көрсетеді.

Әдетте, ертегі оқыған балалар ондағы өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Ертегіні оқыған сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Балалар тарапынан қойылған сұрақтар олардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересектер бала сұрағын жауапсыз қалдырмағаны жөн. Өйткені, сұрағына жауап ала алмаған бала, келешекте сұрақ қоядан жасқаншақтайды, ал бұл болса оның қызығушылығын кемітіп, дүниетанымын шектеуі мүмкін.

Баланың өзі қойған сұрақтары ізденісті білдіреді себеп-салдарлы мәселелерді танып-білудегі белсенділігін байқатады.

Интеллектуалдық белсенділіктің келесі бір көрсеткішіне балалардың ертегіні талдаудағы іс-әрекетке өздігімен еркін қатысуға деген талпынысы жатады.

Мәселен, тыңдаған ертегілерін («Тазша бала», «Алдар Көсе») талқылауға қатысуы, сұрақтар қоюы, жолдастарының жауаптарын толықтырып, түзетуі, ертегіден алған әсерімен бөлісуі, өзінің ой-пікірін білдіруі және т.б.

Тәрбиешінің сұрақтары да белсенді балаларға арналады. Өйткені солардан ғана проблемалық сұрақтарға белсенді жауаптарды, түрлі көзқарастар мен пікірлерді, сондай-ақ түрлі болжамдарды күтуге болады.

Балалардың қызығушылығын танытатын интеллектуалдық белсенділіктің көрсеткішіне жинақталған білім мен іскерліктер қорын олардың белсенді пайдалана білуі жатады.

Баланың іс-әрекетті эмоционалдық тұрғыда қабылдауы оның сөйлеу тілінің дамуының бір көрінісі болып табылады. Эмоциялық бастама сөйлеу мәдениетінің маңызды саласын құрайды.

Баланың іс-әрекетін эмоциялық тұрғыда бағыттау оның сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші болып саналады. Тәрбиешінің өзінің бақылауы бойынша сөйлеу мәдениетінің мынадай эмоциялық көріністерін айқындай алады: ертегі мазмұнын кейіпкердің мінез-құлқы бойынша әңгімелеуі, бірге әсерленуі, меңгерген білім мазмұнына көзқарасы. Балалар өздерінің қуанышын, эмоциясын ашық көрсетеді. Бұл эмоциялар әртүрлі себептерден, мәселен, ертегідегі батырлардың (Қосай батыр, Асан батыр, Жерден шыққан Желім батыр, т.б.) ерлігіне сүйсіну, ондағы жағымды әрекеттерді қолдап, құптау, оқиғаларға әсерлену, ертегіде жырланатын тамаша табиғат көрінісін эстетикалық сезіммен қабылдау, жақсылық пен әділдікке сүйіну, жамандық пен әділетсіздікке ренжу, налу, Отанға, елге деген сүйіспеншілік сезімін білдіру, т.б. туындайды.

Балалардың эмоциялық сезімі, әдетте, олардың ілікпе сөздерінен, ишара қимылынан, бет қимылынан байқалады. Бала өзінің эмоциялық сезімін табан астынан пайда болған қуанышта да (мәселен, бір нәрсенің шешімін қолма-қол тапқанда, өзінің күшіне сенімді болғанда, т.б.) көрсете береді. Бұл, әрине, баланың жеке тұлғалық қасиетіне байланысты болады.

Балалардың сөйлеу мәдениетінің келесі бір көрсеткіші болып реттеушілік процесі саналады, ол балалардың эмоциялық көңіл күйімен бірге, түрлі іс-әрекеті барысындағы ерекшеліктерден көрінеді. Бұл ең алдымен зейіннің жинақыланып, тиянақты бола бастауынан байқалады. Тұрақты және айтарлықтай мағыналы қызығушылық, әдетте, қиыншылықты жеңуге деген талпыныспен, күрделі мәселенің шешімін әртүрлі жолдар арқылы іздестірумен бейнеленеді. Балалардың іс-әрекетін реттеуші механизмі білімге деген қызығушылықтың аса қажеттігін сезінуге итермелейді. Қызығушылық әрдайым іс-әрекетпен айналысумен, іс-әрекетке берілумен байланысты. Бала бастаған жұмысын аяқтамай жатып-ақ, оған назар аударады. Баланың тиянақтылығы оның ерік-жігеріне байланысты болады.

Ерікті әрекеттер сыртқы жағдайларға, нақты айтсақ, баланың күнделікті тіршілігіне және іс-әрекетіне байланысты айқындалады. Әдетте, ерікті әрекет саналы мақсатты қоя білуден басталады. Баланың еркі әртүрлі сапамен сипатталады: мақсаттылығымен, шешімділігімен, ұстамдылығымен (өзін ұстай білуі), табандылығымен, өжеттілігімен, тәртіптілігімен және т.б. Бұл мінез құрылымында маңызды рөл атқарады.

Балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда мынадай шарттарды ескергенде жетіле түседі:

1. Балаларды мүмкіндігінше белсенді ойлау әрекетіне баули отырып, ойлағанын сыртқа шығарып, әңгімелеуге жетелейді.

2. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында балаларды тиімді жолдар арқылы дамытуды ескеру.

3. Эмоционалдық жағдай, жағымды эмоционалдық көзқарас.

Біздің көзқарасымызша, қазақ халық ертегілері балаларды туған мәдениет пен әдебиетті сүйіп, қастерлей білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды.

Сонымен ертегі балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі. Оларда халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, қазақ халқының ең жақсы қасиеттері – еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып-өскен табиғатқа және т.б. деген сүйіспеншілігі бейнеленген.

Алдыңғы қатарлы орыс педагогтары барлық уақытта халық ертегілерінің тәрбиелік және білім берушілік маңызы туралы аса жоғары пікірде болды, педагогикалық жұмыста оларды кеңінен пайдаланудың қажеттігін көрсетті. Мәселен, К.Д. Ушинский орыс халық ертегілерін халық педагогикасының алғашқы тамаша талпынысы деп атады. Ол ертегілерге халық педагогикасының ескерткіштері ретінде қарай отырып, өмірде ешбір нәрсе данышпан халық педагогикасымен теңесе алмайды деп жазды. Ертегі көркем – әдебиет шығармалары болғанымен, онда көптеген білім салалары теориялық көрініс тапқан. Ертегі – халық педагогикасының қайнар көзі. К.Д. Ушинский ертегілер туралы жоғары пікірде болғаны соншалық, оларды өзінің педагогикалық жүйесіне енгізді. Ол ертегінің балаларға ұнау себебі халық шығармашылығының қарапайымдылығында, оның балалар психологиясына сәйкес келуінде деді [1].

Оның пікірінше, ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық дамудың үйлесімді болуы қажет. Ұлы орыс педагогінің сенімі бойынша, бұл міндет тәрбиеде халық ертегілерінің материалдары кең пайдаланылған жағдайда ғана ойдағыдай шешіледі. Ертегілердің арқасында балалардың жүрегінде керемет тамаша поэтикалық бейне орын алады, ақылдың дамуы фантазия мен сезімнің дамуымен қатарласа жүреді. Ушинский ертегілердің психологиялық маңыздылығы және олардың балаға психологиялық ықпалы туралы мәселені егжей-тегжейлі қарастырды, ол халық ертегілерін әңгімелерден жоғары қойды, өйткені, педагогтың пайымдауынша, әңгіме – қолдан жасалған жасанды шығарма [1].

Ертегі дегеніміз, бейнелеп айтқанда, балалық ой мен сөздің шамшырағы. Балалар ертегіні тыңдайды және оған әуестенеді, өздері ойдан шығарады. Ертегіні ойдан шығару – мұғалім үшін балалармен рухани көзқараста болу болса, балалар үшін теңдесі жоқ ойдың қуанышына айналады. Мәселен, осындай көріністі бақылаған В.А. Сухомлинский өз тәжірибесінде балалардың көрген-білгендері туралы, немесе олардың түсінігіне қиын болмайтын жайлар туралы қарапайым ертегілер ойлап шығарған. Ертегіде терең ойдың болуын қалаған. Ертегіні өмір оқулығы десе болады. Өйткені, қуаныш та, шаттық та, уайым-қайғы да – бәрі ертегі мазмұнынан табылады. Сондықтан балалардың ертегісіз өмір сүріп, өсіп-жетілуі мүмкін емес [2].

Қай халықтың болмасын ертегілері балалардың жас ерекшеліктеріне, мақсат-мүддесі мен талап-тілектеріне сай құрылады, өзінің тартымдылығымен, бейнелілігімен және сезімге ықпал етуімен айрықшаланады.

Басқа халықтар сияқты, қазақ халық педагогикасында да ертегі жас ұрпақтың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды және әлі де атқарып отыр. Ертегіге жастың да, кәрінің де жаны құмар. Қазақ халық ертегілері езінің мән-мазмұнының тереңдігі, шыншылдығы, тапқыр әзіл-мысқылы және әлеуметтік мәні жағынан көрнекті көркем құбылыс болып табылады. Бағзы замандардан-ақ қазақтар терең де алғыр ойымен, тапқырлығымен, эпикалық дастан мен ертегілерді дәлме-дәл айтып шығуға мүмкіндік беретін таңқаларлық есте ұстау қабілетімен ерекшеленетінін Ш.Уәлиханов, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, Ә.Диваев, И.Березин, А.Е. Алекторов сынды көптеген зерттеуші – ғалымдар, этнографтар, тарихшылар атап көрсеткен.

Қазақ ертегілері мазмұнының бай екенін Ш.Уәлиханов орынды ескертеді. Ертегідегі батыр, жезтырнақ, алып секілді көптеген кейіпкерлерді көрсету арқылы адам баласының жағымды-жағымсыз моральдық қасиеттерін (кішіпейілділік, әділеттілік, шыншылдық, ізеттілік, инабаттылық, қайырымдылық-қайырымсыздық, зұлымдық, т.б.) ажырата білуге, әдемілікті сезіне, қабылдап, тани-білуге үндейді [4].

Қазақ ертегілерінің бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктері туралы ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин де айтып өткен. Ол балаларды ауызекі шығармашылықты (ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, т.б.) қадірлеуге, ондағы халықтың басынан өткен қилы-қилы тарихи кезеңдерге

әділ баға бере білуге үйретті, оны ерекше әсермен, жоғары эстетикалық сезіммен қабылдауға баулыды. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енгізген ауыз әдебиетінен жинаған материалдарының мазмұны танымдық, адамгершілік, өнегелік және ақылгөйлік сипатта болды, бұлардың балалардың жоғары эстетикалық талғамының жан-жақты қалыптасып, дамуындағы, әдемілікті түсіне білуге, нағыз сұлулықты сыртқы жылтырақтардан ажырата білуге тәрбиелеудегі мәні зор [5].

Қазақ ертегілерін зерттеуге әдебиеттанушылар, фольклористер де (М.Әуезов, М.Ғабдуллин, С.Садырбаев, С.Қасқабасов, т.б.) елеулі үлес қосты.

Ал, М.Ғабдуллин қазақ ертегілерінің жиналып, зерттелуі өте маңызды іс екенін айта келе, оларды көркемдік, танымдық-тағылымдық жағынан жоғары бағалайды [3]. Ертегілерде адам баласының тұрмыс-тіршілігі, өмірі, табиғаты, салт – дәстүрлері, мәдениеті мазмұндалатыны туралы сөз етеді. Ертегілердің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктеріне тоқталады, ертегінің қызықты да тартымды болуы ертекші әңгімесінің мәнерлі айтылуына байланысты екендігін ескертеді. Ертегішілердің кейбірде айтатын әңгімесіне бірден кірісетініне, ертегідегі басты кейіпкерлермен таныстыратынына да тоқталады («Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты», «Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты», «Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты», т.б.). Ертегілердегі оқиғаларды осылайша бастап баяндау оның тартымдылығын арттыра түседі. Ертегі айту шығармашылық өнерді, асқан шеберлікті талап етеді. Сан алуан ғажайып оқиғаға құрылған ертегілердің желісін бұзбай өрістете әңгімелеу, әрбір үзінділердің өзара байланыста болуын ескеру, оқиғаны қызықты етіп баяндау, ертегілердің әрбір кейіпкеріне лайықты мінездемелер беру, олардың бейнелерін тыңдаушының көз алдына елестету, әрқайсысының іс-әрекеттеріне қарай сөз қолдана білу, т.б. ертекшінің алдына қойылған талап іспеттес. М.Ғабдуллиннің сөзімен айтқанда, ертегінің тартымды болу-болмауы оның айтушысына байланысты.

Қазақ халық ертегілері ішінде көркемдік қиялға толы, ең қызықтысы – қиял-ғажайып ертегілері. Ол балаларды өзінің көркемдігімен, әсемдігімен, тартымдылығымен баурайды. Олардың қиялын ұштайды, қиындықты жеңуге, қиналған кезде ақылмен шешімді әрекет істеуге, зерек, тапқыр болуға итермелейді. Айналадағы әдемілікті түсініп, қабылдай білуге үйретеді. Ертегінің қайсыбірі болмасын баланың сана-сезіміне әсер етеді. Яғни баланың ертегілерге танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы ықпалының өзі осыдан басталады. Әдетте, балаларға тән мінез – олар біреуге еліктегіш келеді. Мәселен, ертегі тыңдаған бала ертегі кейіпкерінің жағымды қасиеттеріне (батылдық, тапқырлық, өжеттік, ерлік, қиындыққа төзуі, т.б.) еліктейді, соған ұқсап-бағуға талпынады.

Баланы ертегідегі кейіпкердің іс-әрекеті, мақсат-мүддесі қызықтырады. Ол соларды үлгі тұта отырып, өз мақсатына жетуді армандайды. Ертегі кейіпкерінің іс-әрекетімен салыстыру арқылы өзінің мінез-құлқындағы кемшіліктерді байқауға үйренеді. Бұл сезім балаларды ертегілер арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге түрткі болатын қозғаушы күш деуге болады.

Ертегілерді айта білу – өте маңызды педагогикалық талаптың бірі. Тәрбиешінің ертегінің мәнерлеп оқуы немесе мәнерлеп айтуы – бұл бір жағынан, ертегінің бар әсерін балаларға түгел жеткізу әдісі болса, екінші жағынан, балалардың сезімдерін жетілдіру мен дамыту тәсілі болады.

Сонымен қазақ халық ертегілеріне жасаған талдау олардың тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдейді: біріншіден, балаға білім береді, тәрбиелейді, дамытады; екіншіден, тілі байлығын дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың негізгі құралы, әдіс – тәсілдері міндетін атқарады. Қазақ халық ертегілерін оқып-білу барысында балалар ертегінің еркін әңгімелей білу, түсіне білу, т.б. іскерлігі мен дағдыларды меңгереді. Ертегінің қызықты мазмұны балалардың адамгершілік, эстетикалық, патриоттық, еңбек, этикалық, экологиялық, т.б. тәрбиелілігін жетілдіреді. Ертегі мазмұнын оқып-білуде, тыңдап-естуде әңгімелеп-талдауда баланың ойлау, қиялдау, зейін, ес, ерік, эмоция, көзқарас, талғам сияқты тұлғалық қасиеттері дамиды.

Қазақ ертегілерінің осы педагогикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, ересек тобы балаларының қазақ ертегілері арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында біз оларға мынадай өлшемдер арқылы сұрыптау жүргіздік:

1. Ертегінің танымдық мазмұндылығы.
2. Ертегіде көрініс тапқан ойлар арқылы берілетін білімнің бала жасына қарай түсінікті болуы.
3. Ертегідегі оқиғалардың эмоционалдық мәнерлілігі.
4. Ертегі мазмұнының қызықтылығы.

Сұрыпталған ертегілердің педагогикалық мәні мынада:

- ересек тобы тәрбиешілеріне балалардың жеке басының дамуында осы ертегілердің қайсысының қандай рөл атқаратынын дұрыс бағалауға көмектеседі;
- балаларды қазақ халық ертегілерімен терең таныстыруға көмектеседі;
- балаларды қазақ халық ертегілерінің ерекшеліктерін түсіне білуге, оның түрлерін ажырата білуге үйретуге көмектеседі;
- қазақ халық ертегілерінің өзіне тән ерекшеліктеріне сәйкес, оларды жақсы меңгеруге және эмоционалдық қабылдауға мүмкіндік туғызады;
- ересек тобы балаларының қазақ халық ертегілері арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Сөйлеу мәдениеті балаларды қазақ халық ертегілеріне жеке тұлғалық эмоционалдық көзқарасқа бағыттай отырып, дүниетанымды, адами сенімді қалыптастырады, бала тұлғасының дамуына, ақыл-ойына ықпал етеді.

Ересек тобы балаларының қазақ халық ертегілері арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды, біріншіден, қазақ ертегілерін меңгеруге байланысты балалармен жүргізілетін жүйелі іс-әрекетке, екіншіден, ұйымдастырылған оқу қызметтің мазмұны мен әдістеріне, үшіншіден, ертегінің эмоционалдық тұрғыда, әсерлі сезіммен қабылдауына байланысты айқындалатыны айғақталды. Осылардың нәтижесінде балалар ертегі мазмұнын баяндайды, драмалайды, образға ене алады. Бұлардың барлығы сөйлеу тілі арқылы жүзеге асады.

Оқу және тәрбиелеу барысында ертегілер арқылы балалардың сөйлеу мәдениеті қалыптасады:

- а) тәрбиешілердің ертегіні әңгімелеуі арқылы;
- б) ертегіні эмоционалдық әсермен қабылдауға байланысты;
- в) балалардың өзара қарым-қатынасқа тусуі;
- г) балалардың ертегіні драмалауы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ушинский К.Д. Родное слово. Хрестоматия по истории школы и педагогики в России // сост. С.Ф. Егоров. – М., 1996.
- 2 Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы (орысша төртінші басылымына сәйкес аударылуы). – Алматы: Мектеп, 1996. – 322 б.
- 3 Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. 2 томдық // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1998. – 416 б.
- 4 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 560 б.
- 5 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. // Құраст.: С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1999. – 200 б.

МРНТИ 14.35.09

Ж.Ш. Таубалдиева¹, А.Қ. Ахметова²

*¹п.ғ.к, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры,
Талдықорған қ., Қазақстан*

*²п.ғ.к, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
Алматы қ., Қазақстан*

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада мектептегі музыка сабағында және сыныптан тыс жұмыстағы хор ұжымымен жұмыс жасау жолдары қарастырылған. Оқушылардың әншілік дауыстарын дамыту, олардың хормен ән айтуға қажетті дағдылары мен ептіліктерін меңгеруі мақсатында сабақтардың мазмұнына хормен ән айту жаттығулары енгізіледі. Оқушылар әншілік дауысын сақтауға, хормен және жекелей ән айтудың негізгі тәртіптерін білуі, дұрыс артикуляциялауды меңгеруі тиіс. Өнші дауысын одан ары дамыту барынша хормен ән айту дағдылары мен ептіліктерін меңгеру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты жоғарғы оқу орындарындағы: "Хорды дирижерлау", «Хор класы және хормен практикалық жұмыс», "Дауыс қою" курстары болашақ музыка мұғалімінің осы саладағы негізгі ептіліктерін қалыптастырып, білімін айтарлықтай толықтырады.

Түйін сөздер: музыка сабағы, сыныптан тыс жұмыс, хор, дауыс қою, дирижерлау, артикуляция, әнші, хор ұжымы, дағдылар, ептілік, жаттығу

Ж.Ш. Таубалдиева¹, А.Қ. Ахметова²

*¹к.п.н, профессор Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан*

*²к.п.н, профессор Казахского Национального педагогического университета им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ОРГАНИЗАЦИЯ ИСПОЛНИТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА УРОКЕ МУЗЫКИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются пути работы с хоровым коллективом на уроке музыки и во внеклассной работе. Для развития певческих голосов учащихся на уроке музыки используются хоровые упражнения. А также развитие певческих голосов осуществляется путем овладения навыками и умениями. Школьники должны знать правила сохранения певческих голосов, основные правила хорового и сольного пения, овладения правильной артикуляцией. Поэтому для развития певческого голоса необходимо владеть навыками и умениями хорового пения. В связи с этим, следующие курсы в вузе: «Хоровое дирижирование», «Хоровой класс и практикум хоровой работы», «Постановка голоса» помогают будущему учителю музыки получить знания, овладеть умениями.

Ключевые слова: урок музыки, внеклассная работа, хор, постановка голоса, дирижирование, артикуляция, певец, хоровой коллектив, навыки, умение, упражнение

Zh.Sh. Taubaldieva¹, A.K. Akhmetova²

*¹c.p.s., professor of Zhetisu government university after I.Zhansigurov,
Taldykorgan, Kazakhstan*

*²c.p.s., professor of Kazakh National pedagogical university after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE ORGANIZATION OF PERFORMING ACTIVITIES IN THE MUSIC CLASS

Abstract

This article deals with the ways of work with choral collective on the music lesson and in out-of-class work. For development of singing voices of trainee on the music lesson are used choral exercises. As well as the development of singing voices is implemented by the way of gaining skills and abilities. Schoolers should know the rules of preservation of singing voices, the main rules of choral and solo singing, taking possession of correct articulation. Therefore for development of singing voice it is necessary to possess skills and abilities of choral singing. Which is why the following courses in university as “Choral conducting”, “Choral class and the practical work of choral work”, “Voice training” will assist to receive knowledges, to acquire abilities to future music teacher.

Keywords: music lesson, extracurricular work, chorus, voice production, conducting, articulation, singer, choral collective, skills, skill, exercise

Музыканы оқыту әдістемесі теорияға сүйене отырып, бірінші кезекте музыка мұғалімінің іс жүзіндегі ептіліктері мен дағдыларына айналуға тиісті хормен ән айту іс-әрекеттерін басқарудың тәсілдері мен әдістерінің мәнін, музыка сабағы мен сабақтан тыс уақытта түрлі жастағы оқушылардың хормен ән айту мазмұнының ерекшеліктерін ашуға көмектеседі.

Музыкалық білім беру теориясы бойынша музыка сабағын оқытудың шарттарымен бірге педагог-музыканттың балалар хорымен жұмысының теориялық-дидактикалық негіздерін, хормен ән айту іс-әрекеттерінің бағыты ашылады. Жоғарғы оқу орындарындағы: "Хорды дирижерлау", «Хор класы және хормен практикалық жұмыс», "Дауыс қою" курстары болашақ музыка мұғалімінің осы саладағы негізгі ептіліктерін қалыптастырып, білімін айтарлықтай толықтырады [1].

Бастауыш сынып оқушыларының хормен ән айту іс-әрекеттері мыналарға көмектесе алады:

- Оқушылардың хормен ән айту мәдениетінің қалыптасуына;

- Оқушылардың хормен ән айту сабағына деген қызығушылығының, әншілік дауысының, музыкалық есту қабілетінің, музыкалық еске сақтау қабілетінің, бейнелік және қауымдастық ойлауының, қиялдауының, хормен ән айту үрдісіндегі шығармашылық мүмкіндіктерінің және музыкалық түсініктерінің дамуына;

- Оқушылардың хормен ән айту туындылары мен хормен ән айту туралы білімді, сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және хормен ән айту мүмкіндіктерін, ноталық жазбаға бағдарланған әнді айтуды, туындының музыкалық бейнесін көрсетудің ән айтушылық-орындаушылық құралдарын, импровизациялық ән айтушылықтың түрлерін игеруіне;

- Оқушылардың музыкалық туындыға деген өзінің қарым-қатынасын білдіруге және музыкалық-орындаушылық ойды жеткізуге арналған хормен ән айтудың іс жүзіндегі дағдылары мен ептіліктерін, театрландыру мен сахналау тәжірибесін, әндерді орындау мен үйрену кезіндегі музыкалық-шығармашылық іс-әрекеттердің ойнаушылық түрлерін пайдалануды меңгеруіне;

- Оқушыларда музыкалық талғамның, адамгершілік ұстанымдар мен әдептілік сезімдерінің, адамға, өзінің отанына, халқына деген сүйіспеншіліктің, өз халқының және әлемдегі басқа мемлекеттер халықтарының хормен ән айту мәдениетіне және дәстүрлеріне деген құрметтің, хормен ән айту шығармашылығына сезімдік-тұтастық қатынастың тәрбиеленуіне [2].

Бастауыш сыныпта музыка сабағында оқушылардың өз халқының және әлемнің басқа халықтарының әндерін, сонымен бірге кәсіби музыканың қарапайым әрі балаларға қолайлы болып табылатын: отандық және шетелдік композиторлардың әндерін, балалар мюзиклдерінің хормен және жекелей орындайтын үзінділері мен тағы басқаларды айта білулері және жаттаулары қарастырылған.

Оқушылардың әншілік дауыстарын дамыту, олардың хормен ән айтуға қажетті дағдылары мен ептіліктерін меңгеруі мақсатында сабақтардың мазмұнына хормен ән айту жаттығулары мен әндетулер кешені де енгізіледі.

Оқушылардың хормен ән айту іс-әрекеттеріндегі музыкалық-шығармашылық тәжірибесі импровизациялық ән айту, жатталатын туындыдағы музыкалық бейнені жүзеге асыруға арналған мәнерлілік құралдарын іздестіру мен оны орындау және сонымен бірге әндерді сахналау, ноталық жазбаға бағдарланған әндетулер, сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке және хормен ән айтулар барысында қалыптасады [3].

Білім берудің бастапқы кезеңіндегі хормен ән айтуға тәрбиелеудің тұрақты әрі маңызды міндеттерінің бірі – дауыс ырғағымен жақсы айта алмайтын балалармен ("дабылдатқыштар" деп аталатын) жұмыс жүргізу болып табылады. Тәжірибе барысы байқатқандай, бірінші кезекте нақты бір оқушыдағы аталған құбылыстың себептерін анықтап алу қажет: есту қабілетінің нашарлығы, ән айтудан тәжірибенің болмауы кесірінен есту қабілеті мен дауысындағы үйлестірудің жетіспеушілігі немесе дауыстық байланыстарының науқастануы және тағысын тағылар.

Бірінші жағдайда жұмыстың түрлі тәсілдері ұсынылады, соның ішінде соңынан аталған бала үшін қызықты және қалыпты қозғалысты қарапайым әуендерді орындау негізінде "жұмыс дауысы" диапазонын біртіндеп кеңітетін оның пимарлық дыбыстары аймағының ерекшеліктерін анықтаудың орны бөлек. Сонымен бірге төменгі сөйлеу дауысын әндетуге ұластырмас үшін жоғарғы регистрдегі дыбыстар шабуылы ("кішкентай торғай" сияқты әндету, "қоңырау" сияқты әндету") тәсілдерін де қолдану ұсынылады. Дегенмен барлық жағдайларда дауыс ырғағымен дұрыс айта алмайтын балалар әнді жақсы айтатындармен қатар отырып, олардың әндетулеріне құлақ түргендері дұрыс болмақ.

Үшінші жағдайда науқасты алып тастау және баланы қайта тексеру үшін ларинголог-дәрігердің көмегі қажет.

Бастауыш сыныпты бітірер кезде мұғалім шәкірттерін төмендегілерге дайындауы керек:

білуге:

- әншілік дауысын сақтауға, хормен және жекелей ән айтудың негізгі тәртіптерін;
- дирижерлік нұсқауларды (демді алу мен ұстау, әндетудің басталуы мен аяқталуын, туындыны орындаудың динамикасы мен шапшаңдығының белгілерін, баса айту, айтылым ерекшелігі және тағы басақаларды);

- орындау сипатының музыка сипатына сәйкес келуінің қажеттілігі туралы.

меңгеруге:

- өзінің дауысына айшықтық мүмкіндіктері бойынша сирек кездесетін "музыкалық аспап" ретінде ұқыпты қатынаста болуды;

- мұғалімнің қолы бойынша сыныппен унисонда әндетуді;
- әншілік нұсқауларды сақтауды;
- дұрыс артикуляциялауды;
- әндерді сұлу, орайласқан, әндетілген дыбыстармен орындауды;
- әндету үрдісінде музыканың көңіл-күйі мен оның өзгеруілерін сезініп, түсіну мен айшықты түрде бере алуды;

- әндік туындыларды шығармашылық өзіндік өзгешелікті білдіруге ұмтылысты көрсете отырып, жалғыз дауысты және қос дауыртық элементтермен, сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды;

- жеке дауыста бірнеше халықтық және композиторлық әндерді (оқушының таңдауы бойынша) орындауды.

Негізгі жалпы білім сатысында оқушылардың хормен ән айту іс-әрекеттері мыналарға бағытталған:

а) оқушылардың музыкалық және көркемдік талғамын, хормен ән айту сабақтарына сезімдік-құндылық қатынасын, оның зияткерлік-бейнелік және сезімдік саласын, шығармашылық қуатын, қиялдауын және ойлауын тәрбиелеуге;

б) жалпы музыкалылық пен әншілік дауысын (музыкалық есту қабілетін, музыкалық еске сақтау қабілетін, көңіл-күй сезімдерін, бейнелік және қауымдастық ойлауын) одан ары дамытуға;

в) хормен ән айту іс-әрекеттеріндегі тәжірибелік ептіліктер мен дағдыларды жетілдіруге;

г) хормен ән айтудың әлемдік мәдениет пен хормен ән айтудағы өз халқының дәстүрлеріне, сондай-ақ, осы іс-әрекеттерге тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға.

Осылардың барлығының жиынтығы оқушылардың хормен ән айту мәдениетінің музыкалық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасуына жол ашады.

Сабақтардың мазмұнына балалар опералары мен мюзиклдерінің және басқаларының хормен және жеке айтылатын үзінділері, өз халқының және басқа да халықтардың әндерін; түрлі тарихи дәуірлердегі, ұлттық мектептердегі, стильдік бағыттардағы отандық және шетелдік композиторлардың әндері мен хормен айтылатын туындыларын орындаулар мен жаттаулар қосылады.

Әншілік дауыстардың одан ары дамуы мен барынша күрделі хормен ән айту дағдылары мен ептіліктерін алудың қажеттілігіне байланысты осы сабақтарда қолданылған хормен ән айту және әндету кешені айтарлықтай байытыла түседі.

Оқушылар музыкалық-шығармашылық хормен ән айту іс-әрекеттеріндегі тәжірибені бір дауыстық және көп дауыстық, сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жекелей және хормен ән айту үрдісінен; мәнерлілік құралдарын, сонымен бірге жатталған туындылардағы музыкалық бейнелерді көрсетуге қажетті сахналау құралдарын іздетіруден; ноталық жазбаға бағдарланған ән айтудан; аспаптық туындылардағы негізгі тақырыптарды әнге лайықтаудан; импровизациялық тұрғыда ән айту мен әндерді сахналаудан алады.

Орта мектептегі оқытудың аяқталу кезеңіне таман мұғалім балалармен бастапқы мектепте алынған білімдер мен ептіліктерді бекітуге тиісті. Сонымен бірге оқушыларды төмендегілерге дайындауға міндетті:

білуге:

- өзгерістер (мутациялану) кезеңінде әншілік дауысын сақтауға және ән айту тәртібін;

- көп дауыспен ән салу тәртібін;

- қазақтың халық әндері мен әлемнің басқа да халықтары әндерінің бірнеше үлгілерін, қазақ және шетелдік классик композиторлардың әндері мен хормен ән айтуға арналған туындыларын, сондай-ақ, осы заманғы композиторлардың шығармаларын.

меңгеруге:

- классик композиторлар мен осы заманғы композиторлардың (оқушылардың өз таңдаулары бойынша) әндерін, бірнеше халық әндерін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын қоса алғанда әнге арналған туындыларды (сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз) мәнерлі түрде жеке орындауды;

- хормен ән айту талаптары мен тәртіптерін сақтай отырып, қарапайым екі дауыстық ("көмескіленген" жасөспірім дауысын қоса алғандағы үш дауыстық) хорда өзінің партиясын орындауды;

- әндік туындыны орындаушылық түсіндіруде өзінің нұсқасын (варианттарды) ұсынуды;

- түрлі қайталауларды салыстыру арқылы негізді түрде олардың арасынан барынша қолайлы нұсқаны таңдауды;

- таңдалған қайталауды өзінің орындауында жүзеге асырудық сапасын бағалауды;
- мұғалімнің дирижерлік нұсқауларына ілесіп отыру, сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз (әншілік нұсқамалық, дыбыс жасаушылық, әншілік тыныстау, артикуляция) ән айтудағы дыбысталу сапасындағы, музыкалық бейне жасау үдерісіндегі өзіндік бақылау мен есту қабілетін бақылауды жүзеге асыруды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Матвеева К.П. Подготовка студентов к руководству вокально-хоровой работой со школьниками. // Вопросы профессиональной подготовки студентов на музыкально-педагогическом факультете. – Москва, 1985.

2 Менабени А.Г. Вокальные навыки. // Вопросы профессиональной подготовки студентов на музыкально-педагогическом факультете. – Москва, 1985.

3 Қарамолдаева Г.Ж. Ән айту дағдыларын қалыптастырудағы вокалдық жаттығулардың ролі. // Мектептегі музыка пәндерінің мұғалімдеріне арналған методикалық нұсқау. – Алматы: „Мектеп“, 1987.

УДК 364.01

МРНТИ 14.07.01

Г.С. Саудабаева¹, Г.К. Шолпанқұлова²

¹п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

²п.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері қарастырылады. Педагогикалық қолдау мен педагогикалық ықпал ету ұғымдарының арақатынасы ашып көрсетіледі, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын әлеуметтік-педагогикалық қолдауды жүзеге асырудың стратегиясы мен тактикасы айқындалады. Білім беруді реформалау және жаңарту оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмек көрсетудің, оларды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың жаңа тәсілдерін қарастыруды және олардың өз таңдауына жауапкершілігі мен еркіндігін үйлестіруді қамтамасыздандыру жолдарын іздестіруді талап етеді.

Түйін сөздер: өзін-өзі анықтау, кәсіби өзін-өзі анықтау, қолдау, әлеуметтік-педагогикалық қолдау

Г.С. Саудабаева¹, Г.К. Шолпанқұлова²

¹д.п.н., КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Қазақстан

²к.п.н., доцент ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Қазақстан

ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности социально-педагогической поддержки профессионального самоопределения школьников. Раскрыто соотношение понятий педагогической поддержки и педагогического сопровождения, выявлены стратегии и тактики осуществления социально-педагогической поддержки профессионального самоопределения школьников. Реформирование и модернизация образования побуждают к поиску новых подходов, отражающих более гибкие способы помощи школьников в профессиональном самоопределении и обеспечивающих максимум свободы в сочетании с ответственностью за свой выбор.

Ключевые слова: самоопределение, профессиональное самоопределение, поддержка, социально-педагогическая поддержка

G.S. Saudabeva¹, G.K. Sholpankulova²

¹d.p.s., Abay Kazakh National Pedagogical University

²k.p.s., assistant professor of ENU them. L.N. Gumileva

PECULIARITIES OF SOCIAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT OF PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF SCHOOLCHILDREN

Abstract

In this article, the features of social and pedagogical support for the professional self-determination of schoolchildren are examined, the correlation of the concepts of pedagogical support and pedagogical support is revealed, strategies and tactics for implementing social and pedagogical support for the professional self-determination of schoolchildren are revealed. Reforming and modernizing education prompts the search for new approaches reflecting more flexible ways of helping schoolchildren in professional self-determination and providing maximum freedom combined with responsibility for their choice.

Keywords: self-determination, professional self-determination, support, social and pedagogical support

Бүгінде әлемдік ақпараттандыру еңбек сипатының өзгеруіне септігін тигізуде. Еңбек сипаты еңбек субъектісінің өндіріс құралдарымен байланысының жиынтығы болса, онда бүгінде ақпараттық құрылғылар адамның еңбектегі интеллектуалды қабілеттерін күшейтеді. Еңбек іс-әрекетін интеллектуалдандыру адамның технологиялық үрдіске қатысу еркіндігі дәрежесінің жоғарылауын қамтамасыз етіп, тұлғаның шығармашылық тұрғыдан жүзеге асуына мүмкіндіктер ашады.

Г.М. Маклюэннің пікірінше, «ғаламтор» әлемді бір ақпараттық жүйеге біріктіреді, жана ойлау мен «әлемдік» сананы қалыптастыруда. «Виртуальды» әлемнің жетістіктерін өзінің шығармашылық әрекеттерінің идеясын іске асыру мақсатында қолданып, индивидуалдық қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызуда [1].

Э.Тоффлер «бай елдерде материалдық өндіріспен шұғылданатын жұмысшылар (оның да белгілі дәрежеде білімі болуы керек) саны аз болса, соғұрлым жаңа идеяларды ойлап шығаратын адамдар көп қажет» – деп тұжырымдайды [2].

Соңғы жылдары оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына қатынас түбегейлі өзгерді, ол алдымен жалпы білім беретін мектептің жоғары басқыштарында кәсіпалды дайындық мен кәсіптік оқытуды енгізумен байланысты.

Кәсіптік оқытуды енгізу болашақ кәсіби іс-әрекет саласына оқушылардың бағдарлануына жағымды әсер етіп, әртүрлі категориядағы оқушылардың талап-тілегі мен қажеттіліктеріне сәйкес толық білім алуға теңқұқылы қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Мектептің білім беру үрдісіне кәсіптік оқытуды ендіру мәселесін Л.К. Артемова, И.С. Артюхова, С.Н. Чистякова, Н.Ф. Родичев т.б. ғалымдар зерттеген. Қазіргі замандағы кәсіптер әлемінің ерекшелігі монокәсібилікті поликәсібилікке ауыстыру болып табылады.

Е.А. Климовтың пікірінше, *кәсіп* адамның күш салуын, оның жұмсалған еңбегінің орнына өмір сүруі және дамуы үшін қажетті мүмкіндікті алуына септігін тигізетін қоғам үшін, әлеуметті құнды саласы. *Кәсіп* қоғамға қажетті нәтиже, өнімге қол жеткізу және қоғамның сұранысын қанағаттандыруды қамтамасыз ететін тұлғаның кәсіби ерекшеліктері, кәсіби іс-әрекет түрлері мен формалар жүйесі – деп анықтайды [3].

Э.Ф. Зеердің пікірінше, *кәсіп* (лат. *professio* – өз ісімді хабарлаймын) – бұл адамның белгілі бір білім мен дағдыны меңгеруін, арнайы қабілетті және кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту үшін тарихи пайда болған еңбек әрекетінің формасы. Ал *мамандық* (лат. *specialis* – ерекше) – еңбек іс-әрекетінің тарихи қалыптасқан формасы, мұны орындау үшін адам нақты білім, дағдыны игеріп, арнайы қабілеттер мен дамыған кәсіби маңызды сапаларды меңгеруі қажет [4].

Кәсіп – мамандыққа қарағанда кең ұғым, ол мынадай белгілермен ажыратылады кәсіби құзыреттілік, әлеуметтік-кәсіби құзыреттілік, кәсіби дербестік, өзін-өзі бақылау, топтық нормалар мен құндылықтар.

С.М. Богословский бұл мәселені тереңірек талдай отырып, «кәсіп – іс-әрекет, ол арқылы адам қоғам өміріне қатысады, сондай-ақ, кәсіп адамның өмір сүруіне қажетті материалдық құралдардың ең негізгі қайнар көзі ретінде де қызмет атқарады» – деп тұжырымдайды [5].

Кәсіби өзін-өзі анықтау үрдісінің объектісі мен субъектісі ретінде кәсіби бағдарлау қоғамның еңбек ресурстарын толыққанды бөлу қажеттілігіне сай мамандықты еркін және дербес таңдау тұлғаның жеке ерекшелігі ретінде ғылыми дәлелденген *дайындық жүйесі* деп қарастырылады.

Кәсіптік бағдар беруде әрбір субъектінің мақсатына сай өзіндік ерекше құралдары болуы мүмкін. Мұнда маңыздысы бұл құралдарды пайдалану субъектіге белгілі жауапкершілікті жүктейді және құзыреттілігін қалыптастырады. Кәсіптік бағдардың ғылыми-практикалық құралдарын мына топтарға бөлуге болады: дәстүрлі зерттеу (тест, сауалнама, аппараттық әдістеме) және педагогикалық әсер ету әдістері (дәрістер, тренинг, пікірталас, т.б.); өмірлік тәжірибеге және кәсіптік интуицияға негізделген әдістер, оларды жұмыста белгілі бір стажы мен табысы бар психолог пен педагогтар қолданылады; адамның өзін ынталандыруды белсендендіру әдістері, іскерлік ойындар.

Оқушылардың мақсатқа бағытталған қоғамдық-пайдалы іс-әрекеті өзін-өзі өзгертуге, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тануға, өзін-өзі іс жүзінде көрсетуге және рефлексияға қабілетін дамыту білімнің қажетті шарты және кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындық болып саналады. Кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін «оқытушы – оқушы – ата-ана» триада шеңберінде *белсенді формаларды* қолдану қажет.

Кәсіптік бағдарлау жұмысының *формаларын* жалпы үш топқа бөліп көрсетуге болады:

- *жеке формасы*, нақты оқушымен жүргізіледі (әңгімелесу, кеңес, жеке диагностика);
- *топтық формасы*, кәсіби бағдарлау жұмысы топпен жүргізіледі (сабақ, ойын, әңгімелесу, топтық диагностика, семинар, тренинг);
- *көпшілік, бұқаралық формасы*, көптеген оқушылар санымен жүргізілде (мектепаралық кәсіби ақпараттандыру іс-шаралары, оқу мекемесінің презентациясы, оқу орындарының жәрмеңкесі).

Л.И. Анцыферова атап көрсеткендей, тұлғаның дамуы мен қалыптасуы адамды әлеуметтік және табиғи жүйедегі көптеген үрдістерге қатыстыру ғана емес, әрбір тұлға кейбір дәрежеде сол жүйені, өзі өмір сүретін әлемді өзі жасайды, ол оның қасиеттерін қалыптастырады. Бұл жүйе адамның өмір сүруі барысында оған қатысты емес жағдайлардың әсерінен және оның өзінің қарым-қатынасын құруы рухани жұмысының нәтижесінде өзгереді [6].

Жастарды кәсіби бағдарлау педагогикалық қана емес, жалпы қоғамдық мәселе. Ол үшін оқушылардың бойында ішкі психологиялық-әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлерін тәрбиелеу; түрлі еңбек қызметтері мен сыйластық қатынастарын тәрбиелеу; кәсіпті өз бетінше, саналы түрде таңдай білуге тәрбиелеу, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету қажет.

Педагогикалық және психологиялық қолдау мәселесі Е.И. Казакова, О.С. Газман, Л.Г. Тарита, Т.В. Анохина, т.б. еңбектерінде қарастырылады. Әлеуметтік көмектің педагогикалық құраушысының маңызды бөлігі баланы оқыту мен тәрбиелеумен байланысты оның дамуымен және әлеуметтенуіне әсер ету болып табылады. Мұндағы балаға көмек көрсетуге бағытталған әрекет әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет.

«Қолдау» этимологиялық ұғым «ықпал ету», «қолдау», «көмек көрсету» түсініктерімен қатар қолданылады. Педагогикалық қолдаудың пәні өзінің қызығушылығын бірлесіп анықтау, кездескен қиындықтарды жеңу жолдары мен мүмкіндіктерін іздестіру. Мәселелер мен қиындықтар адамның дамуымен қатар жүретін табиғи нәрселер. Осы мәселелерді жеңуді дамудың шарты және құралы ретінде қарастыру керек.

Е.И. Казакованың пікірінше, «қолдау» термині субъектінің шешім қабылдаудағы дербестігінің маңыздылығын анықтайды [7].

О.С. Газман әлеуметтендіру теориясына сүйене отырып, қолдауды білім беру үрдісінің дербес элементі ретінде қарастырады. Педагогикалық қолдауды ұйымдастыру үрдісінде білім алушылардың өзінің мәселесін шешуге ескерумен мотивациялық дайындық деңгейін көтеру қажет [8].

Әлеуметтік-педагогикалық қолдау педагогикалық қолдау үрдісінің бөлігі болып саналады. Көптеген зерттеушілер (С.А. Расчетина, Л.В. Мардахаев) қолдауды тұлғаның табиғи даму үрдісіне ықпал ету деп қарастырады. Табысты ұйымдастырған қолдау тұлғалық өсудің болашағын ашады, адамның «даму аймағына» енуге көмектеседі (В.С. Мухина).

Қолдау педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің парадигмасы ретінде қарастырылады. Жалпы алғанда, қолдаудың екі формасы бөліп көрсетіледі: жеке дара қолдау, нақты адамға бағытталған, сонымен қатар жүйелі қолдау, әлеуметтік жағдаяттарға байланысты болатын қолдау.

Педагогикалық қолдау – педагогтің қазіргі педагогиканың гуманистік парадигмасын бейнелеп көрсететін миссиясы. Педагогикалық қолдаудың мәні оқушының ішкі күші мен қабілетіне қарауға негізделген тұлғаның субъективтілігін қалыптастырумен сипатталады. Сонымен бірге педагогикалық қолдау – баланың дамуына көмектесу және оның денсаулық, қатынас, оқыту, өзін-өзі өмірлік анықтауы, кәсіби өзін-өзі анықтауы мәселелерін шешуге бағытталған өзін-өзі дамытуына ықпал ету.

Педагогикалық қолдау тұлғаның өзіндік қызығушылығын, мақсатын, мүмкіндіктерін және оқуда, өзін-өзі тәрбиелеуде, қатынаста, өмір салтында күтетін нәтижеге өз бетімен жетуіне, өзінің адамзаттық абырой-беделін сақтауға кері әсер ететін кедергілерді жою жолдарын анықтаудағы бірлескен үдеріс болып табылады. Жеке тұлғаға арналған педагогикалық қолдаудың мазмұны адамды алда көздеген нәтижелерден алшақтататын кедергілерді жену жолдарын қамтиды. Мұндай кедергілердің түрі:

- субъектив (тұлғалық) «Мен»-кедергілер: өз бетінше дербес шешім қабылдауға қажет ақпараттың болмауы (ақпарат толықса, кедергі сол бойда жойылады); адамның қосымша еңбектенуінің қажеттігі (қол ұшын, жәрдем беріп, ынтасын көтеру); тұлғаны күйзеліске келтіретін кемшіліктер (тән-денелік, психикалық, арақатынастық); білім мен тәжірибенің жетіспеуі;

- объектив (әлеуметтік) «Олар»-кедергілер: (әлеуметтік орта – мұғалімдер, әкімшілік, дос-жарандар, құрбы-қатарлар, отбасы және басқалар);

- материалдық кедергілер (отбасының қаржылық жағдайы және т.б.).

Тұлғалық педагогикалық қолдау оқушымен бірлікте оның қызығушылығын, мақсатын, мүмкіндіктерін және өзін-өзі ұйымдастыруда жағымды нәтижеге қол жеткізуге және адамзаттық беделін сақтауға зиянын тигізетін кедергілерді жеңудің жолдарын анықтаудан тұрады. Мұнда сананың тұлғалық құрылымы іс-әрекетін қолдауға көңіл бөлінеді.

Қазіргі заманғы әлеуметтік педагогиканың ерекшелігі – оның ізгіліктілік бағыттылығында, яғни, балаға деген бірыңғай талаптармен қатар тәрбиеші мен бала арасындағы өзара құрмет, бірігіп қызмет ету, шығармашылықпен бірге айналысу, достық қарым-қатынас және теңдік. Әлеуметтік педагогиканың қоғамдық мәні – қиын жағдайға душар болған адамдарға – отбасына, балаларға көмек көрсету; оларға өмірден өз орнын табуға, өз мүмкіндіктері мен қабілет-ынтасы негізінде одан әрі дамуына жәрдем ету.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет баланың, жасөспірімнің отбасында, мектепте, қоғамда қалыпты қарым-қатынасқа түсуі үшін өзін-өзі ұйымдастыра білу, психологиялық ұстамдылық, сабырлық сақтай алуы үшін көмек көрсетуге бағытталған педагогикалық қызметті де қамтитын әлеуметтік жұмыс.

Л.А. Беляева, М.А. Беляева әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті педагогикалық ортада тұлғаны дамыту негізінде жүзеге асырылатын әрекет ретінде қарастырады [9].

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының мәнін талдау нақты білім алушыға қатысты сипатқа ие болып, келесі қызметтерді атқарады:

- кәсіби-бағдарлық (оқушылардың кәсіби әлемге, жеке мүмкіндіктердің таңдаған мамандыққа сәйкес қабілетке және қойылатын талаптарға баламалық арақатынасына саналы түсінеген бағдарын ынталандыру және белсендендіру);

- кәсіби-процессуалдық (оқушылардың болжамдық ойлауын дамытуға әсер ету; кәсіби таңдауға сәйкес өздігінен білім алуға ұмтылуын ынталандыру);

- кәсіби-қолданбалы (кәсіби таңдауда өзін-өзі таныуға дайындығына мүмкіндік туғызатын оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетке белсенді мақсатты бағыттылығы).

Нақты тәжірибеде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қолдаудың процессуалдық сипатқа ие, ол технология түрінде ұсынылған.

Ұсынылған тәсілге сүйене отырып, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын *әлеуметтік-педагогикалық қолдау технологиясы* – бұл педагогтың (қолдау субъектісі) және оқушы мен ата-ананың (қолдау объектісі) тиімді бірізді бірлескен өзара әрекеттестігі, ол өмірде және кәсіби өзін-өзі анықтауда табысқа жетуіне қажетті нақты жағдаятта объектінің өзін-өзі ұтымды көрсетуін қамтамасыз етеді.

Бұл технология келесі кезеңдерден тұрады: диагностикалық-болжамдық; рефлексивтік-жобалаушылық; опрециялық-іс-әрекеттік; қорытынды-бағалау. Диагностикалық-болжамдық – оқушылардың жеке-тұлғалық ерекшеліктерін, оның кәсіби өзін-өзі анықтауының алғашқы деңгейін диагностикалау; сан алуан түрлі жағдаяттарда оқушының кәсіби-тұлғалық «Мен – тұжырым-

дамасының» өсуінде мінез-құлқы мен өзін көрсетуін болжау; кәсіби таңдауды жүзеге асыруда өзін-өзі көрсетуінен көрінетін мүмкін мәселелерді айқындау. Рефлексивтік-жобалаушылық – нақты кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде оқушының өзіндік бағалауын ынталандыратын жобалау әрекетін жобалау; кәсіби таңдауын іске асыруда оқушының қиындықтарды жеңуін жобалау. Опрещиялық іс-әрекеттік – оқушының кәсіби өзін-өзі анықтауында туындаған мәселені шешуде оның жеке-тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік-педагогикалық қолдауды іске асыру; болашақ бітірушінің жеке мүмкіндіктерін кеңейту, бейімделудің арнайы дағдыларын дамыту және бекіту, қоғамдағы жеке мәселені шешу және жеке өміріндегі әлеуметтік-жағымды мінез-құлық даңдыларын меңгерту. Қорытынды-бағалау – оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын әлеуметтік-педагогикалық қолдау үрдісінің тиімділігін бағалау.

Бейіндік оқыту жүйесінде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын әлеуметтік-педагогикалық қолдау үрдісі мамандықты таңдауда және таңдалған мамандыққа сай өздігінен білім алуына мотивациясын қалыптастыру және дамытуға ата-анамен білім беру мекемесі ұжымының кешенді жұмыстарын қамтиды. Бұл үрдістің тиімділігі кәсіби таңдауды белсендендіруге, оқушылардың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін және қабілеттерін диагностикалауға, педагогикалық үрдіске қатысушыларының пропедевтикалық жұмыстарына байланысты.

Қорыта келгенде, әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары: оқушыларда өзінің тұлғалық, өмірлік құндылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктері туралы түсініктер қалыптастыруға мүмкіндік беретін шарттару құру; рефлексия тәсілдерімен мәселелік жағдаятты шешуді үйрету; тоғызыншы сынып оқушыларына бейіндік оқытуды таңдауда психологиялық көмек көрсету; оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауында оқыту үрдісін практикамен интеграциялау; кәсіби өзін-өзі анықтауында оқушыларды бейіндік дайындаудың жеке маршрутын ұйымдастыру; бейіндік мектептің жоғары оқу мекемесімен біріктіру, байланысын нығайту, т.б. анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Маклюэн Г.М. *Понимание медиа: внешние расширения человека*. – М.: Канон-пресс-Ц, 2003. – 213 с.
- 2 Тоффлер Э. *Третья волна*. Перевод с англ. – М.: Изд-во АСТ, 2004. – 781 с.
- 3 Климов Е.А. *Психология профессионального самоопределения*. – М., 2004.
- 4 Зеер Э.Ф., Павлова А.М., Садовникова Н.О. *Профориентологи теория и практика*. – М.: Академический проект. – Екатеринбург: «Деловая книга», 2004 – 170 с.
- 5 Богословский С.М. *Система профессиональной классификации*. – М., 1911.
- 6 Анцыферова Л.И. *Системный подход в психологии личности // Принцип системности в психологических исследованиях*. – М., 1990. – 240 с.
- 7 Казакова Е.И., Тряпцына А.П. *Диалог на лестнице успеха (школа на пороге нового века)*. – СПб.: «Петербург XXI века», ЗАО «Аттик», 1997. – 160 с.
- 8 Газман О.С. *Педагогика свободы: путь в гуманистическую цивилизацию XXI века // Новые ценности образования*. – Вып. 6. – М.: Инноватор, 2006. – С.10-38.
- 9 Беляева Л.А., Беляева М.А. *Категории «социальная работа» и «социально-педагогическая деятельность» в их взаимосвязи // Понятийный аппарат педагогики и образования: Сб. науч. тр./Отв. ред. М.А. Галагузова*. – Екатеринбург, 1998. – Вып. 3. – С.193-194.

МРНТИ 14.25.21

Б.А. Қиясова¹, Г.М. Әбжан²

¹п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ШАҒЫН КОМПЛЕКТІЛІ МЕКТЕП: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Қазіргі білім беру саласында – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлға дайындауға баса назар аударылуда. Бірақ шағын комплектілі сыныптардың сапасын арттыру барысында ұстаздардың теориялық білімі мен әдістемелік білігін үздіксіз

жетілдіру жұмыстары, олардың оқыту ерекшеліктері өзекті мәселеге айналуда. Оның бір себебі, шағын комплектілі мектептерде өзекті мәселелердің шешімін нақты түсінбеуге байланысты. Сондықтан шағын жинақты мектептердегі оқыту жүйесін педагогикалық үрдістің құрамды бөлігі ретінде қарастыра отырып, мектепте, әсіресе шағын жинақты мектепте оқытудың озық тәсілдерін қолдана отырып, жүзеге асырудың жүйесі арқылы сапалы білімге қол жеткізуге болады. Шағын комплектілі мектеп: проблемалары және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы мақаланы жазу барысында, авторлар ауылдағы шағын жинақты мектеп жұмысының қазір қалай жүргізіліп отырғандығы және осы саладағы кейбір қордаланған мәселелердің шешу жолдарына тоқталады.

Түйін сөздер: шағын жинақталған мектеп, бастауыш мектеп, сыныпты бір мезгілде қатар оқыту, екі комплектілі мектеп

Б.А. Киясова¹, Г.М. Абжан²

¹*к.п.н., доцент, КазНПУ имени Абая*

²*ст. преподаватель КазНПУ имени Абая*

МАЛОКОМПЛЕКТНАЯ ШКОЛА: ОСОБЕННОСТИ И ПРОБЛЕМЫ

Аннотация

Главная цель в области образования – формирование конкурентоспособной личности, готовой принимать активное участие в политической и социальной жизни страны. Поэтому особое внимание уделяется повышению качества методической работы педагогов малокомплектных классов. Становится все более актуальной проблемой непрерывное совершенствование теоретических знаний и умений педагогов и особенности их преподавания. Причиной этому является неспособность решать конкретные проблемы, связанные с малокомплектными школами. Поэтому, в статье авторы рассматривают пути решения этих проблем для осуществления доступа к качественному образованию.

Ключевые слова: малокомплектная школа, начальная школа, обучения одновременно в двух классах

В.А. Kiyssova¹, G.M. Abjan²

¹*cand.of ped.sc., Abay Kazakh National Pedagogical University*

²*teacher, Abay Kazakh National Pedagogical University*

SMALL SCHOOL: PROBLEMS AND NOT GIVE TO KNOW LINES

Abstract

Social, economic and political to life our the country taking a strong line to participate ready, competitive physical person to prepare applies attention main what Nowaday form, aim-pressing. In motion but quality of classes increase small tutors works I continuous improvement knowledge of theoretical methodical knowledge, them features educating revolved basic to the question. Small associated because one It in schools exactly not to understand basic decision of questions. Therefore, regarding the learning system as an integral part of the educational process in small schools, in school, especially in small schools with the use of advanced teaching methods, the implementation of access to quality education through the system.

Ungraded school: problems and solutions in the course of writing that have accumulated in this sphere the problems of small schools in rural areas and some of the authors that solutions to stop progress now.

Keywords: small schools, elementary school, school grade, and in two small schools

Бүгінгі таңда Республикамызда жалпы білім беретін шағын жинақталған мектептердің (ШЖМ) саны жыл санап асып келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында (1-бап, 23 тармақ) шағын жинақты мектепке «*сынып жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нышаны бар, оқушылар саны шағын, жалпы білім беретін мекеме*», – деп көрсетіледі [1].

Шағын жинақталған мектептің тарихы ерте кезден, сонау Л.Толстой, К.Д. Ушинский өмір сүрген кезеңнен басталады. Қазақстан топырағында ондай мектептің пайда болуы Ы.Алтынсаринның ағартушылық қызметімен тікелей байланысты XVIII ғасырдың 60-жылдарында дүниеге келді. Бірқатар ғалымдардың (Т.Тәжібаев, Ә.І. Сембаев, П.А. Жильцов, Г.Ф. Суворова,

А.Ө. Мұханбетжанова) зерттеулеріне қарағанда, сол кездерде қазақстан топырағында өмірге келе бастаған орыс-қазақ мектептерінің басым көпшілігі бірнеше бөлімді (сыныпты) бір мезгілде бір мұғалім оқытатын шағын жинақталған бастауыш мектептер болған. Осы үлгідегі мектептердің пайда болуы, негізінен, К.Д. Ушинский, Н.А. Корф, Л.Н. Толстой, Н.Ф. Бунаков, Ы.Алтынсариндердің ағартушылық қызметімен тікелей байланысты. Бұл ұстаз-ғалымдардың, әсіресе, ауыл мектептеріндегі оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда, яғни ауыл балаларына лайықтап оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда, оларға берілетін білім көлемі мен мазмұнын, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтауға сіңірген еңбектері жоғары бағалануда. Мұндай мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту, мәселесі көптеген ғалымдар мен әдіскерлердің назарынан тыс қалған жоқ. Біздің елімізде де аталған мәселеге әркез көңіл бөлініп, зерттеу жұмыстары жүргізіліп отырады.

Осы уақытқа дейін шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын жақсарту, оқушылардың білім деңгейін мемлекеттік стандарт дәрежесіне көтеру сияқты мәселелері бірқатар ғалымдарымыз бен әдіскерлеріміздің назарын аударған. Олардың еңбектерінде бірнеше сыныпты бір мезгілде қатар оқытудың тиімді жолдарын іздестіру (Ж.Аймауытов, Ғ.Бегалиев, Ж.Қаржасбаев, М.Бүрлібаев, Ғ.Сүлейменов, А.Асқарбаева), сабақты ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдерін анықтау (Б.Құлмағамбетова, А.Асқарбаева, Г.М. Храпченков, Қ.Аймағамбетова); «Қазақ тілі», «Ана тілі», «Математика», «Айналамен таныстыру» пәндерін оқытудың мазмұны мен практикалық бағытын белгілеу (Ш.Әуелбаев, А.Асқарбаева, Б.Құлмағамбетова); бір пәндік, бір тақырыптық сабақтардың тиімділігін дәлелдеу (М.Сайпин, З.Бейсенбаева, Е.Шапаева, О.Сатқанов, Б.Катембаева); осы үлгідегі мектептер үшін болашақ мұғалімдерді дайындау мәселелері (З.Әділғазин) көптеген еңбектерде қарастырылды.

Шағын кешенді мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда көптеген қиындықтар кездеседі. Жалпы білім беретін мектептердегідей шағын кешенді мектептерде де құжаттар мен талап бірдей қойылады. Сондықтан да мектептердегі мұғалімдердің жұмысына да талап бірдей. Бірнеше пәннен біріктірілген сабақтар беруге, 1-4 сыныптарда 4 мұғалімнің орнына 2 мұғалім сабақ береді. Егер бірінші сынып оқушылары ең болмағанда екі тоқсан жеке оқыту қажет болса, 4 сынып оқушыларын жеке оқытқан тиімді жүзеге асуда. Алайда шағын комплектілі мектептерде қиындықтар кездеседі:

1) қиындық – шағын кешенді мектептерде кадрлардың тұрақталмауы. Оған ең бірінші себеп жүктеменің жеткіліксіздігі. Орта арнаулы мектеп мұғалімдері оқушыларға білім беруде жіберген кемшіліктері мен жетістіктерін бір сабақ жоспары мен бірнеше сыныпқа енгізгендіктен бір күнге ғана білсе шағын кешенді мектеп мұғалімдері үш жылда біледі.

2) қиындық шағын кешенді мектепте мұғалім әр түрлі жастағы оқушыларды оқытатындықтан бірнеше деңгейдегі бағдарламамен жұмыс істеуі керек. Берілген оқу бағдарламасымен әрбір сыныпты бөлек оқыту мен біріктірілген сыныптарды оқытудың арасындағы қиындықтар өте көп.

3) қиындық, шағын кешенді мектептерде көпшілікке араласпағандықтан оқушылардың мінезі ұяң келеді.

4) қиындық материалдық қиындықтар да кездеседі.

Шағын кешеді мектептерде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың артықшылық жақтары:

1) Ауыл мектептерінде оқушының жеке басының психологиялық ерекшелігін зерттеп білуге жағдай мол. Ата-аналармен қатынас орнату, сол арқылы оқушының дамуына әсер ететін факторларға көңіл аударуда жұмыстардың жасалуы;

2) Оқушының тілек-талабы және қызығушылығын қанағаттандыруға бағытталған сыныптан тыс жұмыстар және факультативтік сабақтар жүргізуге жағдай мол.

3) Оқу материалын толық меңгеру – оқушылар үшін өте күрделі үрдістердің бірі. Білім беру кезінде оқушының жеке басының ерекшеліктеріннақтылы ескере отырып оқу ісін жақсартуға мүмкіндік бар.

4) Шағын кешенді мектептерде оқушылардың өз бетімен көбірек жұмыс істеуіне тура келеді. Бұл үрдістің ұтымды жақтарын пайдалана отырып, оқушылардың өздігінен бақылау жұмысын жүргізуге, қорытынды жасай білуге үйрету мүмкіндіктері мол.

5) Сыныптағы оқушылардың аздығы олардың әрқайсысының оқу материалын меңгеріп, білім сапасын, дағды-біліктерін және танымдық белсенділіктерінің деңгейлерін үнемі бақылап отыруға уақыт жеткілікті.

6) Оқушыларды еңбекке баулу, еңбек дағдыларын беру, мамандық алуға бағыт беруге жағдай жасалуда.

7) Шағын кешенді мектепте оқушыларға табиғатты қорғауға, оны аялау, эстетикалық тәрбие, патриоттық тәрбие беру мәселелеріне жағдай жасалған.

Шағын жинақты бастауыш мектеп дегеніміз балалардың саны аз, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар, біріктірілген сыныптардан тұратын жалпы білім беретін мектепті айтамыз.

Нақты айтқанда, 1999-жылғы маусымның 7-сінде (№389-І ҚРЗ) бекітілген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында ШЖМ-ке мынадай анықтама беріледі: «**шағын жинақталған мектеп** – сынып-жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп».

ШЖБМ-те мұғалім бір уақытта бірнеше сыныппен сабақ жүргізеді: екі комплектілі мектепте – екі сынып, ал бір комплектілі мектепте – үш немесе төрт сынып біріктіріліп, бір сыныпты құрайды. Сыныптарды комплектіге біріктіру, оның негізінде сабақ кестесін құру, соған байланысты сабақтың күнтізбелік жоспарын жасау, сабақтың жоспарын жасау, сабақтың уақытын дұрыс, тиімді пайдалану мәселелері бұндай мектептердің мәнді белгісі болып табылады. Егер мектепте барлық балалар саны 15-тен аспайтын болса, 1- сынып комплект, 15-тен жоғары 2 немесе 3-сынып комплект болуы тиіс. Мұнда 1 сынып-комплект 20 оқушыдан аспауы керек делінген [2].

Мұнда екінші сынып-комплект өте дұрыс, оларды біріктіргенде 1+3 сыныптарды, 2+4 сыныптарды біріктіру қажет делінген. Егер де бала санының аздығына байланысты, яғни 5-тен 15-ке дейін ғана бала болса, онда 1 сынып-комплект – 1, 2, 3, 4 сынып оқушылары бірге оқитын жағдайда тиімді жылжымалы сабақ кестесін жасау керек болады делінген.

«ҚР Жалпы білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелерде»: «Жалпы білім беретін мектептерде оқыту үдерісін ұйымдастыру мен оқу-тәрбие үдерісінің жоспары оқу жоспары негізінде құрылып, жылдық күнтізбелік оқу кестесі мен сабақ кестелері арқылы реттеледі», – делінген [3].

ШЖМ мұғалімінің алдындағы негізгі педагогикалық мақсаты – бағдарлама мен мектеп белгілеген жоспарды орындап шығу.

ШЖМ-нің оқу-тәрбие үдерісінің бірнеше өзіндік ерекшеліктері бар: біріншіден, сабақтың ерекшеліктері: бірнеше сыныппен бір уақытта жұмыс істеу сабақтың құрылысын анықтауды, оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруды қажет етеді.

- өздік жұмысты мұғалім әр сынып сайын міндетті түрде ұйымдастырып отыруы тиіс;
- сабақтың екінші ерекшелігі – тікелей мұғалімнің басшылығымен атқарылатын жұмыстың оқушының өздік жұмысымен алмастырыла жүргізілуі;
- осы екі ерекшелік – ШЖМ-нің негізгі мектептен төмендегі ерекшелігін туғызады: бір сыныптың өздік жұмысына бөлінген уақыт мұғалімнің басшылығымен жұмыс істеп отырған келесі сыныпқа бөлінген уақытқа байланысты.

Екіншіден, 3-4 сынып қатар оқытылатындықтан, сабақ кестесін, сабақ жоспарын дұрыс жасау, оқушылардың өздері орындайтын жұмыстарын шебер ұйымдастыру, сабақ уақытын дұрыс, тиімді пайдалану қажет.

ШЖБМ-тегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері:

- бір сыныппен жұмыс істегенде сабақтың мақсаты, логикалық құрылымы оқушы мен оқытушыға бірдей, ал бірнеше сыныппен жұмыс істеуде бір сабақ әрқайсысы бір сабақ ретінде бірнеше кішкентай сабақтардан тұрады да, мұғалім бір күнде 8-16 сабаққа, оның әр бөлігін санағанда, 32-40 сабақшаларға, олардың логикалық байланысы әр кезеңнің мақсаты мен міндетіне қарай уақытында тиянақты дайындалуы қажет.
- бір сабақтың үстінде мұғалім әр түрлі жастағы, ой-өрісі мен білім дәрежесі әр түрлі оқушылармен жұмыс жүргізеді, сондықтан ол балалардың психологиясын жақсы білуі тиіс;
- шағын жинақты мектептер орта мектептерден алшақ орналасады, сондықтан мұғалімнің басқа оқытушылардың сабақтарына қатысып, араласу, тәжірибе алмасу, үлгі алу мүмкіндіктері аз болады, шындалудан гөрі жауапкершіліктері төмендеп, сабақ тиімділігін төмендету қаупі туады;
- мұғалім сабақ барысында ұйымдастырылатын өздік жұмыстардың мазмұнын, көлемін, оларды орындау әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне, орындау жылдамдықтарына қарай лайықтап, орындау уақытын белгілеп, оны тиянақты болмауды ойластыруы қажет. Өз бетімен жұмысты орындау әрбір оқушыға түсінікті болуы керек және де көрнекі құралдар, карточка, перфокарта, дидактикалық материалдар саны барлық балаларға жететіндей болуын қадағалау керек.

ШЖМ-нің бірнеше өзіне тән тиімді жақтары да бар:

- балалардың саны аз, сондықтан мұғалім әрбір оқушыны, оның қызығушылығын арттыруына, отбасын тез, жақсы тануына көп мүмкіндік бар.

- дәптер тексеруге, жеке-дара өздік жұмысқа арналған жаттығулар іріктеуге аз уақыт жұмсалады.

- оқушылардың тәртіп бұзушылығы аз болады.

- оқушылар бірінші сыныптан бастап, өз бетімен жұмысқа бейімделеді.

- бір оқу бөлмесінде күнделікті бірге болғандықтан, жоғары сынып (3-4) оқушылары кіші сынып оқушыларына көмек береді.

- әрбір баланың білім деңгейлерін анықтап, олардың білім, білік, дағдыларының деңгейлерін көтеруге мүмкіндік мол.

- аталмыш мектеп мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыруға, кеңінен қолдануға тырысады.

ШЖМ-тің жоғарыда келтірілген артықшылықтарымен қоса, кемшіліктері бар:

- мұғалімдер ұжымының аздығына қарай, әрбір мұғалімнің шығармашылық белсенділігінің артуына жол болмайды;

- сабаққа дайындалуда оқытушы шектен тыс жүктеме орындайды;

- мұғалім әрбір сыныппен сабақтың белгілі бір бөлігінде ғана жұмыс жасауға мүмкіндігі бар, ал қалған уақытта тек оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруға, оны басқаруға ғана жұмсалады;

- мұғалімнің зейіні екі немесе одан да артық сынып оқушыларына бөлініп отырады;

- өзіндік жұмысты орындау барысында оқушылар мұғалім тарапынан жеткілікті мөлшерде көмек ала алмайды;

- белгілі бір жастағы балалар болмағандықтан, ұжымдық жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік жоқ;

- оқушылардың өздік жұмысы басқа сынып оқушыларының шуылы, кедергі жасауы барысында жүргізіледі, мұның өзі оқушының тапсырманы түсіне отырып орындауына кері әсер етеді;

- ШЖМ оқушылары көпке дейін өз ойын ашық айтуға, қандай да бір мәселені ауызша талдауға, өзгенің талдауын, талқылауын, ойын тыңдаудан кейін қалады;

ШЖМ бағдарламасын өз деңгейінде орындап шығу қазіргі кездегі көкейкесті мәселелердің бірі, өйткені қойылатын талап негізгі мектептермен бірдей. Аталмыш мектеп жағдайында бағдарламаны сапалы орындау төмендегі жағдайларды, талаптарды орындағанда ғана мүмкін болады:

- егер мұғалім ШЖМ -нің өзіндік ерекшелігін, сабақтың ерекшелігін түсіне, сезіне алатын болса;

- егер мұғалім ШЖМ сабақты ұйымдастырудың мәселелері бойынша қажетті теориялық және практикалық дайындықтан өткен болса;

- сабағында мұғалім балаларды қызықтыра алатындай, сабақты түрлендіре жүргізетін, олардың сабақтағы іс-әрекетін ұйымдастыру формаларын дұрыс қолданатын болса.

Шағын комплектілі мектеп мұғалімдері күнделікті 8 не 14 сабақ жоспарын жазып, оған көрнекілік дайындайды. Сондықтан да оқу-тәрбие жұмысының нәтижелі болуына сабақ кестесінің әдістемелік тұрғыда дұрыс жасалуының маңызы зор. Осыған орай қосымша материалдарда бір пәндік жүйедегі сабақ кестесінің үлгілері, сабақты классификациялаудың негізіне оқу мақсаты, оны өткізудің әдісі немесе оқыту процесінің құрамдас буындары жатады. Осыған қарай сабақтың әр түрлі типтері ажыратылады [4].

Танымдық іс-әрекеттің кезеңдеріне қарай сабақтың типтері:

– кіріспе сабақтар

– материалмен бастапқы таныстырудың сабақтары

– ұғымдарды қалыптастырудың, заңдарды орнатудың сабақтары

– алған білімді практикада қолдану сабақтары

– дағдылар сабағы

– жалпылау және қорытындылау сабақтары

– бақылау сабақтары

– аралас сабақ

– Оқыту әдістеріне қарай сабақтардың типтері:

- сабақ-әңгіме
- сабақ-лекция
- кино сабағы
- лабораториялық сабақ
- іс-әрекеттің түр-түрімен сабақ

Дидактикалық міндеттеріне қарай сабақтың типтері:

- оқушылардың жаңа білімді меңгеру сабағы
- іскерлікті және дағдыны қалыптастыру сабағы
- білімді жалпылау және жүйелік сабағы
- қайталау, бекіту немесе білімді, іскерлікті, дағдыны кешенді қолдану сабағы
- бақылау-тексеру сабағы
- аралас сабақ

Сабақтың дәстүрлі емес технологиясына жататындар:

- пәнаралық байланысқа негізделген интегралды сабақтар;
- жарыс және ойын формасындағы сабақтар: байқау, турнир, іскер немесе ролдік ойындар;
- қарым-қатынастың көпшілік формаларын имитациялау сабақтары: пресс-конференция, аукцион, ауызша журнал т.б.;
- мемлекеттің және ұйымдардың іс-әрекетін имитациялауға негізделген сабақтар: сот, парламенттегі дебаттар;
- қоғамдық-мәдени шараларды имитациялаудың сабақтары: өткенге сырттай экскурсия, жорық, әдеби серуен;
- сабақтан тыс дәстүрлі формаларды сабақ шеңберіне енгізу, көңілділер, тапқыштар клубы, «Не? Қайда? Қашан?», инсценировка. т.б.

Сабақтың негізгі элементтері: сабақтың басталуын ұйымдастыру бір минуттан бірнеше минутқа созылады және оның дербес бөлігіндей өткізіледі. Сабақтың басында іскер және дұрыс талап қою бүкіл сабақтың сәтті өтуіне септігін тигізеді. Ұйымдастырушылық бөлімінде бәрі маңызды: мұғалім сабаққа қалай кіреді, өзіне деген сенімі, сөйлеуі, өзін ұстау қалпы, талаптарды орынды қоюы және оқушыларға деген шынайы ықыласы, сыйлаушылығы.

Оқыған материалдың меңгеруін тексеру /әдетте үй тапсырмасы/, оның мәні тексеру және қадағалауда, сонымен бірге жаңа материалды меңгеруге даярлауда болып табылады. Мұғалім үй тапсырмасын орындауға негіз болған басты идеяларды, ережелерді т.б. оқушылардың зейінін аударады. Үй тапсырмасын бәрі орындаған, орындамағанын анықтайды, қандай қиыншылықтар кездескенін біледі.

Сабақтың мақсаттарын және міндеттерін қою. Сабақтың нақты міндеттерін және оны жүзеге асырудың жолдарын ұғыну мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетін анықтығын, жүйелілігін және бірізділігін қамтамасыз етеді. Мақсат пен міндетті қою әдетте көп уақыт алмайды, бірақ ол оқу іс-әрекетіне бағытталғандық береді және үлкен тәрбиелік әсері болады.

Түсіндіру – оқу материалының мазмұнын ғылыми баяндау. Оқушыларға жаңа материал түсінікті болу үшін мұғалім ғылыми дәлелдерді, оқушыларда бар білімге сүйенуді, анық және түсінікті баяндауды жүзеге асыруы керек. Бекіту жаңа материалды түсіндіріп болғаннан кейін жаттығулардың, дербес жұмыстардың, арнайы тапсырмалардың жүйесі арқылы оқушылардың назарын аудартады, теориялық қағидаларды оқу іс-әрекетінің практикасымен байланыстырады. Бекіту арқылы мұғалім оқушылардың материалды меңгергені туралы ақпарат алады.

Қайталау. Оқу материалын тақырып, бөлімдер, курс бойынша жүйелеу, жалпылау, қайта айту. Бұл бөлімдегі күрделісі негізгі идеяларды бөліп шығару және жаттығулар мен тапсырмаларды таңдау болады.

Сабақтың нәтижесін шығару, қорытындылау. Сабақтың өтілу барысына, оқушылардың жұмысына қысқаша баға беру, оқығанның басты идеясын еске салу.

Үй тапсырмасы. Мұғалім үй тапсырмасын хабарлайды, қысқаша орындалу жолын түсіндіреді. Үй тапсырмасын орындау туралы нұсқау анық, қысқа, бірізділікпен берілуі қажет. Оқу міндетіне және мазмұнына қарай сабақтың бөліктерінің ара-қатынасы ауысып отырады. Сабақтардың әртүрлі типтерінің құрылуында ерекшеліктер пайда болады.

Жаңа білімді меңгеру сабақтарының құрылымы мынадай элементтерден тұрады: сабақтың басталуын ұйымдастыру; сабақтың мақсаттары және міндеттері; жаңаны түсіндіруге даярлық

жұмыс /үй тапсырмасын тексеру, бұрыннан оқығанды қайтадан айту, т.б./; түсіндіру; сабақты қорытындылау және үй тапсырмасы. Басты бөлімі – түсіндіру, бекіту қосымша роль атқарады және диагностикалық мақсатта өткізеді. Мұғалім оқушылардың жаңа білімді қалай меңгергені туралы ақпарат алады.

Бекіту сабағының құрылымы: сабақтың бастауын ұйымдастыру; сабақтың мақсатын және міндеттерін қою; бекіту; қорытындылау және үй тапсырмасы. Сабақтың басында әрбір оқушының жұмысқа даярлығын тексеру керек. Мақсатты қою барысында мұғалім негізгі қағидалар мен ережелерді еске салады, себебі олар практикалық оқу іс-әрекетіне негіз болады. Үй тапсырмасын тексеруді бекітумен байланыстырған дұрыс. Сабақтың негізгі бөлімі – практикалық тапсырмалар, проблемдік жағдаяттар мен сұрақтарды шешу, жаттығуларды орындау, дербес жұмыстар. Жаттығуларды дұрыс таңдау үлкен рөл атқарады, олардың қиындығы бағдарламаның, стандарттың талабына сай болғаны абзал.

Мектеп тәжірибесінде бір типті сабақтар өткізілмейді. Сондықтан оқыту жұмысын жүйелі әрі нәтижелі жүргізу үшін, оны топтастырудың мәні орасан зор. Сол себептен әрбір мұғалімнің сабақ классификациясын ойдағыдай білу шарт. Дидактикада сабақ классификациясын анықтауға айрықша маңыз береді. Қоғам дамыған сайын оқу жүйесінің қайта құрылатындығы және соған орай оқытудың мазмұны, әдіс-тәсілдерінің де өзгеріп, жаңарып отыруы сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 1-бап, 23 тармақ.
- 2 Гигиенические требования к условиям обучения школьников в различных видах современных общеобразовательных учреждений №2. 01.07.99. §2, пункт 9.11. – 21 с.
- 3 «ҚР Жалпы білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелері»: (2000 ж., №32 (6)).
- 4 Доскалиева Р.Б. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған 02.09.2011 жылғы «Шағын комплектілі мектептерінің оқыту әдістемесі» пәнін оқыту бағдарламасы негізінде құрастырылған оқу-әдістемелік кешені. – Орал, 2013.

МРНТИ 14.23.05

А.Закариянова¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 1 курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан

БАЛА БОЙЫНДА ТОЛЕРАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Толеранттылық мәселесі сонау ерте заманнан басталған. Бірақта толеранттық ұғымы ізгілік, рақым, шыдамдылық, төзімділік, адамгершілік идеялары негізінде көрініс тапқан.

Толеранттық мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі, экстремизмнің әр түрінің алдын-алу және оған қарсы әрекет ету шаралары қазіргі көп ұлтты Қазақстанда өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесін зерттеу үшін жасөспірімдік шақ таңдалды. Бұл жаста адамның бағалау қабілеті туындайды, мінез-құлықтың біршама тұрақты үлгілері қалыптасады. «Мен және қоғам» қағидасы белсенді қалыптасады. Өсіп келе жатқан тұлға қоршаған ортаға позитивтік тұрғыда әрекет етеді.

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі бала бойында толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балаларда толерантты мінез-құлықты қалыптастыру екі жақты келісімді макро және микро деңгейлерінің ерекшеліктері мен заңдылықтары айтылады.

Сонымен қатар, толерантты мінез-құлықты қалыптастыруда бүтін, бөлінбей орындалатын педагогикалық-психологиялық заңдылықтар мен қағидаларды айқындаған.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастырудағы маңызды жағдай жағымды аймақтық білім саясатын құру болып табылады да, гуманистік парадигманы қозғалтып, аймақтың мәдениет, тіл, әдет-ғұрып сияқты маңызды әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді.

Түйін сөздер: толерантты мінез-құлық, макро, микро

А.Закариянова¹

*¹магистрантка 2 курса КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ТОЛЕРАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ У ДЕТЕЙ

Аннотация

Вопрос о толерантности возник в древние времена. Тем не менее, толерантность проявляется на основе идей понятия добра, милосердия, стойкости, терпимости, нравственности.

Вопрос формирования толерантного поведения, предотвращение различных видов экстремизма, и меры по его противодействию являются одними из актуальных вопросов в современном многонациональном Казахстане.

Для изучения вопроса о формировании толерантного поведения выбран подростковый период. В этом возрасте у человека зарождаются способности давать оценку, и формируются несколько образцов постоянного характера. Активно формулируется принцип «я и общество». Подростающий юноша позитивно воздействует на окружающую среду.

В этой статье описывается вопрос о формировании толерантного поведения у детей дошкольного возраста. Формирование толерантного поведения у детей дошкольного возраста осуществляется определением особенностей и закономерностей макро- и микро уровней.

Кроме того, определены единые педагогико-психологические методы и принципы в формировании толерантного поведения.

Важным условием в формировании толерантного поведения является создание образовательной политики с приятной средой и поднятие вопроса о гуманистической парадигме и определение социальных особенностей региона, таких как культура, язык и традиции.

Ключевые слова: толерантное поведение, макро, микро

A.Zakariyanova¹

¹2nd year masters degree student, Abay Kazakh National Pedagogical University

ISSUES OF FORMATION OF TOLERANCE BEHAVIOUR AMONG CHILDREN

Abstract

The issue of tolerance appeared in ancient times. Nonetheless, tolerance is formed on the basis of ideas, such as concepts of right, mercifulness, true grit, liberality and morals.

The issue of formation of tolerant behaviour, prevention of different types of extremism and anti-extremism measures are one of the most relevant issues in the modern multicultural Kazakhstan.

The period of adolescence is chosen to study the issue of formation of tolerant behaviour. At that age, a child is able to assess and evaluate, in addition, several characteristics are reformed. The principle "Me and society" is actively formulated. The growing child has a positive effect on the environment.

This article describes the issue of formation of tolerant behaviour among preschool children. Formation of tolerant behaviour among children of preschool age is carried out by determining the specifications and principles of macro- and micro levels.

Moreover, uniform pedagogical-psychological methods and principles in formation of tolerant behaviour are defined.

The most important condition in formation of tolerant behaviour is the establishment of educational policies with a pleasant environment and highlighting a question of the humanistic paradigm and identification of the social characteristics of the region, such as culture, language and traditions.

Keywords: tolerant behaviour, macro, micro

Соңғы жылдары әлемде және Қазақстанда болып жатқан өзгерістер адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесінің өзектілігін алға тартып отыр. Мемлекет жүргізіп отырған ұлтаралық келісім мен ұлтаралық бірлікті дамытуға бағытталған нақты саясат педагог пен бала, ата-ана арасындағы бірлікті, аға буын мен кіші буын арасындағы өзара түсіністікті, ең бастысы, балалардың ішкі мәдениетінің дамуын ұлттық сана-сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық құндылық тұрғысынан қамтиды. Ізгілікті қоғамда балбақша бір-біріне, ата-анаға деген сыйлы қатынасты, жасы үлкен адамдарға және кішкентай балаларға көмек беру, табиғат пен қоршаған ортаны қорғау ниетін тәрбиелеуі тиіс.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастырудың маңызды шарты, бір жағынан, бала үшін ортаның маңызын, әр түрлі жақтарына баланың көзқарасын зерттеу болып табылса, екінші жағынан орта көзқарасы баланың «болу» мүмкіндігін жасауға мүмкіндік беруі, яғни толеранттық мінез-құлық белгілеріне ие тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауы керек.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастыруға әдіснамалық көзқарасты теориялық талдау бізге толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәдениеті тұлғаны қалыптастыруда осы үдерістің білімдік және тәрбиелік бағыттармен арақатынасы нақты анықталғанда өзінің лайықты орнын алады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда толерантты мінез-құлықты қалыптастыру екі жақты келісімді макро және микро деңгейлерінің нәтижесі арқасында жүзеге асырылуы мүмкін. Әр деңгейдегі ұйымдастыру үдерісі әртүрлі деңгейде жүзеге асырылатын нақты мақсатпен және мақсатқа лайықтылықпен (қайда бағытталғаны), шешілетін міндеттермен (нені жеңеді, нені алып тастайды?), қызметімен (не үшін тағайындалады?) анықталады.

Макро деңгей бүкіл мемлекет шеңберінде іске асады және оның басты мақсаты қоғамдағы жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың демократиялық мемлекеттегі азаматтық келісімнің кепілі ретінде мінез-құлық тұрақтылығын сақтайтын, сондай-ақ басқа мемлекеттер мен әлем халықтарымен қарым-қатынаста позитивті геосаясатты жүзеге асыратын толерантты сананы қалыптастыру болып табылады. Функциональдық мағынада бұл қасиетті қалыптастыруда үлкен жауапкершілік мемлекетке және сол арқылы мемлекеттік орындарға, мемлекеттік бағдарламалар мен заңдылықтарға жүктеледі [1].

Аймақтық деңгей этникалық-әлеуметтік көпжақтылығымен, білім және тәрбие концепцияларымен ерекшеленетін белгілі бір аймақ көлемінде іске асады. Аймақтың нақты жағдайын ескере отырып, білім беру саласындағы басымдылықтарды анықтау.

Микро деңгей – жанұя, педагог пен бала тұлғасы. Микро деңгей шегінде табиғи-климаттық, ұлттық ерекшеліктерімен сипатталатын кіші Отанды қалыптастыруға назар аударылады. Мұндай жағдайларда балалардың сол жерде өмір сүретін әртүрлі халыққа толерантты мінез-құлқы қалыптасады.

Микро деңгей белгілі бір білім беру мекемесінің немесе білім беру үдерісіндегі ерекше қасиеттерді анықтайды. Аты аталған деңгейдің шегінде әрбір мекеме білім компоненттерін жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті түрде оқушылардың толеранттық мінез-құлқын қалыптастырудың ерекше қағидалары мен жүйесін қалыптастыру керек.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастыруға қатысты қазақ педагогикасында көптеген ғалымдардың еңбектері бар. Қазіргі уақытта Қазақстандық ғалымдар осы мәселеге қатысты келелі ой-пікірлер айтып, ғылыми ізденістер жасап келеді. Атап айтсақ, гуманистік тәрбие мәселесі С.А. Ұзақбаеваның, ұлттық тәрбие мәселесі Қ.Б. Жарықбаевтың, Қ.Б. Бөлеевтің, К.Ж. Қожахметованың, адамгершілік тәрбие мәселесі Р.К. Төлеубекованың еңбектерінде жан-жақты талданған.

С.А. Ұзақбаева қазақ халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие мәселесін қарастырған. Оның еңбегінде халықтық педагогиканың педагогика ғылымының құрамдас бөлігі ретіндегі түсінігі қалыптастырылған. Халықтық педагогика идеяларының сипаттамасы беріліп, өсіп келе жатқан ұрпақ үшін эстетикалық тәрбиенің маңызын қарастырған [2].

Қ.Б. Бөлеев болашақ ұстаздарды балаларды ұлттық тәрбиелеуге даярлаудың теориясы мен тәжірибесін қарастырған. Педагогикалық ЖОО жағдайларында болашақ ұстаздарды этнопедагогикалық даярлау процесі қарастырылып, студенттерді осы бағытта даярлаудың теориялық негіздері мен әдістемесін дайындаған. Қазақ ағартушыларының этнопедагогикалық мұрасы зерттелген, балаларға ұлттық тәрбие беру үшін педагогтарға қазақ этнопедагогикасы мен оның тарихын меңгеру қажеттілігі көрсетілген [3].

Р.К.Төлеубекованың халықтық педагогиканың прогрессивті дәстүрлерін қазақ мектебінің жоғары сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде қолдану мәселелерін қарастырған. Ғалым еңбегінде бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің өзекті мәселелері айқындалып, осы тұрғыдағы жетекші теориялық идеялар зерттеліп, топтастырылған. Халықтық педагогика тәсілдерімен жоғары сынып оқушыларын адамгершіліктікке тәрбиелеу әдістемесі ұсынылды. Тұлғаның аса маңызды қасиеттері көрсетіліп, жүйеге келтірілді. Сонымен бірге ол өз еңбектерінде «орта», «тәрбие кеңістігі» түсініктеріне анықтама береді. Өзгермелі әлеуметтік мәдени ортаның талаптарына сай оқушылардың адамгершілік тәрбиесінің қалыптасу

көрсеткіштері, моделі, механизмдері, критерийлері өңделген. Жоғарғы сынып оқушыларының даму ортасын құру және жүйелік іс-әрекетті ұйымдастыру технологиясы қарастырылған, оның тиімділігі және тәжірибелік мәні дәлелденген. «Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу бағдарламасы» және «Өз-өзінді тани біл» арнайы практикумы әзірленген [4]. Ғалымның көзқарасынша балалардың даму ортасын құру олардың жүйелі іс-әрекетін ескере отырып, бала бойында қалыптасатын адами құндылықтардың қалыптасатыны сөзсіз.

Сонымен қатар жүйені белгілі бір деңгейде сипаттайтын параметрлер мен критерийлер бір-біріне байланысты емес және әрқайсысы өзінше өмір сүреді деген әсер қалмауы керек. Олардың арасындағы байланысты анықтау үшін берілген деңгейлер жіктелетін ортақ белгі болуы керек.

Біздің ойымызша, мұндай белгі ретінде төмендегілерді айтуға болады: бала тұлғасы, теория мен практиканың теңбе-теңдігі, қалалық орта мектеп жағдайында оны қалыптастырудың нақты құралдарын толерантты мінез-құлықтың жалпы қағидаларына трансформациялау логикасы.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастыруға әлеуметтік-қоғамдық үдерістер себепші болады, олар: ортада, қоғамда әлеуметтік зомбылықтың өсуі, ұлтаралық қақтығыстардың жалғасуы, ұлттық экстремизмнің өсуі және т.б., сонымен қатар әлеуметтік зорлықтың әртүрлі жағдайларында жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың толерантты мінез-құлқын азаматтық келісім өлшемдерінің негізі ретінде әлеуметтік практикаға енгізу қажеттілігі сияқты ортаның сұранысы ескерілуі қажет.

Балалардың толерантты мінез-құлықтарының қалыптасуы қоғам дамуы заңдарымен, білім беру үдерісімен, оқыту және жеке тұлға дамуымен заңды байланысты.

Осыған орай балалардың толерантты мінез-құлықтарын қалыптастыруға арналған тиімді іс-әрекеттер кешенін дайындау мен жүзеге асыру үшін белгілі бір міндеттерді шешу қажеттілігі туады.

Бірінші және екінші заңдылықтардан шығатын қағида балалардың толерантты мінез-құлықтарының оқулық-тәрбиелік үдеріс бағытының деңгейін жоғарылату.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру үдеріс заңды түрде макро және микро орталарының шарттарымен байланысты (жастық, гендерлік, ұлттық құрам, өзара қатынас сипаты, тұлғааралық қатынас жиілігі және т.б.) Педагогикалық қызметті жүйелі ұйымдастыру кезінде ұлттық-мәдени ерекшеліктерге ерекше көңіл бөлу қажет. Көп ұлтты балалар ұжымындағы педагогикалық қызметтің тиімділігі бір-бірімен заңды байланыстағы оқу және әлеуметтік салалардан тұратын педагогикалық күш сияқты нақты тәрбие құралдарына байланысты [5].

Осыдан балалардың өмірлік әрекеттерінің барлық салаларында – оқу және әлеуметтік салада ұлттық-мәдени факторды жан-жақты ескеру және жүйелеу қағидасы пайда болады.

Толерантты мінез-құлықты тиімді қалыптастыру педагогикалық әрекет пен бала тұлғасын өзіндік тәрбиелеу бірлігі көрінетін үдерісте де жүзеге асуы мүмкін. Мұнда тәрбиелік әсер мен қарым-қатынас субъектілерінің өзара әсері арасында заңды байланыс бар: бұл байланыс педагог пен баланың арасында болады да, қалыптастыру үдерісінің бүтіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, біз толерантты мінез-құлықты қалыптастыруда бүтін, бөлінбей орындалатын педагогикалық-психологиялық заңдылықтар мен қағидаларды айқындадық.

Толерантты мінез-құлықты қалыптастырудағы маңызды жағдай жағымды аймақтық білім саясатын құру болып табылады да, гуманистік парадигманы қозғалтып, аймақтың мәдениет, тіл, әдет-ғұрып сияқты маңызды әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Шалин В.В. *Толерантность. Культурная норма и политическая необходимость.* – Краснодар: Периодика Кубани, 2000. – 256 с.

2 Узакбаева С.А. *Эстетическое воспитание в казахской народной педагогике: Дис. ... д.п.н.* – Алматы, 1993. – 420 с.

3 Болеев К. *Теория и практика подготовки будущих учителей к национальному воспитанию учащихся: Дис. ... д.п.н.* – Тараз, 2002. – 343 с.

4 Толеубекова Р.К. *Использование прогрессивных традиций народной педагогики в нравственном воспитании учащихся начальных классов казахской школы: Дис. ... д.п.н.* – Алматы, 1994. – 162 с.

5 Подласый И.П. *Педагогика. Новый курс: Учебник для студентов пед.вузов: В 2 кн.* – М.: Гуманитарный изд. центр «ВЛАДОС», 1999. – С.576.

УДК373. 642
МРНТИ 14.35.09

С.М. Крыкбаева¹, С.А. Кипшаков²

¹өнертану кандидаты,
Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің қауым. профессор м.а.,
Алматы қ., Қазақстан

²п.ғ.к., Т.А. Букетов ат. ҚарМУ,
Қарағанды қ., Қазақстан

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГИКАНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада бейнелеу өнері сабағында оқушыларға көркемдік білім беруде педагогиканың ролі қарастырылады.

Оқушыларға бейнелеу өнерінің эстетикалық тәрбие берудегі маңызды ролі бейнелеу өнерінің және көркем шығармашылықтың ерекшелігімен айқындалады. Көркем-педагогикалық білім беру жалпы, ұлттық және жеке сипатқа ие. Балаларға тәлім беруде бейнелеу өнерінің мұғалімі әр оқушының үйлесімді түрде жан-жақты дамуына, өмірдегі әдемілікті табиғатта, өнерде, ғылымда және қоғамда толықтай қабылдау қабілетіне ие болуға көмектеседі. Әдемілік адамның рухани әлемін ақыл-ой, жан мен еркіне әсер етеді. Эстетикалық білім адамға өнерге ғана емес, өмірдегі сұлулықтың барлық түрлеріне және нысандарына қабылдатады. Эстетикалық білім беру процесінде адамның көзқарасы, сезімі, талғамы мен қиялы қалыптасады. Эстетикалық және моральдық тәрбиеленген адам – тек ұрпақтың ғана емес, бүкіл ұлттың гүлденуінің кепілі. Бейнелеу өнерін оқытуда мұғалімнің кәсіптік өсу мәселесі, оның деңгейін көтеру және моральдық жетілдіру бойынша табанды жұмысы қажет етеді. Педагогикада ұзақ уақыт бойы мұғалімнің өзін-өзі үздіксіз жұмысы оның табысты оқу тәрбиелік белсенділігі үшін міндетті шарттарының бірі болып табылады.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, көркемдік білім, принцип, шығармашылық іс-әрекет, педагогикалық

С.М. Крыкбаева¹, С.А. Кипшаков²

¹к.искусств., асс. профессор Казахского Государственного женского педагогического университета,
г. Алматы, Казахстан

²к.п.н., КарГУ им. Т.А. Букетова,
г. Караганда, Казахстан

РОЛЬ ПЕДАГОГИКИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ НА ЗАНЯТИЯХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

Десек те, ана атаулының қоғам мен отбасында алатын орны, атқарар рөлі ұшан - теңіз. Ана - ақылшы, тәрбиеші, үйдің береке-ырысы ғана емес, ол ел мен елді елдестіруші, араздықты бітістіруші, дәнекерлеуші, ол іскер, қаһарман. Осы орайда, қазақ қоғамында аналардың алар орны ерекше болған.

Сонау ерте замандардағы наным-сенімдердің түп-тамыры да Ана. Ата бабаларымыз аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынатын. Ұмай ана – қамқоршы, жарылқаушы, демеуші, жанұя мен отбасының пірі.

Түркілер әйел ананы отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы деп таныса, қазақта да «Жігіттің жақсы болуы нағашысынан», «Ерді ер қылатын да жер қылатын да әйел» деген мәтелдер бар. Оның түп төркініне үңілсек, ата - бабаларымыз аналарының, жұбайларының қадір - қасиетіне, оның шыққан тегіне ерекше мән берген. Мұның өзі қыз баланың ұрпақ өрбітудегі орнының жоғары, жауапты екендігін танытады.

Қазақ халқының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттерді тілін, ділін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізіп, дарытушы да дамытушы да әйел ана деп санаған. Халқымыздың татулығын, береке-бірлігін келтіруші ана екендігіне тарих куә. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп»

деген халық даналығынан туындайтын өлең шумақтары осыдан барып санамызда орныққан. Қазақ хандығы дәуірінде аналар мен қыздардың өзіндік орны, атқарар рөлі болғандығына жазба деректер мен ауызша тарих айтудың жәдігерлері дәлел бола ала алады. Аналармыздың қоғамдағы орнын қалыптасқан ру-тайпалық қатынастар, дәстүрлі шаруашылық, тамыры тереңнен бастау алатын діл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып анықтаған. Қыздарын болашақ ана ретінде санаған дана халық оларды сыйлап, қастерлеген. Перзентінің тұңғышы қыз болғанда «Ырыс алды қыз», «Қыз-өріс», «Қыз өссе-елдің көркі, гүл өссе-жердің көркі» деп, жақсы ырымға жорып қуанған. «Қыз аз күнгі қонақ» деп барынша таза және сәнді кигізіп, дәмді тамақтарды оның аузына тартып, үйдің оң жағындағы төрінен орын беріп аялаған. Алысты жақын, жатты жекжат етер, елмен елді таныстырып, табыстырар дәнекер көріп құрметтеген. Сән-салтанат құруға мүмкіндігі бар ірі байларды былай қойғанда, шаруасы өзіне жетерлік орта қазақ отбасының өзі ең алдымен қыз салтанатына көңіл бөлген. Киімнің асылын қыз бала киетін, алтын күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлер де, өте әдемі және қымбат ер-тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғалар, әдемі сәйгүліктерді парлап жеккен пәуескелер бойжеткенге арналатын. Қазақ қызын “қыздың жолы жіңішке” дей отырып, жан-жақты тәрбиелеген, еш уақытта оны кемсітіп, төмендетпеген. Қайта қыз баланың бойына әдептілік, инабаттылықпен бірге дала әдебіне сәйкес өткірлік, қайсарлық, шынайы намыс тәрізді қасиеттерді қоса дамытып отырған.

Қыздарға деген ақ тәлім-тәрбие, күш-жігер зая кетпеген. Қазақ тарихы жоңғарларға атойлап шапқан Қабанбай батырдың қызы Назымды, Үйсіндердің бабасы, Моғолстан мемлекетінің көрнекті тұлғасы Бәйдібек батырдың жары Нұриланы (Домалақ ана), бірнеше шешуші жорықтарда көзге түскен Абылай ханның қызы Гауһарды, талай ақтық шайқастарда ерен ерлік көрсеткен Айтолқынды, найман жұртшылығының батыр қызы Жанқайды жадында сақтап, ұрпаққа дәріптейді. Бұлардан өзге ақылдылығымен, әулиелігімен аты шыққан Бегім ана, Бұланбай батырдың жары Айбике, 500 сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ғажап ерлік көрсеткен Кенесарының қарындасы Бопай, Бірнеше шығыс тілдерін меңгеріп, өз халқының мұң-мұқтажы туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаменті мен үкіметінің Сібір комитетімен хат алысып тұрған Шоқанның әжесі Айғаным ханша тәрізді ел арасында беделі жоғары әйел аналар аз болмаған.

«Қызға қырық үйден тыю» деген дана философиялық қағидаға орай ата-бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. «Қыз өссе елдің көркі» дегенге сай болу үшін оны адамгершілікке, парасаттылыққа, еңбек сүйгіштікке, әдемілікке баулыған. “Қыз жат жұрттық” деп айтылып, өмірден сабақ ала білген бабаларымыз бөтен елде қыздарының тәрбиелігімен, көргендігімен дараланғанын қалады. Сол үшін де ата салттың мәнін өзгертпей, оны қатаң сақтап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырды. Нәтижесінде қазақ қыздары адами киелі қасиеттерді бойына жинап, өзге халықтардан ерекшеленді. Әсіресе қыздардың еңбек сүйгіш қасиеттері оларды отбасының, сондай-ақ бүкіл дәстүрлі шаруашылықтың ұйытқысына айналдырды. Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі отағасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін.

Шаруаның негізгісі мал өсіру, егін салу болса, малды түзде бағып-қағу, оған жемшөп дайындау, егін егу, оны суару, жинау ісіне әйелдер тікелей араласа қоймайтын, ондай ауыр жұмыс әр уақытта ерлердің ісі болып есептелетін. Тамақ дайындап кесте тоқу, алаша, кілем тоқу, әр түрлі үй бұйымдарын тігу, мал сауу, кір жуып, үй жинау, көші-қонның кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата-енесіне қарау, т.б. үй ішінің ұсақ-түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болды.

Үй шаруасына жалшылар ұстайтын ірі байлардың әйелдері мұндай шаруалар істемейтін. Олар тек басшылық етіп, жеңіл-желпі киім тігіп, ши орап, кесте тігіп, бала бағудан басқаға араласпайтын. Ал орта шаруалар мен кедейлердің әйелдерінің жұмысы тіпті көп болатын. Олар өз шаруасына қоса, бай туысының үй шаруасына да көмектесетін. Қысты күні үйде тұрған малға қарау көбінесе әйелдер мен бала - шағаның міндетіне жататын.

Қазақ әйелдері мал сатып, қаладағы базарға баруға араласпағанымен, үйдегі шаруаға тікелей қатысып, оған өзінің ықпалын жүргізетін. Үй іші шаруасын ұйымдастыруда да ері әйелімен ылғи ақылдасатын. Егер әйел ақылды болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізетіндіктен, мұндай әйелдерге күйеулері өздерінің өмірлік серігі ретінде қараған. Осындай жағдайлардың орын алғандығын тарихи деректер дәйектейді. Ері жоқта есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмысқа өзі басшылық ететін. Мұндай әйелдер тарапынан еш уақытта ұрыс-

жанжал шықпайтын. Үлкен-кішіні бірдей сыйлап, керек жерінде жарасымды әзіл айтып, жолынан жаңылмай тұрған әйелдердің отбасындағы ықпалы күшті болатын.

Ал «әже» туралы айтқанда, бұл – бүгінгі өмір тіршілігімен санасқанда, барлық әйелдердің төресі деген ұғымды білдіреді. Жоғарыда айтқандай, әже ұғымының ежелгі дәуірлерден бері бүкіл қазақтың санасына сіңгені соншалық, бұл атаудың киелілігінде шек жоқ. Тіпті, қазақ ішінде осы атауға тең келетін диалектикалық теңеу, немесе өлке ауқымында бәлендей бір өзгеріске ұшыраған сөздік те жоқ. Сондықтан қазақ үшін әже болу деген бабалар сияқты даналыққа жетудің ерекш белгісі болғаны күмән туғызбаған. Осы арада әжені бабалармен теңестіруге де тура келеді.

Кез-келген қазақ өзінің бабасын қадір тұтатыны белгілі. Діліне берік бүкіл қазақ, баба дегенде ішкен асын жерге қоятыны да анық. Біле білсеңіз, баба деген сөздің қазақ үшін киелілігі соншалық, оның өлшеуі жоқ, ешнәрсемен теңестіруге келмейтін қастерлі де қасиетті және киелі ұғым. Тіпті, дін дегенде құлағы елең ете түсетін қазақ, «баба» дегенде діннен де бетер елегизиді. Бір нәрсені күн, ай, жұлдыз, алтын мен күміске теңесең де қазақ үшін «баба» сөзі бәрібір құдірет. Бұны салмақтауға да салыстыруға да келмейді. «Баба» сөзі бәрінен де жоғары, бәрінен де биік. Бәрі: барлық жақсылық, ақыл, парасат, абзалдық, кісілік пен кішілік, мейірім, ұлағат, қайырымдылық пен рақымдылық, ізгілік пен жомарттық, табандылық пен ақілеттілік сияқты айтып жеткізе алмайтын рухани келісті ұғымдар мағынасының бәрі, қазақ үшін осы бабаға келіп тіреледі. Бұл ұғым, бүкіл исі қазақ үшін кезінде марксистер ойлап тапқан идеология, саяси саналылық, партия, көсем, тұлға деген ұғымдардың бәрін артта қалдырады.

«Баба» бір қарағанда көзге көрінбейді. Бірақ, «Үй артында кісі бар!» десек, барлық қазақтың артында тұрған нәрсе – осы баба екенін айтпай-ақ түсінеміз. Бұл, қайдағы бір аруаққа табыну емес. Негізі бұл, қазақ деген халықтың ділдік ерекшеліктерінен туындаса керек. Өйткені, қазақ үшін баба ұғымы ата, апа, әпке, аға, болмаса көке деген ұғымдардың бәрінен жоғары тұр. Сондықтан, бабаны әжемен бірге ерекше қастерлейтін халық болып жаратылғанымызға қуанып, шаттанайық ардақты ағайын! Біздің бәрімізді бабаларымыздың киесі қолдасын!

Сонымен біз, жоғарыда біз айтқан қазақ қыздарына тән асыл қасиеттерді бойына сіңіріп, өнегелі ана ретінде өмір сүре білген Жаңабаева Рая Айтбайқызын мысалға ала отырып, ол туралы естелік рәсімін бастаймыз:

Рая Айтбайқызы 1947жылы 12 қарашада дүниеге келген. 1968 жылдың тамыз айында бүгінде Еліміздің тұңғыш жоғары оқу орны болып есептелетін Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің Жаратылыстану факультетінде екінші курста оқып жүрген кезінде Ұлы жүз, Албан руының Хан Тәңірі етегін жайлаған Қожбанбет тайпасының ішіндегі Кәдір атасынан тарайтын Шәлкөде елді мекеніндегі Добал әулетіне келін болып түскен. Сол оқиғаның куәсі болғандықтан Рая Айтбайқызы туралы естелікті осы арадан бастағанды жөн көрдік:

Жаз болса болды, көбінесе орта ауылдың балалары – біздер, есек арбамен таудан отын тасимыз. Бірде біз, қарама-қарсы үйлерде тұратын Рая жеңгеміздің қазіргі туған қайынысы Тегіс екеуміз, таудан келген бетіміз еді. Екеуміз де 7-і сыныпта оқимыз. Мен 15-темін, ол 13-те. Келсек, оның үйінің төңірегі абыр-сабыр: қаптаған адамдар, бірнеше машиналар... Тегістің Ертіс деген тете інісі болып еді, кейін марқұм болып кетті. Сол бізден сүйінші сұрады: «Жеңіс ағам әйел алып келді. Сұлу екен» деді. Иә, біздер, ойын балалары тыныш жүреміз бе, әлгі сұлу жеңгемізді көргіміз келіп, Тегістің үйін жағаладық. Далаға бір шыққан кезде, әлгі періште жеңгемізді көрдік-ау әйтеуір. Айтса, айтқандай-ақ екен: қасы-көзі қиылған Алпамыс батыр ертегісіндегі нағыз Баршын сұлуды көргендей болып, үйдегі іні-қарындастарыма айтып келдім. Бір қызығы, жеңгеміз қалақай шөбінің шағатын қасиетін білмейтін болып шықты. Сол келін болып түскен күні кешкісін, далаға шығып, қорық ішіндегі қалақай арасынан өткенде, аяғын қалақай шағып алыпты. Сонда жеңгеміз: «ойбай сұмдық, қайда келгенмін, бұл жақтың шөбі де шаға ма, тәйірі?!» деп айқайлап жіберген көрінеді.

Таң ертеңгі жанұя әңгімесінің бәрі: «Баршын сұлу» жайында болды. Шешем айтты: «Текті жердің қызы көрінеді. Әжесінің қолында өсіпті, тәрбиелі екен. Негізі, жаман келін болмайды. Көксау қайнағамның көсегесі көгерсін! деген оймен, мен кеше, өмірімде бірінші рет осы келінге орамал жаптым. Кім біледі, күндердің күнінде мен де келін алсам, осы келін менің келінімнің басына орамал тағар, дүние алма-кезек деген» деп, өзінің кешегі істеген ісіне риза болған ниетін білдірді. Иә, расында солай болып шықты. 1984 жылы, біз Роза екеуміз үйленгенде шешем, көзінің тірісінде осы Рая жеңгемізге Розаның басына орамал салғызған еді. Кейін, менің ұлым Берік үйленгенде келінім Елзаттың басына да, осы жеңгеміз орамал тағып, өнегелі келіндер арасындағы

эстафета өз жалғасын тауып жатты... Қазір, Құдайға шүкір, мен де біздің баламыз, Берік те балалы-шағалы болып, үбірлі-сүбірлі отбасына айналып, міре-сәре болып отырсақ, бұл құбылыс қазақтың орамал салу ырымының өзіндік мәнінің жоғары екенін көрсетсе, Рая жеңгеміздің құшағының кең, жүрегінің таза, қолының ақ, пейілінің жоғары, жаны жомарт, ой-өрісі биік, жалпы-тұлғалық бітім-болмысының берекелі де мерекелі екендігін білдіреді.

Осы жеңгеміз қазір де менің шешем айтқандай салмақты да сабырлы, тілге бай, салт-дәстүрді сақтап, әдептен озбайтын, туыс-туғанды сыйлап, өз жұрты мен қайын жұртын қатар көретін салқалы әйел, ардақты да дана ана ретінде, марқұм болып кеткен Жеңіс ағамыздың шаңырағын жықпай, үлкен үйдің түтінін түтетіп отыр. Сырт көзге бәрі байқалады ғой, Рая жеңгеміз ағаның тұяқтары Арман мен Айнұрын аймалап, оларға қандай көрегенді тәлім-тәрбие беріп отырса, өзі оқытатын студент жастарға да сондайлық жақсы тәрбие беріп жүрген аяулы ұстаз, білікті педагог. Табиғатынан көпшіл жеңгеміз, жолдас-жораларының арасында қадырлі, өзі 40 жылдан аса еңбек етіп келе жатқан қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті ұжымында беделді, ел-жұрт алдында абыройы таза, абзал да адал ана.

Жан-жары, кезіндегі Іле-Алатау мемлекеттік Ұлттық табиғи бағының Бас директоры қызметін атқарған Жеңіс Мырзабеков екеуі таза махаббаттан басталған үлгілі жанұя құрып, 33 жыл бойы бірге жүріп, тату-тәтті өмір сүрді. Шат-шадыман, дүбірлі өмір сүрудің барысында бір ұл, бір қыз, үш немере тәрбиелеп өсірді. 1990 жылы аспирантураны бітіріп, педагогика ғылымының кандидаты атағын алған. Бүгінгі таңда докторлық диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін, сол өзі оқыған Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінде профессор ретінде ұстаздық қызметін одан әрі жалғастырып, абыройлы да жемісті еңбек етіп келеді.

Табиғатынан ұлттық тәрбиенің нәрімен өсіп-жетілген Рая Айтбаевна бүгінде халық педагогикасындағы ерлік және патриоттық тәрбиеге мән беріп қана қоймай, оған ерекше көңіл қойып, республика жастарының рухын өсіруге үлес қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз, жалынды тәрбиеші. Ол адам баласының басына түсетін кездейсоқ тағдыр тауқыметіне қарамастан, түрлі киындықтарға мойымай жріп, бойындағы бүкіл қажыры мен қайрат-жігерін Еліне арнап, ақыры 2005 жылы сол халық педагогикасымен байланысты докторлық диссертациясын сәтті қорғап шыққанын біреу білсе, біреулер әлі күнге дейін білмейді.

Жаратылыстану академиясының ғылым кореспондент мүшесі, Халықаралық ғылым академиясының педагогикалық білім беру академигі (РФ) Рая Айтбайқызы қазір Алматы қаласында тұрады. Оның өскелең ұрпаққа арнаған 100-ден аса ғылыми еңбектері мен бірнеше құнды монографиялары бар. Оның бәрі, тек қана халық игілігіне бағышталған. Р.А. Джанабаеваның «Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері», «Ә.Нұршайықов шығармаларының оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі мәні», «Қоғам және патриотизм» деген сияқты көлемді еңбектері бүгінде республика жұртшылығының, әсіресе жас буынның қызығып оқитын сүйікті кітаптарына айналды... Елбасы Н.Ә. Назарбаев биылғы жылдың 12-ші сәуір айында жариялаған *«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»* деп аталатын мақаласында төл тарихымыздан патриотизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болатындығын жазса, мұнда Рая Айтбайқызының да қол таңбасы бар.

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген қазақтың мәтелі өмірдегі Рая Айтбайқызы сияқты некен саяқ адамдарға арналып айтылған сияқты. Қазақта «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деген тағы бір даналық сөз бар. Біз, осы бір даналық сөздерді ұран ғып көтеріп жүрген халық өкілі ретінде Рая Айтбайқызы туралы айтар болсақ, тіпті көптеген өнегелі нәрселердің басын шалуға болады. Бірақ біз, мәселені түйіндеп айтар жағына келсек, алғашқы айтылған мәтелден бастауға тура келеді. Яғни, мен білетін осы адам, өмірге ұл болып тумаса да бүгінде ұлға бергісіз жұмыстар атқарып, туыс-тумасына, келін болып түскен жамағат жұртына, өзін қоршаған жалпы көпшілікке, айналып келгенде дүйім жұртшылыққа бүкіл жан-дүниесінің қызуын беріп, аялы алақанының жылуын шашып келе жатқан қазақ әйелдерінің ішіндегі бірден-бір үлгілі тұлға. Ол дәл осындай даралық пен даналыққа абзал ананың мейірімі мен ел басқарған әкесінің ұлағаты арқылы келген адам еді.

Жамбыл облыс Мойынқұм ауданында 20 жыл үздіксіз бірінші хатшы болған Р.А. Джанабаеваның әкесі екі рет Ленин орденімен марапатталып, екі рет КСРО жоғарғы Кеңес депутатығына сайланған ерекше силы ел азаматы еді. Еліміздің бір туар азаматы Димаш Ахметұлы Қонаев, әр кездегі Мойынқұм өңіріне сапарларында Рая жеңгеміздің әкесі Айтбай құдамыздың үйіне соқпай кетпейтін көрінеді. Бұл өз заманындағы дара тұлғалардың ел

басқарудағы үндестік пиғылдары мен данағөй адамдардың сырластық қасиеттерін білдірсе керенк. Айтбай Назарбеков үлкен жанұя иесі ретінде де белгілі. Зайыбы Ақышева Айтбикемен бірге өмірге он бала әкелді. Олар осы балаларының барлығына өнегелі тәрбие беріп, жоғарғы оқу орындарын бітіртті. Екі ұлы, сегіз қызы әке-шешесіне тартқан ұлағатты, саналы, қазақ халқының ұлттық патриотизмі бойына терең сіңіп өскен азаматтар мен азаматшалар болып өсіп-жетілді. Айтекеңнің балаларының алған білімі әр саладан. Олар: агроном, зоотехник, экономист, дәрігер, мұғалім және юрист. Ол кісі өмірден кеткенде оған Тараз қаласынан көше беріліп, тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылса, бүгінде бір ұжым мен мектепке осы кісінің есімі беріліп, ер есімі ел есінде сақталып отыр.

Міне, осындай халық қадіріне бөленіп, ел ішінде аңыз адамға айналған Атбай Назарбековтың тұңғышы Рая Айтбайқызы ұл болып туылмаса да, ұлға бергісіз істер атқарды. Шындығында қазіргі таңда, ұл мен қыздың қоғамдағы рөлі бірдей деуге болады. Жаугершілік заманда қоғамда ұлдың рөлі жоғары еді: елін қорғап атысу, шабысу, жан беріп, күш көрсетіп мал айдап әкету сияқты әрекеттер ер адамға тән, соларға ғана тиесілі болатын. Ал қазіргі заман басқа: ер адамдардың күшін қажет ететін қырғын соғыстар азайды; бүгінде атыса қалсаң, мылтық кезену әйелге де таңсық емес; қазір әйелдердің көбі темір тұлпарды тізгіндей бастады; қоғамдағы білім, ғылым, медицина, халыққа коммуналдық қызмет көрсету сияқты жұмыстардың басы-қасында әйел адамдар жүр; бүгінде спорттың көптеген түрлерінен сол нәзік жандар бой көрсетіп, әлем жұртшылығын таңдандыра бастады. Бүгінгі таңда шындығын айтқанда, белгілі бір жан ұяға пайда әкеліп, сол жанұяның ыстық-суығына бірдей араласу жағына келгенде, қыздарға тең келетін ұлдар жағы азая бастады. Қыз балалардың бүгінгі бейнесін осылай көрсеткенде, біздің кейіпкеріміз Рая Айтбайқызы болса, бойына әке мен шешенің қасиеттерін бірдей сіңіре білген асылдардың сынығы болып табылады. Оның елмен араласуының өзі ерекше ілтипаттылықты байқатады. Жігіттің үш жұрты бар десе, ондай жұрттар қыздарда да бар ғой... Рая Айтбайқызы сол жұрттарының қай-қайсымен де тіл табысып, дүйім жұрттың ынтымағын ойлап келе жатқан саналы азаматша. Ұлкенді үлкендей, кішіні кішідей түсіне білетін Рая Айтбайқызы ешкімнің ала жібін аттаған емес. Туыс-туған мен бала-шаға, дос-жарандар мен ұжым, алыс-жақын қонақтар арасындағы кездесулерде өзінің орнын білуі, әркімнің қадір-қасиетімен санасуы, сөз саптауы мен өзіндік қошаметі қашан да болса, тал бойына жарасып тұрады. Тіпті оның бойынан ақыл айту мен біреуді бағалауға келгенде ерекше сабырлылық пен салмақтылықтың тамаша үлгілерін сезіп отырасың. Оның орынды айтылған әр сөзінің астарынан аса тәрбиелі адамның көрегенділігін қиналмай табасың және ол сөздердің бәрі оның кісілік табиғатымен үндесіп, тұла бойына жарасып тұрады.

Әйел адам ретінде оның үйді ұстай білу шеберлігі мен тамақ жасау өнерін, сондай-ақ қонақ күту өресін айтсақ, бұлардың бәрін бір сөйлемге сидырып айтудың өзі мүмкін емес. Сонда да болса, сол қасиеттерін жеткізер болсақ, үйдегі заттардың өз үйлесімін табуы мен дастарханға дәмді тағамдарды орналастыруына келсек, бұндай нәрселер талғамы өте жоғары нағыз шебер де асқан өнерлі адамның ғана қолынан келетіндігінің еріксіз куәсі боласың. Отырған үйінде артық заттың болмауы және олардың керемет үйлесімділігі сенің бойыңа қашанда сергектік сезім ұялатып, өзінді құрметті қонақ ретінде танысың да келген адамдармен сондай деңгейде араласуға талпынасың. Себебі, әкелінген тағамдардың қайсысы болсын тілінді үйіріп әкетеді. Рая жеңгеміздің шай демдеуінің өзін де бейне бір жыр ғып жеткізуге болады: қызыл шай, көк шай, қою шай, қалампыр қосқан шай деймісің, бұлардың да бәрі өз бабымен жасалып, сәнімен демделіп, өзінің иелерін оп-оңай тауып жатады. Өлгі буы бұрқыраған шайды ішкен қонақтар да, оны ішкен сайын ширығып, әңгімелерінің жарасымы кіргенін байқамай да қалады. Осылайша шын пейілімен әзірленген дәмді тамақтарды жеп, маңдай жіпсітетін шайға қанған қонақтар жеңгемізге шексіз ризашылығын білдіріп тарасқанын талай көріп келеміз...

Т.А. Кульгильдинова¹

*¹д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
ито@ablaikhan.kz
Алматы, Казахстан*

КАТЕГОРИАЛЬНАЯ СУЩНОСТЬ МЕЖКУЛЬТУРНО-КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

Аннотация

В статье рассматривается понятие межкультурно-коммуникативной компетенции как отражение комплексной сущности иноязычного образования личности, характеризующейся как наличием определенных знаний, так и навыков их использования. Наибольший интерес автор уделяет третьему типу отношений по взаимодействию и взаимообогащению культур, готовности к межличностному и межнациональному общению. Это обусловлено необходимостью формирования не только знаниевого и содержательного компонентов в общении, но также владения универсальными навыками и компетенциями.

Также в работе рассматриваются содержание и структура межкультурной коммуникативной компетенции, которая реализуется посредством четырех видов речевой деятельности. Межкультурно-коммуникативная компетенция – неотъемлемая часть структурной работы инофилолога. Она сегодня позволяет достаточно эффективно искать, создавать и использовать различную информацию во всех сферах жизни современного общества на разных языках.

Ключевые слова: компетенция, диалог культур, межкультурная коммуникация, межкультурная коммуникативная компетенция, межкультурные контакты

Т.А. Кульгильдинова¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры,

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ-КОММУНИКАТИВТІ КОМПЕТЕНЦИЯНЫҢ КАТЕГОРИАЛДЫҚ МӘНІ

Аңдатпа

Мақалада мәдениет аралық-коммуникативтік біліктіліктік түсінігі-тұлғаның шет тілі білімінің кешенді жиынтығы, тілді пайдалану белгілі және тәжірибесімен сиппаталады. Автор үшінші тип бойынша қатынасқа, мәдиеннетті өзара дамыту іс-қимылы мен өзара байытуға, жеке тұлғалар мен ұлтаралық қатынасқа көптеген қызығушылық танытады. Бұл тек қарым-қатынастағы білімді және мазмұнды құрылымдарды қалыптастырумен ғана емес, сонымен қатар жан-жақты дағдылар мен компетенцияларды меңгеру қажеттілігімен ұштасады. Осы жұмыста дауыс қызметінің төрт түрі арқылы іске асырылатын мәдениет аралық-коммуникативтік біліктіліктің мазмұны мен құрылым қаралады. Мәдениетаралық коммуникативті компетенция шетел тілі филологының жүйелі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі уақытта ол әр түрлі тілде заманауи қоғамның барлық аясында түрлі ақпаратты жеткілікті түрде нәтижелі іздеуге, құруға және қолдануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: құзыреттілік, мәдениеттердің диалогы, мәдениетаралық қарым-қатынас, мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік, мәдениетаралық байланыстар

Т.А. Kulgildinova¹

*¹d.p.s., professor of the Kazakh University of International Relations and
World Languages after Ablai khan*

CATEGORIAL ESSENCE OF INTERCULTURAL-COMMUNICATIVE COMPETENCE

Abstract

The article deals with the concept of intercultural-communicative competence as a reflection of the complex essence of a person's foreign language education characterized by both the presence of certain knowledge and the skills of using them. The author pays the greatest interest to the third type of relations on interaction and mutual enrichment of cultures, readiness for interpersonal and interethnic communication. It is based on the need to form not only knowledge and meaningful components in communication, but also the possession of universal skills and

competencies. Also, the work considers the content and structure of intercultural communicative competence, which is realized through four types of speech activity. Intercultural communicative competence is an integral part of the structural work of a foreign-language philologist. Today it allows us to search effectively enough, create and use various information in all spheres of modern society in different languages.

Keywords: competence, dialogue of cultures, intercultural communication, intercultural communicative competence, intercultural contacts

Условия открытого общества в Казахстане, создание нового социально-культурного пространства вызвали изменения не только в экономической и политической сферах общества, но и в социокультурном контексте изучения иностранных языков. В этих условиях иностранный язык, являясь способом межкультурного общения и самореализации во внешнем мире, становится реально востребованным в жизни и деятельности человека. Соответственно, значительно возрастает статус иностранного языка как учебной дисциплины, что ведет к переосмыслению и радикальному обновлению целей и содержания иноязычного образования.

Одна из характерных особенностей иноязычного образования в современный период – акцентирование понятия компетенции. Оно отражает системный характер овладения языком как аккумулятором культурных ценностей, сложным и богатым по смысловым и выразительным возможностям. Основной целью иноязычного образования становится развитие необходимого для межкультурного общения уровня коммуникативной компетенции при одновременном развитии личности человека, способной как к дальнейшему самообразованию в изучении иностранных языков, так и к использованию полученных знаний для решения важных жизненных проблем. Развитие личности средствами иностранного языка в современных условиях направлено в первую очередь на развитие языковой и речевой компетенции, на культурное обогащение по принципу расширяющегося круга культур, формирование представления о диалоге культур как безальтернативной форме жизни в современном мире. Понятие межкультурно-коммуникативной компетенции отражает комплексную сущность иноязычного образования личности и характеризуется как наличием определенных знаний, так и навыков их использования.

Развитие у учащихся способности использовать иностранный язык как инструмент общения в контексте диалога культур в наибольшей степени соответствует требованиям современного общества, что зафиксировано в документах разного уровня (документы Совета по культурному сотрудничеству Совета Европы; Концепция развития иноязычного образования в Республике Казахстан).

Одним из центральных понятий иноязычного образования при рассмотрении условий и результатов становления и развития субъекта межкультурной коммуникации является понятие компетенции. Данное понятие вошло в программные документы, регулирующие иноязычное образование на разных уровнях.

Соотнесение определений компетенции, данное в различных словарях, позволило выявить разноплановость этого понятия, представленного следующими областями: а) знания; б) права (полномочия). Компетенция (от лат. *Competo* – добиваюсь, соответствую, подхожу) в Советском энциклопедическом словаре (1982 г.) определяется следующим образом: 1) как круг полномочий, предоставленных законом, уставом или иным актом конкретному органу или должностному лицу; 2) знания и опыт в той или иной области.

В Словаре иностранных слов (1988 г.) и Словаре русского языка С.И. Ожегова (1991 г.) приводятся идентичные дефиниции компетенции: 1) круг вопросов, в которых кто-либо хорошо осведомлен; 2) круг чьих-то полномочий, прав.

Компетенция, согласно общим определениям, ограничивается одной областью и раскрывается как обладание знаниями, позволяющими судить о чем-либо. Обращаясь к понятию компетенции как основополагающему в характеристике компетентного носителя языка, под ней понимают «совокупность знаний, умений и навыков, которые обеспечивают владение языком». Рассмотрение данного понятия традиционно осуществляется через призму когнитивной парадигмы в обучении иностранным языкам.

Следует отметить, что понятие «компетенция», являясь характерным для лингводидактики, в последнее 10-летие активно вошло в понятийное поле общей педагогики (прежде всего при рассмотрении различных направлений общего и профессионального образования).

Анализ научной литературы показал, что если ранее внимание исследователей в основном

концентрировалось на формировании знаний, умений и навыков в рамках коммуникативной компетенции, то теперь все больше авторов обращают внимание на тот факт, что овладение иностранным языком есть, прежде всего, приобщение к иной культуре, овладение новым социокультурным содержанием, межкультурной компетенцией. Появление новой концепции в обучении иностранным языкам основывается на теоретических положениях межкультурной коммуникации, под которой понимается «процесс общения (вербального и невербального) между коммуникантами, являющимися носителями разных культур и языков, или иначе – совокупность специфических процессов взаимодействия людей, принадлежащих к разным культурам и языкам».

Как показывают исследования М.С. Кагана, между культурами может быть три типа отношений:

- отношение одной культуры к другой как некоему объекту, в результате наблюдается чисто утилитарное отношение одной культуры к другой;
- отношения неприятия одной культуры другой;
- отношения взаимодействия и взаимообогащения культур, т.е. отношения культур друг к другу как к равноправным субъектам.

Именно третий тип отношений представляет для нас наибольший интерес, поскольку «способствует развитию социокультурного понимания, принадлежности к национальному и мировому сообществу и готовности к межличностному и межнациональному общению. Каган М.С. определяет третий тип отношений между культурами как «диалог культур» [1, с. 22].

Выделение типологических свойств межкультурной компетенции, ее содержания и структуры проводится В.П. Фурмановой на основе культурологических гипотез и теорий коммуникации [2, 124 с.].

1. «Межкультурная компетенция – это взаимодействие культур, осуществляемое в определенном пространстве и во времени».
2. «Межкультурная компетенция – это взаимодействие культур, при котором они вступают в диалог, и происходит их актуализация, в результате которой проявляется общечеловеческое и специфическое каждой культуры как системы».
3. «Межкультурная компетенция – это взаимодействие культур, которое получает свою экстерииоризацию через язык и вербальное содержание, создающее специфическую картину мира».
4. «Межкультурная компетенция – это взаимодействие культур, эксплицирующих тип личности, несущей конкретное историческое содержание той или иной эпохи и позволяющий осмыслить временные ценности и глубинную человеческую сущность».

Анализируя развитие понятия «межкультурная компетенция», необходимо отметить, что если ранее оно распространялось лишь на языковой материал и иноязычные реалии, то в настоящее время его рамки существенно расширились. В современной трактовке межкультурная компетенция предполагает владение этнографической, паралингвистической, языковой информацией, а также информацией о специфике национального образа коммуниканта.

Хайд М. отмечает, что для формирования межкультурной компетенции требуется совокупность умений, затрагивающих как когнитивную, так и аффективную и поведенческую сферы человека, поскольку он должен осознавать различия между культурами, научиться понимать культурные корни негативной реакции носителей языка и преодолевать эту реакцию, освоить правила поведения и употребления языка, которые способствовали бы более успешному общению [3, с. 7-11].

Поскольку межкультурное общение детерминировано различными социальными сферами коммуникации, то естественно, большинство межкультурных контактов происходит между партнерами, характеризующимися однотипными чертами и признаками, которые локализованы примерно в рамках тех же социальных координат в родной культуре каждого из коммуникантов. Общность предмета позволяет партнерам из разных культур понять друг друга. Эта особая форма социальных отношений между представителями различных культур представляет собой «интеркультуру», границы которой очерчены определенной предметной областью.

Понятие межкультурной компетенции отражает комплексный характер языкового знания, состоящего из разных компетенций. Эта специфика учтена в целом ряде документов: а) стратегического характера, отражающих общемировые задачи и тенденции в лингвистическом образовании, б) программно-методического характера. Отличительная особенность современных отечественных документов, определяющих цели и содержание иноязычного образования – соответствие общеевропейским стандартам и установкам. Наиболее ярко они представлены в документах Совета по культурному сотрудничеству Совета Европы.

Содержание межкультурно-коммуникативной компетенции реализуется посредством четырех видов речевой деятельности – говорения, аудирования, чтения, письма, что вполне соответствует традициям иноязычного образования. Понятие межкультурно-коммуникативной компетенции показывает, что успешность данного вида коммуникации зависит не только от знания грамматических структур изучаемого языка, лексических, семантических и фонологических особенностей построения высказывания, но и умения использовать эти знания в конкретной ситуации общения. В этой связи встает необходимость изучения норм коммуникативного поведения, зависящего от культуры и исторических традиций страны изучаемого языка, этико-узуальных форм речи, характерных для различных сфер и ситуаций общения, стратегических умений и навыков выбора необходимого материала для выполнения различных коммуникативных задач. Таким образом, формирование межкультурно-коммуникативной компетенции представляется сложным процессом, имеющим целью осуществление коммуникативных потребностей личности и задач, возникающих перед ней в каждой конкретной ситуации общения.

Предметное содержание модели общения на формирование межкультурно-коммуникативной компетенции отражается компонентным составом когнитивно-лингвокультурологическим комплексом (КЛК) как единый обучающий блок [4, с. 181]:

- 1) Типовые коммуникативные сферы.
- 2) Состав тематико-текстовых единств.
- 3) Состав типовых ситуаций и их моделируемые варианты.
- 4) Состав коммуникативно-ориентированных заданий.

«Приближение к уровню общекультурной компетенции носителя языка, по причине культурных различий невозможно и, более того, – считает М.Байрам, – не нужно. То, что действительно нужно обучаемому, – это быть посредником между представителями различных культур, полноправным участником диалога культур» [5, 117 с.].

В структуру межкультурной компетенции он включает:

- знания обо всех компонентах культуры своей страны и аналогичные знания о культуре партнера по межкультурному общению, а также о закономерностях их взаимодействия на индивидуальном и социальном уровнях;

- умения воспринимать различные факты и события иноязычной культуры и соотносить их с родной культурой с целью выявления возможных «зон» недопонимания или потенциальных конфликтов (рецептивные межкультурные умения);

- умения интерпретировать иноязычную культуру (в культурно различных и культурно схожих языковых средах), овладевать принятыми в изучаемой культуре поведенческими стереотипами, преодолевать непонимание, выступать в роли культурного посредника (продуктивные межкультурные умения);

- желание и готовность вступать в межкультурный контакт, способности к установлению отношений непредвзятости, открытости и заинтересованности друг в друге, желание и готовность бороться с культуроведческими искажениями и иллюзиями.

Таким образом, иноязычное образование, которое направлено не только на изучение отдельных аспектов иностранного языка, но и на вовлечение учащихся в мировой процесс культурного взаимодействия, способствует формированию у учащихся чуткого отношения и интереса к феноменам иной ментальности, повышению мотивации, стимулирует их к проявлению собственной, умственной, речемыслительной, творческой активностей.

Список использованной литературы:

- 1 Солонина Ю.Н., Каган М.С. *Культурология: Учебник.* – М. : Высшее образование, 2007. – 566 с.
- 2 Фурманова В.П. *Межкультурная коммуникация и лингвокультуроведение в теории и практике обучения иностранному языку.* – Саранск: Изд-во Морд. ун-та, 1993. – 124 с.
- 3 Hyde M. *Intercultural competence in English language education // Modern English Teacher. Vol. 7, 1998.* – №2. – P.7-11.
- 4 Кунанбаева С.С. *Современное иноязычное образование: методология и теории.* – Алматы, 2005. – 264 с.
- 5 Bayram M. and Esarte-Sarries V. *Investigating Cultural Studies in Foreign Lan/Современные культуроведческие подходы к обучению... ВЕСТНИК ВГУ: Серия лингвистика и межкультурная коммуникация, 2001.* – №2.
- 6 Фурманова В.П. *Межкультурная коммуникация и культурно-языковая прагматика в теории и практике преподавания иностранного языка: автореф. дис. ... д-ра пед. наук.* – М., 1994. – 58 с.

ҚҰТТЫҚТАУЛАР
ПОЗДРАВЛЕНИЯ



Джанабаева Рая Айтбайқызы 1947 жылы 12 қарашада Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Байқадам ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын биология-география мамандығы бойынша бітірген. 1973 жылы жаратылыстану факультетінде физикалық география кафедрасының аға лаборанты және сыртқы білім беру әдіскері қызметтерін атқарған. 1982 жылы Педагогика кафедрасына оқытушылық қызметке орналасты.

Ұстаздық жұмыс өтілі - 47 жыл, оның ішінде педагогика кафедрасында педагогикалық жұмыс өтілі – 36 жыл. 1990 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Қазақстандағы кәсіптік техникалық білім берудің тууы мен дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертацияны сәтті қорғады. 2007 жылы «Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Көптеген жылдар бойы ол кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау кеңесі бойынша ҚРЖАК кеңес мүшесі болды. 100-ге тарта ғылыми еңбектері жарық көрді. Оның ішінде 1 монография, 3 оқу құралы, 30 оқу-әдістемелік құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ-дің педагогика кафедрасының авторлық ұжымы дайындаған «Мәңгілік Ел» оқулығының авторларының бірі (2015ж). Джанабаева Рая Айтбайқызының ғылыми еңбектері тек Республикада ғана емес, алыс және жақын шетелдерде (импакт-фактор, Германия, Франция, Англия, Чехия) жарық көрген. Ол педагогикалық ғылымының дамуына, республикадағы орта және жоғары оқу орындары үшін ғылыми – педагогикалық кадр дайындау ісіне айтарлықтай үлес қосты. Оның жетекшілігімен 1 кандидаттық, 1 докторлық PhD диссертация қорғалды.

Джанабаева Рая Айтбайқызының жетекшілігімен көптеген жаңашыл бастамалар іске асырылды. Жаратылыстану факультетінде 40 жылдан астам «Кел қыздар, сырласайық», «Қырмызы қыздар-ай» үйірмелеріне ғылыми жетекшілік жасады.

Джанабаева Рая Айтбайқызының ішкі мәдениеті, кәсіпқойлығы, ғылыми қызығушылықтарының ауқымдылығы, демократизмі, әріптестеріне деген адами ізгі қарым-қатынасы, әрбір кафедра мүшесінің, магистранттардың, докторанттардың кәсіптік-педагогикалық және тұлғалық өсуіне деген қамқорлығы ерекше.

Кафедра ұжымында ол қашанда ЖОО басшылығының және барша университет ұжымының биік құрметіне бөленіп, лайықты бедел-абыройға ие бола білді. 2008 жылы университеттің 80 жылдығына байланысты «Ғылымға қосқан үлесі үшін» атты медальмен, 2012 жылы «Үздік ұстаз» төсбелгісімен, 2013 жылы университеттің 85 жылдық мерейтойына байланысты «Құрметті қызметкер» төсбелгісімен марапатталды.

***Қадірлі, Рая Айтбайқызы, сізді 70 жылдық мерейтойыңызбен құттықтаймыз!
Зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз!***

Ректорат және педагогика кафедрасының ұжымы



Иманбаева Сәуле Тохтарқызы 1957 жылы 13 қыркүйекте Алматы облысы, Алакөл ауданы, Ушарал қаласында дүниеге келген. 1978 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. Алғашқы еңбек жолын 1978 жылы Алматы облысы, Алакөл ауданы, Қазақстан және Обуховка орта мектептерінде математика пәнінің мұғалімі болып бастады. 1986-2002 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин атындағы ПФҒЗИ-да «Информатиканы оқыту әдістемесі», «Тәрбие теориясы және әдістемесі» лабораторияларында ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер міндеттерін атқарды. Аталған ғылыми зерттеу институтының «Педагогика теориясы және тарихы» мамандығы бойынша күндізгі бөлімнің аспирантурасын бітірді.

Иманбаева Сауле Тохтарқызы қандай лауазымды қызмет болмасын абыроймен атқарды. Ол, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайында ғалым-хатшы, Ақтау қаласы Маңғыстау Болашақ институтының оқу және ғылыми істері жөніндегі проректоры, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқу-әдістемелік бөлім меңгерушісі, педагогика-психология факультетінің деканы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. Қазіргі таңда Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Педагогика» кафедрасының профессоры.

Сауле Тохтарқызы студенттерге арналған бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының жазуға ат салысты: **Педагогика** (Ш.Таубаева, А.Е. Берікхановамен авторлық бірлестікте). **Педагогика тарихы** (Ш.К. Беркімбаева, К.Құнантаева, К.Ж. Қожахметова, С.Қ. Қалиев, Л.К. Керімов, Ш.Майғаранова, Ш.Таубаевамен авторлық бірлестікте). **Әлеуметтік педагогика** (Ш.К. Беркімбаева, Л.В. Мардахаев, Ш.Таубаева, Ш.Майғаранова, Л.Ө. Тастемірова, Ғ.А. Абаева, Ш.Ж. Колумбаевамен авторлық бірлестікте). **Мәңгілік ел** (Авторлық бірлестікте). Оқу құралдары: **Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі** (Ш. Майғарановамен авторлық бірлестікте) және **«Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы»** тақырыбындағы монографияның авторы.

Сауле Тохтарқызы ғылыми мамандарды даярлауға да айтарлықтай үлес қосты, ол кісінің жетекшілігімен 1 докторлық (Р&D), 7 кандидаттық диссертация қорғалды.

Сауле Тохтарқызының білім беру саласына қосқан көпжылдық үлесі ескеріліп, Халықаралық педагогикалық білім беру академиясының академигі, КОНКОРД халықаралық академиясының корреспондент-мүшесі (Франция). Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі (1997), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен (2007), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Грамотасымен (2008), Қазақстан Республикасы «Нұр Отан» партиясының Алғыс хатымен (2008), Франция мемлекеті, Халықаралық КОНКОРД академиясы, француз математигі «MARIA AGNESI» (2015) медалімен марапатталды.

***Қадірлі, Сауле Тохтарқызы, сізді 60 жылдық мерейтойыңызбен құттықтаймыз!
Зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз!***

Ректорат және педагогика кафедрасының ұжымы